Мұхтар ШАХАНОВ



ҚОНАЕВПЕН СЫРЛАСУ

("Желтоқсан эпопеясы" атты деректі кітаптан алынған бөлім)

УДК 821.512. 122
ББК 84 Қаз - 7
Ш-31

Ш-31

Шаханов М.
ҚОНАЕВПЕН СЫРЛАСУ: ***«Желтоқсан эпопеясы» атты деректі кітаптан алынған бөлім. – Алматы: «Жалын», 2011. – 160 бет, суретті.***

ISBN 978-601-7286-29-3

Өздеріңізге жеке кітап ретінде ұсынылып отырған "Қонаевпен сырласу" эссесі М.Шахановтың "Желтоқсан эпопеясы" атты, әлі толық жарық көріп үлгермеген, үш томдық деректі шығармалар жинағынан алынды. 1986 жылғы Қазақстанда өткен Желтоқсан көтерілісі туралы айтуға, жазуға тиым салынған кезеңде, КСРО халық депутаттарының I съезінде айтулы оқиғаның қасіретін әлем халықтарының құлағына жеткізген, тіпті КСРО Президенті М.Горбачев "Сенің аузыңды жабуға мүкіндік табамыз!" деп күш көрсеткен шақта да, кейіннен Ресейдің тұңғыш Президенті болған Б.Ельцинді, орыстың ұлы демократ ғалымы А.Сахаровты өз жағына тарта отырып, сол кездегі Горбачев билігімен ашық текетіреске түскен М.Шахановтың бұл кітабында Д.Қонаевтың кейбір азаматтық мінездері, Желтоқсан көтерілісінің жұрт біле бермейтін құпия қырлары сөз болады.

УДК 821:512. 122
ББК 84 Қаз - 7

ISBN 978-601-7286-29-3

© Шаханов М., 2011

ШЫНДЫҚ ПЕН ҚАУЕСЕТ ҚОРШАУЫНДАҒЫ ҚОНАЕВ

Көсемдер кетті.
Бірақ олардың тарихы бізбен бірге...
Дмитрий Волкогонов

Адал адам ешуақытта бай бола алмайды.
Менандр

Тірілерге кейде кешіріммен қараған да жөн шығар, ал, өлген адамдар жөнінде тек ащы шындық айтылуы тиіс.
Вольтер

Кеңес Одағы салтанат құрып тұрған 1917-1991 жылдар ішінде (яғни егеменді ел атағын иеленген Н.Назарбаев дәуіріне дейін) Қазақстанды 22 адам басқарса, соның 4-еуі ғана қазақ ұлтынан екен. Осы басшылар тізімінен Қазақстанда қызмет еткен ұйғыр халқының өкілі Юсуповты шегерер болсақ, сонда Орталықтан жіберілгендердің ұзын саны 17 адамды құрайды. Олардың бәрі де өздерін Қазақстанға гастрольге уақытша келіп кететін халық әртістері секілді сезінді. Ескі қалыптасқан дәстүр бойынша КОКП Орталық комитеті Саяси Бюросы Д.Қонаевты орнынан алып, Қазақстанға 21-ші басшы етіп Г.Колбинді жібергенде ауқымы мен ұлттық арыны жағынан бірде-бір республика теңесе алмайтын, Кеңестер Одағындағы демократиялық қозғалыстардың көшбасшысы атанған, күллі әлемді дүр сілкінткен Желтоқсан оқиғасы – Желтоқсан көтерілісі бұрқ

етті. Сөйтіп, өз басшылығы кезінде Қазақстанда 40-тан астам қала тұрғызған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың абыройы мен беделі оқ пен оттың, жала мен наланың, өртке оранған қалың өсектің ортасында қалып қойды.

Жасыратыны жоқ, Желтоқсан көтерілісіне дейін Қонаев жөнінде екі ұдай ойда жүрген адамның бірі мен едім. Рас, Қонаев қайталанбас дара тұлға. Тұлға болған соң оның озықтығымен жарыса олқылығы да болады. Бірақ, қазіргі бізде қалыптасқан дәстүр бойынша, біреуді мақтасақ, теңеу таппай аспанға шығарамыз да, жамандау мақсаты қойылса, жермен-жексен етеміз. Бұл екі бағыттың да құлы болғым келмегендіктен, шамашарқымша шындық арнасымен жүріп отыруды мақсат тұтқандықтан, алдымен сол тұста Қонаевқа қарата зиялы қауым арасында жиі айтылатын үш өкпе-налаға тоқталғым келеді.

БІРІНШІ ӨКПЕ-НАЛА: Д.А.Қонаев Қазақ республикасы басшылық аппаратында қызмет атқарып тұрған кезеңде республикамызда 700-ден астам қазақ тіліндегі мектептердің жабылуы Кеңестер Одағы жасырын түрде қолдап, қуаттап отырған ұлтсыздандыру, яғни орыстандыру саясатын дамытуға қосқан елеулі үлес еді. Егер Қонаев ұлтжанды адам болса, неге қазақ халқын тікелей жоюға бастайтын осы қадамға, тым құрыса, бір рет ашық қарсылық көрсетпеді?

ЕКІНШІ ӨКПЕ-НАЛА: Көп мәселелер салыстыру арқылы айқындалады. Сол тұста Өзбекстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы, КОКП Орталық комитеті Саяси Бюросы мүшелігіне кандидат Ш.Рашидовтың дәуірлеп тұрған шағында көше, дүкен аттары негізінен өзбек тілінде жазылып, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық деңгейдегі конференция, мәжіліс, жиын атаулының бәрі дерлік өзбек тілінде өтетін. Ал бізде мүлде керісінше жағдай қалыптасқан еді. Бірде қанымды басыма шапшытқан мынадай жағдайға тап болдым. Трамвайда келе жатыр ем, белгілі суретші әрі спорт саңлағы Бексейіт Түлкеев жолыға кетті. Көптен кездеспегендіктен екеуміз одан-бұдан әңгіме өрбіте бастап едік, қасымызда түрегеп тұрған еңгезердей орыс жігіті: «Былшыл сөзді доғарыңыздар! Неге орыс тілінде сөйлеспейсіздер?» – деп дүрсе қоя берді. «Мұныңыз қалай, сонда бізге өз ата-бабамыздың жерінде өз ана тілімізде сөйлесуге де рұқсат жоқ па?» – дегенімде анау: «Болашақта бүкіл Кеңес Одағының халқы бір-ақ тілде – тек орыс тілінде сөйлейтін болады. Біз қазір соған бара жатырмыз. Қаласаңыздар да, қаламасаңыздар да осы!» – деп тісін қышырлатты. Бексейіт ызаланып: «Мұха, мынаның қорлығы

өтіп кетті. Тұмсығын тегістеп жіберсем бе екен?» – деп нарттай қызарып, қызбалана түсіп еді: «Болмайды. Қара күшпен ештеңе шеше алмаймыз. Бұл жігіттің сөзінің негізі қазіргі саясатта жатыр...», – деп Бексейітке басу айттым. Бірақ осы оқиға жатсам да, тұрсам да есімнен кетпей, ой-санамды есеңгіретіп жіберді.

Қазақстанның астанасы – бас қаласы саналатын Алматыда өз ана тілімізде бір ғана мектеп, бір ғана балабақшаның болуы, ұлттық мүдденің қыспақта тұрғанының белгісі еді. Шона Смаханұлы бастаған ақын-жазушыларымыз тыным таппай, талай-талай мекеме есігін қағып жүріп, сол тұста тағы бір мектепті зорға аштырмады ма? Ал Балтық жағалауы республикаларын, немесе өзіміздің ежелгі қоңсымыз Өзбекстанға қараңызшы. Өзбек ағайындар арасында «егер орыс болғың келсе, алдымен қазақ бол» деген әзіл кең қолданылады. Біздің басшыларымыздың ұлттық болмыстан іргені алыс салуды нақ бір осы замандық жетістік ретінде көретіні қалай? Егер Қонаев Өзбекстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Рашидов сияқты ұлттық мүдде мен тілге кең өріс беремін десе, әрине, кедергі кездесері анық. Бірақ Рашидов секілді бір амалын табуға күш салуы керек еді ғой.

Кейінірек, өзім куә болған екі жайт Қонаевқа деген көңіліме тіпті көлеңке түсіріп кетті. Ол – Бауыржан Момышұлы мен Ғабиден Мұстафинді соңғы сапарға аттандырып салуға Димекеңнің келмегендігі. Екеуі де қазақ топырағынан шыққан өз саласындағы дара тұлға емес пе? Баукеңнің басына келмегендігін: «Батыр шәлкес мінезді еді ғой. Бәлкім, қилы-қилы кезеңде тілі тиген шығар», – деп түйдім. Өйткені Бауыржан Момышұлы: «Батыр жау барда сыйлы, би дау барда сыйлы. Маған қолдан берген атақтан қадірімді асырған халқымның ықыласы артық. Тілекте түн болмайды. Құдай риза, мен риза! Мен қасы да жау, досының қасы да жау, қасының досы да жау ер жігіттің бірімін», – деген ойдың жетегіндегі адам. Ал еліміздің қабырғасын қайыстырған екінші үлкен қайғы – Мұстафин қазасына басшы ағамыз неге келмеді? «Бір уыс топырақ салуға жарамағаны қалай?» – дегенімде Ғабит Мүсірепов мені шетке алып шығып: «Ғабиден қазақ тілінің суалып, бағы тайып бара жатқанына ренжіп, Қонаевтың қасындағы бір мықтыға: «Димашқа сәлем айт. Өзінің баласы жоқ болғанмен, жұрттың баласының болашағын ескеруі керек қой», – депті. Сол ауыр сөз құлағына жеткен шығар. Әйтпесе, Ғабиденнің туған інісі

Қонаевпен бірге оқыған. Тіпті ол жағынан да келмей қалуға моральдік құқы жоқ», – деді...

ҮШІНШІ ӨКПЕ-НАЛА: Л.И.Брежнев төңірегіндегі қолдан ұйымдастырылған культ және оның Қазақстанда өзгеше сипат алуы. Ғасырдан ғасыр асып, жылға жыл қосылған сайын жағымпаздықтың «озық» түрлері алға шыға бастады. Сталиннің, Хрущевтің кезіндегі ТЖ-лық, яғни туфли жалаушылық ескіріп, бұл сала мүлде жаңа тәжірибелермен толықты. Бір мысал келтірейін. Л.Брежневтің Киевте Украина Республикасына «Халықтар достығы» орденін тапсыру салтанатында сөйлеген сөзіне жиналған халық 35 рет қол шапалақтап, зор құрмет көрсеткен екен. Мәселен, Ленинның, Сталиннің тіпті Хрущевтің сөздеріне бұл ұзаққа созылған қол шапалақтаулардың үштен бірі де арналмағаны белгілі. Енді сол жылы, яғни 1974-жылдың 15-наурызында Л.Брежневтің Алматыға келіп, тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жылдығына арналған мәжілісте сөйлейтіні айқындалды. Сол кезде Д.Қонаевтың тапсырмасымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология хатшысы Саттар Имашев осы мәселені реттеуге тиісті адамдарды шақырып, қол шапалақтауды қайткен күнде де Украи-

надан екі есе асыруды міндеттейді. Істің қорытындысында Қазақстан Брежневтің ерекше назарын өзіне бұрды. Сөйтіп Бас хатшының аузынан шыққан әр сөйлемге, кей жерлерінде тіпті жарты сөйлем сайын дүркірете 73 рет қол соғылды. Брежневке украиндықтар көрсеткен құрмет «қазақстандықтар махаб-батының» тасасында қалып, жоспар екі есе артығымен орындалды. Бас хатшы: «Казахстан меня любит», – деп кемсеңдеп, көзіне жас ірікті.

Менің Қалекеш Қарағұлов деген досым бар еді. Мамандығы құрылысшы болғанымен, Роза Бағлановаңың қазақша, орысша араластырып шатты-бұтты сөйлегенін, менің қолымды оңды-солды сермеп өлең оқығанымды айна қатесіз келтіретін. Қалекеш жоғарыда аты аталған жиында Қонаевтың Брежневке арнап сөйлеген сөзін дауыс ырғағына, мақамына дейін айнытпай келтіргенде,тыңдағандаркүлкіденжарылып кете жаздайтын. Сол Қалекешті Димекеңге жолықтырғым келді. Бірақ сәті түспеді. Халық айна іспетті. Ал Қалекеш сияқтылар халық өкілі. Билік басындағылардың белгілі мөлшерден ауытқығандарын алдымен солар сезеді.

Желтоқсан оқиғасынан кейін Мәскеуден шығатын «Дружба народов» журналының 1987-жылғы №9 санында Қазақ КСР Ми-

нистрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Исцеление» деген атпен А.Никишинге берген сұхбаты жарияланды. Онда Д.А.Қонаев төңірегіндегі культке байланысты мынадай сын айтылған:

«...Вот оно-то, время, и проверило многих наших руководителей на прочность! В том числе и Кунаева. Протекционизм, упоение властью, самовосхваление – было. Огромные его портреты во всех городах и селах, конторах, школах, вузах – даже в бомбоубежищах! – в какой-то мере отождествляли его имя с судьбой Казахстана. Отсюда безнаказанность, нарушение законности, затушевывание проблем, нарушение норм социальной справедливости...»

Бірде осы үш тармаққа жинақталған сыни ойлардың мағынасын рет-ретімен Қонаевтың өзіне сұрақ ретінде қоюдың сәті түсті. Алдымен мынадай ой айттым:

– Димеке, арамызда шыншыл қатынас орнауы үшін ұзақ жылдар республикамызды басқарған адам ретінде Сізге зиялы қауым өкілдерінің өкпе-наласы негізінде құрылған үш тармақтан тұратын сұрақ бар еді. Соны естігеніңіз жөн шығар. Тек көңіліңізге ауыр алмаңыз. Бірақ өткен – өтті, оны жаңғыртып қайтеміз десеңіз, өзіңіз біліңіз...

– Жоқ, – деді Димекең. – Көңіл кірі айтса кетеді. Мен де пендемін. Сіздің және Сіз сияқты зиялы қауым

өкілдерінің өзім туралы қандай пікірде болғанын білу маған да қажет.

Мен жоғарыда түзілген үш өкпе-наланың мазмұнын көлденең тарттым.

Ол кісі мұндай ауыр сұрақтарды күтпесе керек. Біраз үнсіздіктен соң жинақталған үш сұраққа рет-ретімен жауап қайырды. Кезінде қағазға түсіріп алғаным жақсы болған екен. Сондағы Димекеңнің қайырған уәжі мынау:

БІРІНШІ ӨКПЕ-НАЛАҒА ЖАУАП: Өкінішке қарай, солай болды. Бұдан 300 жылдай бұрын патшалық Ресей дәуірінде жолға қойылған қазақ халқын орыстандыру саясаты Кеңес Одағы кезінде де жүйелі түрде өз жалғасын тапқанын білесіз. Мені ұлтсыз деп ешкім айта алмаса керек. Әр қадамымыз есепте тұрды. Өз ұлтыма болысқаным үшін кейбір саққұлақтар КОКП Орталық Комитетіне бірнеше дүркін үстімнен арыз да түсірді. Көп жағдайда іш қазандай қайнады. Бірақ ойыңды ашық айтуға дәрмен жоқ. Егер қарсылық білдірсем, мені сол сәтінде-ақ қызметтен тайдырар еді де, ұлттық сана, ұлттық мүдде дегендердің иісі мұрнына да бармайтын, тек түрі ғана қазаққа келетін біреуді орныма қонжитар еді. Қайтеміз, сол саясат деңгейінде іс еттік. Бәлкім, заман ағымына сай шектен шыққан интернационалист болған шығармыз. Ол кезде болашақта Кеңес мемлекеті жойы-

лады деген ұғым ешкімнің санасына кіріп шыққан емес. Ал Одақ құрамындағы қазақ халқы сияқты ұлттардың келешекте орыс ұлтына сіңісіп жойылып кетуі тиіс екенін маған бір адам Мәскеу Қауіпсіздік комитеті құпия жоспарының көшірмесін оқытқанда жағамды ұстағанмын. Сондықтан ұлтты сақтап қалуға сеніміміз аз еді. Тіпті ұлтсыздандыруға үлгі ретінде Қазақстан таңдап алынбады ма?! Әйтсе де осы процестің жылдамдығын тежеуге өз қадарымша үлес қостым... Бірақ ол ұзақ әңгіме. Тағы бір реті келгенде баяндармын...

ЕКІНШІ ӨКПЕ-НАЛАҒА ЖАУАП: Мұха, Өзбекстандағы жағдай бізден мүлде басқаша. Өзбекстанға жүз мыңдап, миллиондап басқа ұлттарды көшіріп апарған жоқ, онда тың игеру жорығы болған жоқ, өзбек ұлты өз жерінде біздегідей азшылыққа айналған жоқ... Оның үстіне Қазақстан халықтар достығының лабораториясы екенін ескеріңіз. Жаңа өзіңіз келтірген әңгімедегі Бексейіт екеуіңізге өз ана тілдеріңізде әңгімелесіп тұрғандарыңыз үшін ғана күш көрсеткен орыс жігітіне тоқталалық. Біз осы азаматты мәдениетті адам деп айта аламыз ба? Тіл жойылса – ұлт жойылады. Тілден үлкен ана бар ма, сірә? Әркімге өз ана тілінде сөйлеуге тыйым салу мәдениетсіздік қана емес – зұлымдық. Ендеше осы зұлым ой бүгінгі орыс адамының

санасына қалай бекіді? Кезінде Толстой, Пушкин шырқау биікке көтерген, біздің ғасырымызда Симонов, Паустовский және сіздің досыңыз Евтушенко жалғастырған орыс гуманизмі неге бәсең тарта бастады?

Желтоқсан оқиғасынан көп уақыт бұрын да, кейін де мынадай бір ой жиі мазалап келеді. Неге Қазақстанда тұратын орыс ағайындардың басым көпшілігі ұлы орыстық гуманизмнен жұрдай? Сіздің Орталық басылымда жарық көрген «Национальный вопрос или четыре матери» деген өлеңіңізді мен де оқыдым. Әркімнің өз анасын, өз тілін сыйлау арқылы ғана басқа анаға, басқа тілге үлкен құрметпен қарай алатындығын жоққа шығаратын кім бар? Ендеше, неге олар бұл бейшара қазақ халқының да өз ана тілі бар, сондықтан қазақтар өз ата-бабасының тілінде сөйлеп қана қоймай, оны сақтауы, дамытуы керек-ау деп ойламайды? Бір аңғарғаным, Қазақстандағы орыстар Мәскеудегі орыстардан өзгешелеу, негізінен шовинистік рухта тәрбиеленгендер. Бұл пікірімді мен тұңғыш рет сізге ғана айтып отырмын. Және бұл үш ғасыр бойына жүргізіліп келе жатқан орыстандыру саясатының әсері екені даусыз. Қазақ жеріне бұрын келген орыс ағайындардың және кейін қоныстанғандардың да психологиясы неге

шектен тыс шікәмшіл? Кеңес Одағы кезінде біз мұны айта алмадық.

Сізге мынадай фактіні көлденең тартайын. Мені орнымнан тайдырған соң ілешала, 1986-жылдың 23-желтоқсанында, Қазақстанға КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі Соломенцев келіп, барлық Облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшыларын қатыстыра отырып жиналыс өткізбеді ме? Сонда ол: «Бұрын Алматыда тұратын қазақтар 18 пайыз, тіпті одан да төмен еді. Бүгінде ол қалайша 20 пайызға дейін өсіп кеткен?» – деп байбалам салды ғой. Ол кезеңде қазақ ұлтының өкілдеріне Алматыға қоныс аудару үшін арнайы рұқсат қажет еді. Бұл Орталықтың жасырын жарлықтарының бірі. Ал Сібірден бірнеше жыл ішінде көшіп келген 600 мыңдай орыс ағайындар бұл тосқауылды оп-оңай аттап өтіп, Алматыға қалай орналасты? Ұлттық дамудың қандай қыспақта қалғанын өзіңіз шамалай беріңіз. Атағымыз аспандап тұрған басшы болсақ та, осы процеске қарсы ештеңе жасай алмадық қой... Егеменді ел атанған бүгінгі дәуірде де ескі ағым, ескі бағыт ұзақ жылдар бойына жалғаса ма деген қаупім жоқ емес. Ұлттық мүдде тұрғысынан келгенде, ендігі үмітім сізде, сіз сияқты зиялы қауым өкілдерінде. Біз біттік... Ал Момышұлына, Мұстафинге

байланысты сын-пікірлерді мойындаймын. Сол кезде әлдекімдердің пышың-пышың сөздері арнадан тайдырды және өзімнің пенделігімнің де алға шығып кеткені рас...

ҮШІНШІ ӨКПЕ-НАЛАҒА ЖАУАП: Егер ел басшысы айналасындағылардың мадақ пен мақтауына сәл-пәл ықылас танытса болды, оны биліктің жоғары, төменгі сатысындағылар бірден сезе қояды. Жер барып хабарламасын, Брежнев осы мәселеде осалдық танытты. Билік басындағылар оның бұл осалдығын өзінше пайдалана бастады. Біз де қарап қалмадық. Нәтижеде жаман болды ма? Брежнев Қазақстаннан ештеңе аяған жоқ. Сұрағанымызды түгел берді...

Ал енді менің төңірегімдегі культке келетін болсақ, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі ретінде өзге мүшелермен қатар Кеңестер Одағының барлық республика, облыс, қала орталықтарында менің де суретім ілулі тұрды. Ал Қазақстанда жеке суреттерімді кейбіреулер маған жағымпазданудың құралы еткен де шығар. Бірақ мен бірнеше дүркін облыс басшыларына бұл туралы ескерту жасадым... Бәлкім, кей тұста пенделігім басып кеткен де шығар... Мойындаймын.

Жағымпаздық Брежнев дәуірімен бітті деп ойламайтын шығарсыз. Қазір елімізде

Президенттік басқару жүйесі іске кірісті. Біздің кезімізде партия басшылығында бюро мүшелері және әр саланың өз хатшылары бар еді. Көбінде формальды түрде болса да ой-пікір айтылып тұратын. Қазір елді бір-ақ адам басқарады. Енді он-он бес жылдан кейін көрерсіздер... Менің осы сөзімді есіңізге ұстауға тырысыңыз. Сол кезде Брежнев дәуіріне жылап көрісулеріңіз ғажап емес...

Жадыңызда ма, «Өтті дәурен осылай» деген естелік кітабымды жазумен шұғылданып жүрген кезімде сіз маған: «Брежневтің жетістігімен қатар кемшілігіне де кеңірек тоқталыңыз», – деп кеңес бердіңіз. Бірақ мен олай ете алмадым. Кейіннен сіз ренжіген кейіп таныттыңыз. Олай ете алмаған себебімді айтайын. Рас, мен Леонид Ильичпен өте жақын, тіпті бауырластық қатынаста болдым. Бірақ ол кісіге: «Сіз мынадай-мынадай кемшілік жібердіңіз», – деп ешқашан да айтқан емеспін. Енді бүгін оның көзі жоқ кезде, «олай ету керек еді, былай ету керек еді» деп данышпансып қайтемін. Әрі ол азаматтыққа да жатпаса керек. Сондықтан әр оқиғаны сол қоспасыз күйінде қағазға түсіруге тырыстым. Ал басқалар жазамын десе, оған кім кедергі? Өз басым өткен шағыма өзгеріс ендіре алмаймын. Кемшілігімді тонналап өлшеуге

болар. Көп мәселеге ерлігіміздің жетпегені де рас. Енді тіршіліктен осы болмысыммен аттанамын, Мұха...

– Бәрекелді, Димеке, – дедім күлімдеп. – Ауыр сұрақтарды алға тартсам да, ақталуға тырыспағандығыңыз ұнады...

Екеуміз үнсіз қоштастық.

Сол жылдары қан қысымым жиі-жиі көтеріле берген соң дәрігердің кеңесі бойынша күнде түскі үзіліс кезінде жұмыстан үйге келіп, бір сағат көз шырымын алуды әдетке айналдырып алғанмын. Бір күні түсте көзім ілініп кеткен екен, анам жұлқылап оятты.

– Мұхтар, – деді ол – жаңа Димекең Қонаев тлипан соқты. – Сені «ұйықтап жатыр, қазір оятайын» дегенімде, «жоқ, мазаламаңыз, жеңгей, кейін хабарласайын» деп тлипанды қойып қойды. Үлкен адам ғой. Ұйқыңды кейін жалғарсың. Қазір ол кісіге өзің тлипан соқ! – деп бұйыра сөйледі.

Димекеңе хабарласып едім:

– Қап, бекер болған екен. Байқауымша, жеңгей сізді оятып жіберген-ау шамасы, – деп өкініш білдірді.

Димекеңнің бір ерекшелігі, еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін «Сіз» деп тіл қататын.

– Мұха, кешкілік уақытыңыз бос па? – деді.

– Бос. Бәлкім, біздің үйде отырып шай ішерміз...

– Жоқ, Мұха, сол шайды бүгін біздің үйден ішсек...

– Болсын!

Кешкілік Димекеңнің үйіне соқсам, кітапхана бөлмесіндегі бұрышқа бірнеше кітапты үйіп қойыпты.

Байқауымша, әдейі іріктеген сияқты. Амандық-саулықтан соң сол кітаптарға қарай бұрылдық.

– Мынаның барлығы да Сіздің қаламдас ағаларыңыздың маған сый ретінде ұсынған кітаптары. Бір жақсысы, қазіргі билік бұл кітаптарды пара ретінде алды деп мені кінәлай алмаса керек. Әйтпесе әлдеқашан сотқа шақырар еді, – деп Димекең өзін соңғы кезде заң қызметкерлері жиі-жиі мазалап жүргендігін де аңғартып өтті. – Мұха, құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнар дегендей, осы ағаларыңыздың жұлдызым жанып тұрған кезінде маған арнаған сөздерін оқыңызшы. Мәселен, мынау Әнуар Әлімжанов деген ағаңыздың кітабы. Ұмытпасам, бір кезде Сіз оны мақтап жаздыңыз. Мен де оны Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының бірінші хатшылығына көтердім. Қалай орнын Олжас басып еді, маған жауығып шыға келді. «Великому наставнику» деп бастаған мына қолтаңбасына назар аударыңызшы. Қалай қызметімнен түсіп едім, бағзы пікір-бағасынан кілт айнып шыға келді. Ал мынау Әлжаппар Әбішев деген ағаңыз. Бұл кісі де қолтаңбасын «Қазақтың ұлы тұлғасына» деп бастапты. Кезінде осы ағаңызға өзім тұрған үйді қалдырып едім. Сол кезде «бұл жақсылығыңызды екі дүниеде де ұмытпаймын» деп көзіне жас іркіп еді. Пікірін о дүние түгілі, осы дүниенің өзінде өзгертіп шыға келді. Біреулердің маған жеткізген әңгімесіне қарағанда, ақсақал жазушымыз Колбинге кіріп: «Мен сіздің келуіңізді 25 жыл күттім», – депті. Яғни Қазақстанды мен басқарып тұрған соңғы 25 жылда бұл кісі көп азап шеккен сыңайлы. Мынау Қалтай деген ағаңыз...

– Димеке, – дедім мен әңгімесін бөліп. – 1989-жылы Кремльдің Съездер сарайында Желтоқсан оқиғасын көтерген шағымда Әлжаппар ағамыз маған да ерекше «назар» аударып, менің үстімнен Горбачевқа көлемі бір жарым парақ келетін жеделхат (телеграмма) жолдапты. «Қазақстанда Желтоқсан оқиғасына байланысты проблема жоқ. Кінәлі адамдардың бәрі әділетті жаза алды. Оны қайта көтерудің ешқандай қисыны жоқ еді. Шахановтың мұнысы қып-қызыл ұлтшылдық. Сондықтан оны депутаттықтан аластатып, жазалау керек», – депті. Кейіннен білдім, жеделхат тікелей Колбиннің тапсырмасымен ұйымдастырылыпты. Бұл құпияны маған орталық поштада істейтін екі қызметкер әйел келіп, жасырын түрде жеткізді. Сөйтіп, ағамыздың «шапағаты» маған да тиген. Меніңше, ондайларға өкпелеудің өзі артық.

– Бәлкім, Сіздікі дұрыс шығар, – деді Қонаев. – Қазақ халқы ондай адамдарға кенде болмаған. Өкпелемегеніміз өзімізге де тиімді сияқты.

– 70-ші жылдардың орта шенінде Райымбек Сейітметовтің режиссерлігімен «Махаббат заңы» атты поэзиялық шығармам Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылды, – деп әңгімемді жалғадым мен. – Жастардың көп жиналғаны соншалық, билет жетпей, сыртта қалып қойғандар театрдың үш темір есігін сындырып жіберді. Бірнеше жүз адам спектакльді табанынан тік тұрып көрді. Ол кезең қазақ поэзиясына деген ынта мен ықыластың шырқау биікке көтерілген шағы еді. Әсіресе студент-жастардың менің жырларымды жатқа оқуы модаға айналған кез. Спектакльдегі

басты роль – ақын ролінде ұлтымыздың біртуар дара актері, кейбір күрделі поэмаларымды да жатқа соғатын Әнуарбек Молдабековтің ойнауы ерекше ажар қосты. Қалың жұрттың арасынан Әлжаппар ағамызды да көрдім. Қолымды қысып тұрып: «Мұхтаржан, мен сенің ұлы аттасың Мұхтар Әуезовпен де бірлесіп пьеса жазғанмын. Енді бүгінгі жас ұрпақтың Мұхтары сенімен де бір драманы бірлесіп жазсам деген ойым бар», – деді. Кейіннен ол кісі менің «Қыран тағдыры» деген балладамның негізінде қағазға түсірген драманың жобасын да ұсынды. Бірақ ақсақалмен бірлесіп қалам тартуға ықыласым болмады. Ақырында маған деген өкпе-наласы Горбачевқа жолданған жеделхатқа ұласты...

– Иә, ол кісінің Мұхтар Әуезовпен бірлесіп драма жазғаны бар, – деді ұзақ үнсіздіктен соң Димекең. – Бірақ Мұхаң маған ол қадамға өзін қорғау үшін амалсыз барғанын айтып еді. МҚК-нің мұражайында сіздер білмейтін құпиялар аз болмаса керек... Жә, енді Әбішев жөніндегі әңгімені доғарып Әлімжановқа көшсек.

– Менің Әлімжановқа ерекше риза болғаным, бұрын мүлде ескерусіз жатқан ұлы бабамыз Әбунасыр әл Фарабидің 1110 жылдығын өткізіп, оған әлем назарын аударуға күш салғандығы, – дедім мен. – Одан өзге Азия, Африка жазушыларының конференциясын Қазақстанда өткізуге мұрындық болды. Жалпы, бұл саладағы еңбектері меніңше, атап өтуге тұрарлық. Бірақ Желтоқсан оқиғасынан соң іле-шала «Литературная газетаға» жазған мақаласында өзін тудырған қазақ ұлтын мандайдан аямай соқты.

Мен Димекеңе Әлімжанов мақаласының мазмұнын қысқаша баяндап шықтым. Егер сол сарғайған газет тігіндісін ақтарсақ, алаңға шыққан жастарға рухсыз тас атқан мынадай пікірлерге кезігер едік:

«Люди пытаются разобраться: что же произошло в Алма-Ате 17-18 декабря? В чем причина этих событий?

Все началось наутро после очередного пленума ЦК Компартии Казахстана. Можно с полным основанием утверждать; его решения были приняты подавляющим большинством коммунистов, трудящихся республики как обоснованные, правомерные... Появились националистические лозунги, извлеченные из самых мрачных глубин истории, отброшенные и перечеркнутые самой жизнью. К толпе примкнули хулиганы, пьяницы и другие антиобщественные лица. Разгулявшиеся дебоширы, вооружившись металлическими стержнями, палками, камнями, избивали и оскорбляли граждан, опрокидывали и поджигали автомобиля, разбивали стекла в магазинах, общежитиях и других общественных зданиях...

Казахский народ всегда глубоко сознавал цену дружбы с другими народами. Еще 255 лет назад он сам добровольно заявил о своем присоединении к России. И тогда же, во второй половине XYII и начале XYIII веха великий бард степи Бухар-жырау, проживший на свете почти

век, прославившийся не только умом, талантом, справедливостью, бесстрашием, но и бескорыстием, человек, которого не смели ослушаться ни ханы, ни султаны, любимец народа завещал нам хранить чистоту помыслов и беречь духовное родство с русским. Это завет истории, это наша память, память целого народа...

Пишу обо всем этом и никак не могу уйти от навязчивой мысли: «Да, все это зерно. Обо всем этом говорилось и писалось не раз. Но почему же суфлеры событий и 18 декабря решили посягнуть на нашу святыню?»

Где истоки зла?..

В республике не велась настойчивая борьба с хулиганством, пьянством, алкоголизмом, наркоманией, особенно среди несовершеннолетних...

Я верю, глубоко убежден, придет час, и мы узнаем организаторов событий в Алма-Ате. Сейчас, как никогда нужна правда и только правда. Народ, сыном которого я являюсь, должен знать в лицо и по имени тех, кто исподтишка сеял семена недоверия между казахским и другими народами, населяющими республику. Узнаем, кто обманул детей наших. Кто гнусной ложью выманил их из студенческих общежитий, сунул им в руки враждебные безграмотные транспаранты, а сам затаился...

За последние годы не было заметно никакой озабоченности состоянием работы по

интернациональному воспитанию. Терялись естественность, искренность в отношениях...

Была предпринята попытка устроить пожар в нашем общем доме, но этому не бывать. Мы этого не допустим. Порукой тему – наше единство. Залогом тому – завоевания нашей Великой революции.»

«Литературная газета», 1 января, 1987 г.

– Әлімжановтың бұл мінезі үшін Жүсіпбек Аймауытовтың көрегендігіне алғыс айтуға тиіспіз, – дедім мен.

– Қалай? Жүсіпбек Аймауытов баяғыда өліп қалмап па еді? – Қонаев маған таңдана қарады.

– Өзі өлсе де, сөзі өлмей қалды ғой, Димеке. Мәселен, ол кісі «бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз ұлтына қызмет ете алмайды» деген қанатты сөзі арқылы-ақ өз ұлтының тіл қуатын бойына сіңіре алмаған Әлімжанов секілділердің болашағын жарты ғасырдан астам уақыт бұрын болжаған көреген адам! Егер Аймауытов қазақ әдебиетінің классигі болмаған жағдайда, оған тек осы сөзі үшін ғана ескерткіш қоюға болар еді...

– Аймауытовтың мына сөзі біздің 70 жыл бойғы, одан ары сонау Абай дәуірінен бергі таным-түсінігімізге қарсы шыққаны былай тұрсын, оларды белінен бір-ақ сызып тастап тұрған жоқ па? – деді Қонаев.

– Ол кісі «бала бірінші кезекте, яғни оң қол, сол қолын танып, сөз дәмін түйсінгенше, өз ана тілінде тәрбиеленуі керек» деген мақсатқа үндеп тұр. Ал әрі

қарай он тіл, тіпті елу тіл меңгеремін десе де өз еркі емес пе? Осы арада сізге тағы бір сұрақ қойсам бола ма, Димеке?

– Қойыңыз.

– Сіздің Ғылым Академиясының президенті боп істеген іниіз Асқар Қонаев пен Ләйлә Әуезовадан өрбіген перзенттердің қазақ тілінде дәріс алғандары бар ма?

– Жоқ... Қоғамымызда ұл-қызын орысша тәрбиелемеу – олардың болашағымен санаспау есебінде қабылданды ғой. Басқаны басқа дейік. Тіпті қазақ әдебиетінің классиктері Мұхтар Әуезов те, Сәбит Мұқанов та, Ғабиден Мұстафин де, өзіңізге ерекше қамқор болған Ғабит Мүсірепов те, Лениндік сыйлықты алып тұрып алмай қалған Ілияс Есенберлин де, Әбділдә Тәжібаев та, бүгін екеуміз сөз еткен Әлжаппар Әбішев те, жалпы, сол кезгі жазушылардың 80-90 пайызы перзенттерін түгел орысша тәрбиелемеді ме?

– Өкінішті, – дедім мен. – Екі жылдан астам уақыт бұрын Жоғарғы Кеңесте қазақ тіліне жеке-дара және қазақ, орыс тілдеріне мемлекеттік дәреже беру тартысында сөйлеген сөзімде орыс тіліне аударылған тәжік мақалын келтіргенім бар. «Кто беспомощен в собственном языке, тот невежда, хотя знает двести языков». Қандай даналық сөз. Сол сайыста бұл мақалдың үлкен жәрдемі болды. Менің ұғымымша, Димеке, бір мәселені бұқпантайламай, ашық түрде айтатын кезең әлдеқашан жетті. Ұл-қызыңызды өз ана тілінен айырып, орыс мектебіне бердіңіз бе, ол біздің ұлтымыздың толыққанды перзенті емес. Бәлкім, бұл

біреулерге өте ауыр тиер. Бірақ шындық солай. Осы процесті біздің үлкен тұлғаларымыздың ішінде терең түсінген, меніңше, жалғыз Жүсіпбек Аймауытов қана. Қалған классиктердің бәрі дерлік, тіпті сіздің бас құдаңыз, біздің ұлтымыздың ұлы тұлғасы Әуезовтен бастап, өздерінен екі жарым, үш ғасыр бұрын жасалған ұлтсыздандырудың айла-шарғысын өз жүрегінің елегінен өткізіп, пайымдай алмады, кейбіреуі ол туралы ойлаудан да қорықты және белгілі деңгейде өз перзенттерін сол процестің құрбаны етті.

– Өте ауыр, бірақ шыншыл пікір екенін мойындамасқа шара жоқ, – деп күрсінді Қонаев.

Бұдан арғы өрбіген әңгімелерді де мен жалқауланбай, сол кездесуден іле-шала қағазға түсіріп қойған екенмін. Енді сол жазбаға жол берелік.

ҚОНАЕВ: **Естуімше, 1929-жылы болар, Голощекиннің қылышынан қан тамып тұрған кезде, 44 алаш азаматы, арасында Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов бар, Мәскеу қаласының Бутырка абақтысына жабылады. Солардың ішінде 13 қайраткер ату жазасына кесіледі. «Жаздымжаңылдым, қателестім», – деп кешірім сұрағандардың жазасы жеңілдетіліп, 10-15 жылға сотталады. Бірақ Жүсіпбек Аймауытов қана қасарып: «Өз қайраткерлеріне осыншама қорлық көрсеткен өкіметтен кешірім сұрамаймын», – деп тұрып алады. Не деген қайсарлық. Марқұмның сүйегі Мәскеудің белгісіз қорым-**

дарының бірінде жатса керек. Дара тұлғаның әлгіндей ойлары, әлгіндей мінезі ол кезде кімге ұнай қойсын...

ШАХАНОВ: Желтоқсан оқиғасының қорытынды құжаттарын әзірлеу барысында мен тарихшыларды араластыра отырып, осы көтерілістің түпкі себептеріне үңілетін арнайы бөлім ендіріп едім. Бірақ одан сол кездегі билік ат-тонын ала қашты, негізгі құжатқа ендірмеді. Сол бөлімде Голощекиннің «Сталин жолдасқа бес сұрақ» атты хатынан үзінді бар. Мағынасы мынадай. «Біз қазақ жеріндегі зиялы қауым өкілдерін бір-біріне қарсы қойып жауықтырамыз да, халық арасында үлкен беделге ие болғандарын ұлтшылдықпен айыптап, аттырып тастаймыз...» Жүсіпбек Аймауытов та, оның қасындағы ірі тұлғалар да сол алмағайып кезеңнің құрбандары. Төл әдебиетімізде қазіргі классиктеріміздің иығын басып тұруға тиісті Ахмет Байтұрсынов та, Жүсіпбек Аймауытов та, Мағжан Жұмабаев та өз бағасын толық ала алмай жатыр. Себебі тарихшыларымыздың көпшілігі үркек. Қасіретті кезеңді көзімен көрген ағаларымыздың кейбірі 37-ші жылдары бірін-бірі сатты. Сол ашылып қала ма деп қорқады...

Сізге сәл ыңғайсыздау тиетін бір әңгіме айтайын. Горбачев демократиясының алғашқы кезеңінде өзбек ағайындар Қауіпсіздік комитеті мұрағатындағы 37-ші жылдың құпия құ-

жаттарын ашқан ғой. Сонда ұлт мақтанышы саналып жүрген екі-үш тұлғасы «нағыздың өзі», яғни сол кездегі «үш әріптілердің» жасырын қолшоқпары болып шыққан ғой. Әлгілердің сатқындығының салдарынан өзбек әдебиеті қаншама адал таланттарынан айырылған. Мұны орталық газеттен оқи салып, әрі депутаттығымды және Желтоқсан оқиғасын тексеру жөніндегі комиссияның тең төрағасы деген уақытша лауазымымды пайдаланып, Қауіпсіздік комитетінің бастығын өзіме шақырдым да: «Көрші республикалар өз мұрағаттарын ашып жатыр. Біздің де шындықты білгеніміз жөн», – дедім.

Төраға біраз үнсіз отырды да: «КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі ретінде депутаттық сұраныс берсеңіз, ашу қиын емес. Бірақ бір мәселені ескертейін. Әуезовтен бастап бірнеше тұлғаларыңызға көлеңке түсіріп аласыздар», – деді.

Имандай шыным, Димеке, Әуезовтің атын естігенімде, екпінім басылып қалды. Өйткені біз Әуезовті идеал тұтып өстік. Сондықтан салым суға кеткендей үнсіз қалдым. Кейіннен өзімнің үлкен қателік жібергенімді түсіндім. Темірді қызып тұрған кезінде соғу керек еді. Көп ұзамай ол саланың басшысы ауысып кетті. Қазір енді ондай мүмкіндіктің тууы екіталай. Ерлік пен ездік, азаматтық пен иттік сынға түскен шақтарда қай тұлғаның

өзін қай деңгейде ұстағанын білу тарих үшін аса қажет-ақ.

ҚОНАЕВ: **Мұха, 37-ші жылды құдай тағалам адам түгілі хайуанның басына бермесін. Ал бірақ мен білетін Мұхтар Әуезов өз қатарындағы адамдардың көбінен оқ бойы озық тұрған дана адам еді. Өмірдің бұралаң жолдарында адамның сүрінетін, ерлігінің жетпей қалатын тұстары аз кездеспейді. Кейде солардың баз бірі бүкіл тағдырыңызға көлеңке түсіріп жіберуі де мүмкін. Бұл салада, әрине, тарихи шындыққа жүгінеміз. Бірақ бізде әділетті тарих бар ма? 37-ші жылдар шындығының көбі, өзіңіз айтқандай, қамақта жатыр. Ал жазушылар арасындағы кикілжің ешқашан бітпейтін шығар. Себебі ол ұлылық пен ұсақтықтың, азаматтық пен пенделіктің мәңгі бітім таппас текетіресі ғой.**

АҢДАТПА:

М.Шаханов: Күнделік беттерінен,
16-тамыз, 2007-ж.

«Жамбыл қаласында менімен өткен үлкен бір кездесу үстінде белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов маған өзінің жауапты редакторлығымен, Бауыржантану ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері Мұхамеджан Кәтімханның құрастыруымен шыққан Бауыржан Момыш-

ұлының «Көз алдымда бәріңсің» деген, бұрын ешқайда жарияланбаған жазба-күнделіктерден, ой-толғаулардан құралған кітабын ұсынды. Сол кітаптың «Ұлылық пен пенделіктің арасы бір адым» бөлімінен Мұхтар Әуезов туралы мына жолдарды оқып таң қалдым:

> ***«Ол кісі майданда жүргенімде маған сегіз хат жазды. Бірақ та ол хаттарын кейіннен «ұлтшыл Бауыржанның» кесапатынан қорқып, менің академиядағы архивімнен өзі ұрлап алып жойды. Оны мен ол кісіге еш уақытта кешірмеймін. Қара жер айтып бара берсін. Кешірмеймін».***

Жақында мен Тұрсынбек Кәкішұлының Күләш Ахметпен бірлесіп жазған «Сәбит Мұқанов» атты әдеби-ғылыми ғұмырнамалық кітабынан сол кездегі жазушылардың өздері бір-бірін фашист деп атаған пікірлерін оқып ауыр ойға қалдым. Үзінді келтірейін:

> ***«1937-жылы 7-қыркүйекте Алматы қаласындағы ақын-жазушылардың «Ұлтшыл-фашистердің әдебиеттегі зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру туралы» жиналысы болды. Оған Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Ғабит қатыспады. Бұл кезде Ғаббас пен Ілияс тұтқындалғанды. Жиналыс төралқасына Х.Жүсіпбеков,***

Ә.Тәжібаев, М.Әуезов, Ғалым Малдыбаев сайланды. Баяндамашы М.Қаратаев «Әдебиеттегі ұлтшыл-фашист элементтер осы күні көп жерден табылып жатыр. Қазақстан елінде де, әдебиет майданында да ұлтшыл фашистердің агенттері бар. Байділдин, Тоғжанов секілді адамдар әдебиетімізге зияндық жасады. Ол өзіне Жансүгіров, Тайшықов сияқты күшіктерін ертіп, әдебиетті бүлдірді. Жансүгіров Қоңыратбаев деген бұзылғанды алды. Тоғжанов Қуанышовты хатшы қылып алып, жазушылар ұйымын тамақ қылды. Олар жазушыларды ірітпек болды, бірін-біріне атыстырды. Соңғы кезде бізге партия ұйымы және өлкелік газеттер көмектесіп келеді. Өзара сын бола бастады. Сәкен, Бейімбет, Сәбиттердің қателіктерін көрсетіп келеміз» (Қазақстан Республикасының орталық архиві, фонд 1778, 43-іс, 23-24 беттер) десе, жарыссөзге шыққан Т.Жароков «Жансүгіровтер жастардың еңбегін жоймақ болса, оған Жаманқұлов қосылды. Бізде жастардың еңбегін аудару жоқ. Жансүгіров, Тоғжановтарды НКВД тапты. Мәселен, «Тулаған толқында» деген Ғабит кітабында алашордашылардың бұқаралық рөлі бар деген. Орманов Ғали Жансүгіров идеясындағы адам еді, ол

неге үндемейді?», М.Әуезов: Жүргенов «халық әдебиетін Алаш орда жолымен ұғындырмақ болды және орыс халқының үлкен еңбегін пайдаландырмады...»

Соңғы жылдары бір ойға қатты бекідім: МҚК мұрағатындағы жасырын құжаттарды толық саралап шықпай, сол кезеңде тағдыр кешкен ұлылы, кішілі тұлғаларымызға әділетті баға бере алмасымыз айдан анық екен. Міне, мәселе...»

БҰЙДА БҰРУ:

«ШЫНДЫҚТАН ШЫРҚАУ ТАУ ЖОҚ» немесе МҰРАТ ӘУЕЗОВКЕ ЖАУАП ХАТ

Бұл хат Дінмұхаммед дүниеден озғаннан көп жыл кейін, атап айтқанда 2008 жылдың ақпан айында Мұрат Әуезовтың «Жас Алаш» газетінің 2008 жылдың 19-ақпан күнгі санында «Мұхтарлар көп бізде, бірақ Мұхтар Әуезов біреуақ» деген атпен жарияланған, белгілі журналист Әмірхан Меңдекеге берген көлемді сұхбатына жауап ретінде жазылды. Бірақ «Жас Алаш» газеті менің жауап хатымды жарияламағаннан кейін, хат өзге бірде бір басылымның бетін көрместен, мұрағатымда қалып қойған екен. Атыма айтылған әділетсіз сындарға енді кітап арқылы жауап беру-

дің реті келген сияқты. Сондағы жарық көрмеген хат мынау:

«Тірліктегі ең қиын міндеттің бірі – ұлы адамның перзенті болу. Бірақ сол перзент әке рухы арқылы ұлттық, отандық мүддемен ұштасқан өз борышын қалай атқармақ? Міне, осы сұрақ айдынында әлгі перзенттің кім екендігі, қандай пайым-парасат жинақтағаны, әке табиғатына, оның тіліне, діліне, дініне, ол ардақ тұтқан басқа да рухани құндылықтарға терең тамыр жібере алды ма немесе шолақ пышақ секілді шолтаңдап, жалғыз әке мұрасы төңірегіндегі өзіне берілген құқықты пайдаланып, соның аясында ғана жұмыстанып жүр ме? Иә, талап ауқымы кең.

Мұрат Әуезовке келсек, саясатта өзінше ой толғай алатын, ғаламдық әдебиеттен де тәп-тәуір хабары бар, шығармаларын орыс тілінде жазатын сыншы, әдебиетші. Бірнеше жыл Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып та қызмет атқарды. Әкесінен жұққан шешендігі, тапқырлығы да бар.

Осы арада қазақ әдебиеті классиктерінің ұл-қыздарына назар аударалық. 90-95 пайызы ана тілін тәрк етіп, орысша тәлім алғандар. Бірақ бұл ахуалға ол бейшаралардың кінәсі жоқ. Заман солай болды. Ғасырдан ғасыр асып келе жатқан орыстандыру процесі жүріп жатты. Бүкіл Алматыда бір ғана қазақ мектебі салтанат құрды. Бірақ өз ұрпағының келешегін ойлаған классик жазушылардың көбі сол кішкене мүмкіндіктің

өзін неге дұрыс пайдаланбады екен деген інілік өкпе менің Қонаевпен болған әңгімемде көрініс тапқаны рас. Сондықтан да ол пікірімде қателік жоқ деп есептеймін. Әйтсе де Мұрат Әуезов ана тілінің нәрі сіңбеген өзге туысқандарын ауызға алудан тайсақтап, өзінің төртінші сыныпты қазақша бітіргенін көлденең тартыпты. Егер бүгінгі таңда басқа классиктердің перзенттерінен Мұрат Әуезовтің бойы биік тұрса, қазақ мектебіндегі төртінші сыныптың әсері екенін, енді оның өзінің де мойындағаны жөн болар еді. Жә, бұл тақырыпқа соңырақ оралалық.

Мұрат Әуезовтің маған сын семсерін қадауына себеп болған жағдайяттарға үңілелік.

Желтоқсан көтерілісі төңірегіндегі мәселелермен шұғылданып жүрген тұсымда республика мемлекеттік қауіпсіздік кеңесінің төрағасын өзіме шақырғаным бар. Мен ол кісіге «30-шы жылдар мұрағатын ашайық» дегенімде ол: «КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі ретінде депутаттық сұраныс берсеңіз, ашу қиын емес. Бірақ бір мәселені ескертейін. Әуезовтен бастап бірнеше тұлғаларға көлеңке түсіріп аласыздар», – дегені бар. Маған қарсы берген сұхбатында Мұрат Әуезов әлгі сөздерімді мысалға келтіреді де, осы тақырыпқа былай деп өзінше қызықты өтірік әңгіме құрастырады:

«Ал, шын мәнінде, бұл оқиға қалай болған? Енді өзім әбден зерттеп, анық-

қанығына жеткен жағдайды ортаға салайын.

М.Шахановтың Қауіпсіздік комитетінің төрағасы деп отырғаны – В.М.Мирошник. Осы В.М.Мирошник М.Шахановпен жоғарыдағыдай әңгімеден соң, кабинетіне келіп, Қауіпсіздік комитетінің басқарма бастықтары мен жауапты қызметкерлерін жинайды да, өзінің сол күнгі «шұғыл тапқырлығы» ***(оперативная находчивость)*** **жөнінде айтып береді. «Егер мен Мұхтар Әуезовті айтпағанда М.Шахановты тоқтата алмайтын едім. Біз өзіміздің архивімізді осылай қорғауымыз керек, оны ешкімнің көрмеуі керек. Көрем дегендерге осындай тапқыр сылтаулар айтып, бетін қайтарып отыру керек» дейді. В.М.Мирошник (Мұны дәлелдеп, айтып берген екі азаматтың аты-жөнін әзірше айтпай тұрмын – М.Ә.). Демек, В.М.Мирошниктің сөзі М.Шахановтың Мұхтар Әуезовке күдік келтіруіне ешқандай негіз бола алмайды екен».**

Кешірерсіз, Мұрат, бекерге арам тер болғансыз. В.М.Мирошник ол жылдары Мәскеуге қызметке ауысып кеткен. Менің өтініш жасаған адамым сол тұстағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы, генерал Болат Баекенов. Қазір ол Қазақстан Республикасы Күзет

ұйымдары қауымдастығының президенті. Өз сөзіне мығым жігіт болатын. Арамызда өткен әңгімені растайтынына күмәнданбаймын. Ал сіздің В.М.Мирошник жайлы әңгімеңіз түгелдей ойдан шығарылған.

Менің деректі туындымда тағы мынандай жолдар бар. Түсінікті болу үшін үзінді келтірейін:

«...Тоқсаныншы жылдардың бас кезеңінде бір жазушы (аты-жөні белгілі себептерге байланысты шегерілді. Ред.) маған келіп, өзінің 37-ші жылдар зобалаңы жөнінде деректі кітап жазғысы келетінін, сол үшін де МҚК мұрағатындағы ерекше құпия құжаттармен жұмыс істеу мақсатында МҚК төрағасына депутаттық хат жаздырып алды. Бірнеше күннен кейін мені қайран қалдырған мынадай оқиға болды. Қабылдауыма МҚК-нің полковнигі келді. Өзінің ыңғайсыз сапарына кешірім сұрай отырып, МҚК-нің құпия мұрағатында ұзақ жылдардан бері сақтаулы тұрған М.Әуезовке байланысты бір маңызды мәліметті әлгі жазушының алмаспен кесіп алып кеткенін мәлімдеді. «Нақ бүгін Әуезов туралы жинақталған материалдарды әлгі кісіге берерде құжатқа өзімнің де көзім түсіп, таңданыс білдіріп едім. Артынша жаңағы құжат ұшты-күйлі жоқ болып шықты.

Мен бекерден-бекер біреуге жала жабатын адамдардың сортынан емеспін. Есіңізде болсын, Әуезовке қатысты жұрт білуге тиісті бір маңызды құжатты қаламдасыңыз жойды», – деп түнерді полковник. Жалма-жан әлгі жазушыны шақырып, полковникпен беттестіріп едім, ол ант-су ішіп маңайына жуытар болмады.

Осы кикілжіңді Әуезов өмірінен хабардар бір қаламгерге айтқанымда, ол: «Бәлкім, әлгі жазушыңыз әлдекімдердің өтінішімен сол алмағайып кезеңдегі М.Әуезовке көлеңке түсірер бір құжатты жойған шығар», – деген күдік білдірді. Сонымен қатар ол тағы мынадай бір даулы мәселе жөнінде өз ойын айтты: «Мұхтар Әуезовтің 1932-жылдың 10-маусымында «Советская степь» және «Социалды Қазақстан» газеттерінде қатар жарияланған, өзінің қателігін, ұлтшылдығын ашық мойындап, Кеңес өкіметінен кешірім сұрап жазған хаты бар емес пе? Осыған байланысты кейбіреулер ұлы қаламгерді судан ақ, сүттен таза етіп көрсету мақсатында, сол тұста Әуезовке «Түбінде ісімізді жалғайтын, алға апаратын сен боласың. Қазірге өзің аман қалуың үшін бізді жамандай бер», – деп оған Ахмет Байтұрсынов айтыпты-

мыс деген сөз шылғи өтірік, яғни, ойдан құрастырылған...»

Осындай жұрт арасындағы жасырын йтылатын әңгімелерге белгілі ғалым, филология ылымдарыныңдокторыТұрсынбекКәкішұлының Күләш Ахметпен бірлесіп жазған «Сәбит Мұқанов» атты кітабындағы *(«Арда» баспасы, 2005 ж.)* Мұхтар Әуезов туралы айтылған мына ікірді қосыңыз:

«Қазір кейбіреулер Ахмет Байтұрсынов «түбінде біздің ісімізді жалғайтын сен боласың» деп айтыпты дегенді жазып жүр. Ол қисынсыз, өйткені Ахаң 1929-1935 жыл аралығында түрмеден ешқайда шыққан емес. Хат жазуға мұрша бермегені тағы шындық».

М.Әуезов жөніндегі пышың-пышың әңгімеер легіне Л.Д.Кудеринаның Мәскеуден 1994 ылы шыққан «Геноцид в Казахстане» деген ітабындағы мына үзіндіге де сол кезгі шындық ұрғысынан әділетті баға берілуі керек. Әйтпесе сы кітапты мен бірнеше ғалымның қолынан өрдім. Қараңыз:

«Вторая волна террора 1937-1938 годов.

Она унесла всех отбывших наказание

и освобожденных после первого ареста в 1928-1931 годах. Были расстреляны (или умерли) все из первой «группы Байтурсунова», расстреляны после повторного ареста почти все интеллигенты из второй группы – Тынышпаева, убита часть людей, осужденных «условно», и большая часть из тех, чье дело было прекращено «за недостаточностью собранных улик». В живых остались только «исполнители» из второй группы арестованной интеллигенции, причем их было немного. Цена этой «свободы» известна – стукачество.

Своей смертью, дожив до старости, умерли немногие. Тем более не многие «поднялись на Олимп» – их были единицы. В их числе – писатель с мировым именем Ауэзов Мухтар Омарханович, умерший в 1961 году в зените славы...

Но пока еще нет музея Магжана Жумабаева – великого поэта-лирика Востока первой половины XX века, бывшего литературным учителем Ауэзова. Магжан расстрелян. Известно, что перед последним арестом, уходя из дома в сопровождении конвоя, Магжан сказал больной жене Зелихе Жумабаевой (по рассказам Зелихи лично мне): «Если я не вернусь, то знай, что «волчонок» съел

«волчицу!» А перед арестом он долго по телефону беседовал с «одним маститым писателем» (с М.О.Ауэзовым – со слов Зелихи Жумабаевой). «Волчонок» – ученик в литературе – М.Ауэзов, «волчица» – учитель – Магжан Бекенович Жумабаев... Теперь все наперебой стараются «перевести» или «похвалить» Магжана, особенно те, кто хулил его в годы безвременья.«Лягнул»его в шестидесятые годы и «волчонок». Зачем? Он ведь знал, что Магжан уже реабилитирован и рано или поздно его имя появится на устах. А, может быть, был уверен, что эти имена похоронены навеки? Возможно, это был чей-то «заказ», возможно, и «волчонок» был в капкане?..

Әрине, өз басым «дептi», «дейдiлердiң» бәрiн аза шындық тұғыры ретiнде қабылдауға тұбегейлi арсымын. Бiрақ оған назар аудармау, елемеу е әдiлетсiздiкке саяды. Ондай жайбарақаттық лы тұлғаның жұрт арасындағы беделiне нұқсан елтiрерi даусыз. Бұл арада да бiзге зерттеушi алымдардың көмегi ауадай қажет.

Енді МҚК мұрағатынан жоғалған Мұхтар уезов туралы мағлұматқа тоқталалық. Мұндай қиғаның болғаны, МҚК полковнигінің маған рыз айтып келгені айна-қатесіз шындық. Оны ол кезгі «Жалын» журналы бас редакторының

орынбасары, жазушы Мереке Құлкенов те жақсы біледі. МҚК мұрағатынан М.Әуезов туралы материалды алмаспен қиып әкеткен жазушының атын этикалық тұрғыдан мен жасырын ұстап едім. Бірақ Мұрат: **«Мұхтар Шахановтың бір жазушы деп отырғаны – Дүкенбай Досжан. Д.Досжан сол «алмаспен қиып алған М.Әуезовке қатысты құжатын» өзінің «Мұхтар жолы» романында жариялады да. Мұнда Мұхтар Әуезовтің абыройына кір келтіретіндей дәнеңе жоқ...»** деп ашық айтыпты.

Иланһи, солай болғай. Ендеше, Дүкенбай МҚК мұрағатынан алмаспен қиып алған сол құжатты көрсетсін. Ол бізге ұлы тұлға жөнінде тарихи шындықты қалыптастыруға және пыш-пыш өсекке нүкте қою үшін де қажет. Менің ұғымымша, Дүкенбай ол құжатты жариялаған жоқ. Көрсетуге де жүрексінер. Егер көрсетсе, құжат ұрлағаны үшін МҚК оны сотқа беруі әбден мүмкін...

Қордаланған сұрақтарға жауап іздеуден бұрын бір мәселенің бетін ашып алалық.

Мұхтар Әуезов қазақ ұлтының, қазақ әдебиетінің дара мақтанышы. Оны жоққа шығарамын деген адам – жарымес. Менің әкем де Мұхтар Әуезовті идеал тұтып, атымды ұлы тұлғаның есімімен атапты. Сондықтан да біздің отбасымызда Мұхтар Әуезов рухы өзгеше құрметке ие. Жас жігіт кезімде жазған «Мені неге

Мұхтар қойған?» деген өлеңім Мұрат Әуезовке арналған. Халық арасына кең тараған, дарынды сазгер Мұхтар Құралов әнге айналдырған бұл жырды жұрт жақсы біледі. Немесе әлемнің көп тіліне аударылған «Түсінісу теоремасындағы»:

«Түсінбестік аз жайды ма қанатын?
Мұнан асқан нала бар ма?
Ұлы Абайды сабаған да
Түсінбестік болатын.
Талантына тамсандырған талайды
Жазған шақта Әуезов сол "Абайды",
"Бұл туынды шыға алмайды белеске", –
Деп құлшына қарсыласқан,
Қияс ойға қамшы қосқан
Тағы да сол түсінбестік емес пе?

Ал Әуезов жолсыздыққа бұл сынды
Ызалана қол сілтеп,
Іштей, үнсіз күрсінді:
"Түсінетін халық аман болсын", – деп.

Өткен – өтті.
Бірақ бәрі есепте.
Қандай азап,
Қандай азап – ұғыспау.
Түсінбеген кінәлі емес десек те,
Қылмыспен тең – түсінуге тырыспау»,

– деген жолдар менің Мұхтар Әуезовке деген құрмет-сенімімнен хабар берсе керек. Ендеше,

менің табиғатымнан Мұхтар Әуезовке қарсы күш іздеу – әділетсіздік. Бірақ бала кезімнен бойыма сіңген, тіпті Мұхтар Әуезовтің өзі де сан рет қуаттаған «Шындықтан шырқау тау жоқ», «Әділет тілесе, атаңның да болса айыбын айт» деген ұстанымдарды аттап өтсек, ақындығымыз бен жазушылығымыздың, ғалымдығымыздың құны бір тиын емес пе? Рас, менің кейінгі деректі шығармамнан М.Әуезовтің 1930-шы жылдардағы «Алаш» партиясы аясындағы істеріне күдік ұялататын ойлардың әлдекімдердің аузымен айтылуы жұрт арасындағы жасырын сыбыр-күбірге байланысты екенін жоғарыда ескерттік. Бұл мәселе жөнінде әділеттілікті қалыптастырудың жалғыз ғана жолы бар. Ол – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік комитетінің 1920-38 жылдардағы мұрағатын ашу, ондағы «ерекше құпия» сақталатын бөлімге де жариялылық беру. Біз республика Президентіне осындай өтініш-хат әзірлеудеміз. Оған өзгелермен қатар Мұхтар Әуезовті зерттеуші-ғалымдар және Мұрат Әуезовтің өзі де қол қояды деп сенеміз. Сонда қазіргі Әуезов және басқа тұлғалар жөніндегі алып-қашпа әңгімелерді шындық безбенімен өлшеп, артық-ауыс сөздерді сап тыямыз.

Осы сұхбатында Мұрат Әуезов: **«Тарих туралы, өткеніміз туралы жазған адам екі нәрсеге сүйенуі керек. Біріншісі – тарихи дерек. Екіншісі – логика. Мұхтар Шахановта осының екеуі де әлсіз».**

«Мүлде жоқ» демегеніне де шүкір. Жарайды, бұл ауыр сөздердің салмағын Мұраттың өз арына қалдыралық та, оның тіл проблемасы жөніндегі шығарып салма ойларын қанағат етелік. Шын пейілінен шықпаған соң Мұраттың бұл тақырыпқа бармай-ақ қойғаны жөн еді. Еске түсірейікші, егеменді ел атанған соңғы 16 жыл ішінде Мұрат бауырымыз жылдан-жылға шегініске түсіп келе жатқан қазақ тілінің мұңды халіне қай кезде басы ауырыпты, қай кезде шындап жаны ашыпты? Кеңестер Одағы тұсында қазіргі «Қазақстан Республикасы» «Қазақ Республикасы» деп аталмады ма? Өзі депутат болып тұрған шақта республика атын, яғни «Қазақты» «Қазақстан» деп өзгертуге ұсыныс енгізген осы Мұрат емес пе еді? Мұраттардың айқайлап айтуынша, біз көп ұлтты мемлекет екенбіз. Рас, оны ешкім жоққа шығара алмас. Тіпті әлемде бізден де көп ұлт жинақталған елдер бар. Мәселен, Қазақстанда 129 ұлт өкілі есепте тұрса, көршілес өзбек ағайындарда 136 ұлт қоныс тепкен. Бірақ олар біздегілер сияқты көп ұлтты мемлекетпіз деп кеуде соқпайды. Базбір ұлт өкілдерінің ұзын саны бір, екі немесе үш адам. Олардың кейбіреулері өз ұлтының тілін де, салт-санасын да ұмытып кеткен. Әйтсе де, бізге саны керек. Мұндай шаралардың бәрі қазақ ұлтын, қазақ тілін тұқырту үшін жасалып жатпаса, үндемей-ақ қояр едік.

Мұрат бауырымыздың «Мегаполис» газетінің

2005 жылғы 16-мамырдағы санында жарияланған мына пікірі кезінде көп адамның ашу-ызасын тудырған-ды:

«Есть люди, которые считают язык единственным критерием национальной принадлежности. Не знаешь казахского – ты не казах. Чуть ли не объект какой-то специальной полиции, которая будет определять, твое место в иерархии, на самом верху которой, разумеется, только казахскоязычные...

...Конечно же, языком не исчерпывается национальное самосознание».

Мұрат Әуезовтің ана тіліне қарсы ой қозғаған өзге пікірлерін жинақтап, «Рух-Дария» газетінің №2 санында Құдан Құлымбет мынадай ой түйеді:

«...Мұрат Әуезов сияқты өз ана тіліне мұрын шүйіре қарайтындардың үн қосуы кейінгі кездері үрдіске айнала бастады. Мәселен, М.Әуезовтің «мәдени өркениетке тілсіз де қол жеткізуге болады» деген ұстамы қазақ тілінің өркендеуіне тілектес адамның пиғылы емес»...

Менің «Мәңгүрттенбеу марсельезасы» атты әнге айналған өлеңімде мынадай жолдар бар:

«Өз тілінде сөйлей алмай қазақтың
тең жарымы
Амалсыздан басқа ананы өз анам
деп таныды.
Талай басшы жүргеннен соң ұлтсыздыққа
қорған боп,
Қазақ тілі әлі күнге тәуелсіздік
алған жоқ...»

Күні бүгінге дейін (сорымызға қарай) қазақ ұлтын сақтап қалудың жоспары жасалған емес. Тіпті тіл, ұлт туралы әңгіме қозғасаң, биліктің ызасы келеді. Шаруамыздың құрдымға бет алғанын осыдан-ақ біле беріңіз. Терещенко сияқты билік нақсүйерлері жүздеген мың гектар жерді (біреулер миллион гектар дейді) бір өзі иеленіп, мұртынан күліп, жымиып отыр. Бұрын жалпыға ортақ қоғамдық мүлік, зәулім ғимараттар, мұнайдан, түсті металдардан шоғырланған байлық көздері санаулы ғана адамның игілігіне айналуда. Ау, сонда не үшін жағаластық? Кезінде біз де демократияны армандаған, сол күрестің басы-қасында жүргендердің бірі емес пе едік? Жеткен жеріміз осы ма? Биліктің ұлтқа шабуыл жасамай-ақ қоюына болатын еді ғой. Қазақ бейшараның тілінен, азын-аулақ ұлттық құндылығынан өзге несі қалып еді? Ендеше, «қазақстандық ұлтты», «үш тұғырлы тілді» кім ойлап шығарды? «Қазақстандық ұлтты» билік халықпен ақылдаспай 2030-дың стратегиялық жоспарына ендіріп

жіберді. Яғни «қазақстандық ұлт» «американдық ұлттан» бастау алады. Сонда сіз «мен қазақпын» деп айта алмай қаласыз. Айтсаңыз, сізді ұлтшылдық мінез көрсетіп отыр деп кінәлауы мүмкін. Қазір қазақ халқы мемлекет құраушы ұлт болғандықтан, билік басындағылардың 90 пайызға жуығы қазақ ұлтының өкілдері. «Қазақстандық ұлтқа» көшсек, биліктегі қазақтар үлесі бара-бара 5-10 пайызға дейін құлдырайтынына күмәніңіз болмасын. Ұлтты оп-оңай жоюдың мұндай түрі бұрын бірде-бір анабезер космополит қазақтың санасына енбеген еді. Қазіргі билік олардың бәрінен әлдеқайда алғыр екенін әйгіледі. Ал «үш тұғырлы тілге» келсек, кезінде біз орыс тілінің мемлекеттік дәреже иелену іне мүмкіндік бермедік. Қазіргі «үш тұғырлы тіл» орыс тілін мемлекеттік тұғырға қайта қондырудың ойлап табылған жаңа жолы.

Біз ұлтты жоюға бағытталған осы процеске қарсы бірнеше рет дауыс көтердік. Әбдіжәміл Нұрпейісов, Мұзафар Әлімбаев, Бибігүл Төлегенова секілді қариялармыздың қолдауымен Президентке, Парламентке, Үкіметке баспасөз арқылы хат та жолдадық. Сол ұлтжанды адамдардың арасынан тағы да Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат бауырымыз бой көрсеткен жоқ.

Көтерілген мәселеге қатысты болмаса да, өш алып қалу мақсатымен Мұрат Әуезов кезінде ЮНЕСКО шеңберінде қаралып, әлемнің барлық басты тілдеріне аударылуға жолдама алған

«Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты шығармаларыма шүйіледі. Әрине, өз шығармамды өзім қорғап, Мұратқа қарсы дәлел келтіріп жатуым жараспас. 1999 жылы Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-үйінде «Өркениеттің адасуының» тұсаукесеріне орай үлкен жиын өтіп, онда әлемдік деңгейдегі әдебиетшілер, ғалымдар өз ойларын ортаға салған соң Германияның 12 қаласында осы кітап аясында кездесулер, оқушылар конференциялары болған. Сонда тек «Өркениеттің адасуына» бұл елдің баспасөзінде 400-ге жуық пікір жарияланған екен. Енді мен жоғарыда Мұрат Әуезов іске алғысыз ғып тастаған екі туынды жайлы оң пікір білдірген адамдардың (бірнешеуінің) аты-жөнін ғана тізіп шығайын:

Федерико Майор, *ЮНЕСКО-ның бас директоры (1999 ж.);* **Ханс-Петер Дюрр,** *Нобель сыйлығының лауреаты;* **Фридрих Хитцер, Роберто Чиули** *(Германия);* **Майкл Бахмутски,** *Калифорния өнеркәсіп, білім және өнер академиясының президенті (АҚШ);* **Дайсаку Икэда** *(Жапония);* **Евгений Евтушенко, Феликс Кузнецов,** *Ресей Ғылым Академиясы әлем әдебиеті институтының директоры (1999 ж.),* **Евгений Сидоров** *(Ресей);* **Оскар Ариас Санчес,** *Нобель сыйлығының лауреаты, Коста-Рика Республикасының экспрезиденті;* **Шыңғыс Айтматов, Төлеміш Өкеев,** *кинорежиссер,* **Рустан Рахманалиев,** *философия және тарих ғылымдарының*

докторы (Қырғызстан); **Иван Драч** *(Украина);* **Нагиб Махфуз,** *Нобель сыйлығының лауреаты (Египет);* **Бахтияр Вагабзаде** *(Әзірбайжан);* **Эдуард Хуршудян**. *(Армения);* **С.Тресслер,** *Пәкістан Ислам Республикасының Мәдениет, спорт, туризм және жастар істері жөніндегі министрі;* **Расул Ғамзатов** *(Ресей, Дағыстан);* **Гулрухсор Сафиева** *(Тәжікстан);* **Самир Тагизаде** *(Түркия);* **Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдіков** *(Қазақстан)...*

Бұл тізімді жүзге дейін апаруға да болар еді. Ал мен 23 адамның ғана атын атаппын. Меніңше Мұрат Мұхтарұлына бетпе-бет қоюға осы тізімдегілердің біреуі немесе екеуі ғана жетер еді. Тіпті мына бөлім Дінмұхамед Қонаевқа арналғандықтан осы дара тұлғаның Олжас Сүлейменов екеуміз туралы пікіріне құлақ аса кеткен жөн сияқты:

«Мен үшін Олжас пен Мұхтардың (Шахановты айтам) орны бөлек. Халқы да солай қадірлейді. Ақындығын азаматтығы, азаматтығын ақындығы көтерген, елдің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаған, дауласуға бар, бірақ жауласуға жоқ осындай ұлдары бар, осындай ақындары бар халықта не арман бар?!»

Мейлі, қайтеміз... Қазіргі таңда мен сорлыға қойылып жатқан кедергілердің, кезінде Мұхтар Әуезовтің де алдынан шыққанын Мұрат бауыр-

ымыздың ұмытып қалғаны ғана көңілге өкініш ұялатады.

Сөзіміздің соңында еліміздегі дін проблемасына бет бұрып, 2003 жылы «Ана тілі» газетінің 9-қазандағы санында жарияланған Айгүл Қожабаева деген ұстаздың Мұрат Әуезов туралы пікіріне назар аударалық:

«Жуырда бірнеше адам жиналған басқосуда белгілі ғалым, саясаткер Мұрат Әуезовпен бірге Моңғолия сапарында болған кісі: «Осы ұлы адамның баласының пұтқа табынуға (тәңірші дініне) анық кетіп қалғанын, соған байланысты монғол жерінде арнайы ритуалдар жасағанын көріп жағамды ұстадым, әрі оған біртүрлі жиренішпен қарай бастадым», – деді. Өз басым ұлы адамның баласынан мұны күтпеген едім. Оның әкесі Мұхтар Әуезов мұсылман дінінде туып, осы діннің аясында көз жұмбады ма? Мұраттың, тым болмаса, әке рухын сыйламағаны қалай?

Әрине, қай дінді қалау – әркімнің өз еркі. Түптеп келгенде, бұл – оның конституциялық құқы. Әйтсе де көңіліме мынадай күдік енді. Өз ата-бабамыздың дінінен басқа дінге ауысу үлкен қауіп тудырары сөзсіз. Қазіргі таңдағы ұлтымыздың бірлігін, тұтастығын бұзатын бірден-бір қатердің қайда жатқанын шамалаңыздаршы...»

Белгілі дінтанушы-ғалым Мұртаза Бұлұтай Мұрат Әуезовтің бұл саладағы көзқарастарына қарсы «Бурханизм туралы шындық» атты *(«Арыс» баспасы, 2003 ж.)* арнайы кітап та шығарды. Сол еңбегінің бір жерінде Мұртаза Бұлұтай Мұрат Әуезов туралы былай пікір түйеді:

«XIV-XVI ғасырларда батыс мұңғұл тайпалары ойраттар мен қалмақтар Жоңғар мемлекетін орнатады. Біздің мұсылман қазаққа қырғидай тиіп, "Ақтабан шұбырындыны" жасаған осы қалмақтар еді (Мұрат Әуезовтің пікірінше қалмақтар біздің бауырларымыз екен – М.Б.). ...Бұлардың табынатын аруақтары мен тәңірлерінің саны жоқ. Өз кезегінде табиғаттағы нәрселердің бәрін киелеп, соларға табына берген.

...бізде де "тенгрианство", "шаманизм" деп байбалам салып жүргендердің негізгі бөлігі өнер саласы мен әдебиетшілер арасынан шығуда...

Ал біздің Мұрат Әуезов мырзамыз болса, бурханизмді жан сала уағыздайды...»

Соңғы кездері мұсылман дінін басқыншы дін санайтын және оны тәңіршілікпен ауыстыруға, сол арқылы Шыңғыс хан дініне, Шыңғыс хан рухына жақындаймыз деп құлшына жұмыс жасап жүрген үлкен топ қазақ зиялы қауымы арасынан бой көрсетті. Әрине, қандай дінді таңдау әр азаматтың

өз құқы. Жеке басымның ұстанымы мынау: әкем, әкемнің әкесі, бабаларымның бабалары сан ғасыр аясында мұсылман дінінде туып, мұсылман дінінде көз жұмды. Ендеше, менің де баба дінін саудаға салуға моральдік құқым жоқ.

Бір мың үш жүз жыл көлемінде қазақ жерінде мұсылман діні қанат қомдаса, кейінгі кезеңде оған христиан діні келіп қосылды. Негізінен осы екі дін салтанат құрса, қазір Қазақстан халқын ұлтсыздандыру, дінсіздендіру бағытында сан түрлі үгіт машиналары іске қосылды. Елімізде төрт мыңнан астам діни бірлестіктер, ұйымдар жұмыс атқаруда. Америка жыл сайын осындай шараларға 11 миллиард доллар қаржы бөлуде. Мұсылман дініне қарсы дауыс көтеріп жүрген жоғарыдағы топтың да осы қаржыға қол салып отырғаны ақиқат. Тілдің, ұлттың жағдайы мынадай алмағайып халде тұрғанда енді дін жағынан бөлініске түссек жетіседі екенбіз. «Бөлшекте де билей бер» деген саясатқа өзіміз жәрдем берген болып шығамыз. Сондықтан қазіргі кезеңде дін ауыстыру – ұлтты тірідей жерлеуге бастар жол екенін әр қазақтың білгені жөн.

Мұрат бауырыма салар қолқам: әкеңізді шын сүйетініңіз рас болса, ол қадыр тұтып қорғаған, бүгінде қауқарсыз халге түскен қазақ тіліне, ол ардақтаған мұсылман дініне сіздің де көлеңке түсірмеуіңіз керек еді. Қазақтың құлагер дарыны Мұхтар Әуезовтің бел перзентіне жұрт көңілінде осындай талап пен өкпенің қатар жинақталуы, оның арғы жағында ұлтсыздыққа, рухсыздыққа,

биліктен қолдау көріп отырған космополиттік ағымға қарсы ашық түрде бой көтере бастаған, булыққан, қыспақта қалған ұлттық мүдде тұрғаны даусыз.

***ҚОНАЕВ*: Сіз Ілияс Есенберлиннің неге Лениндік сыйлық алмай қалғанын білесіз бе? Бар мәселе шешіліп, комитет мүшелерінің басым көпшілігі Есенберлинге ықыласы құлап тұрған кезде өзіміздің бірнеше жазушымыз бірлесіп, КОКП Орталық комитетіне хат түсірді. Мағынасы, «Есенберлин тарихи шындықты жан-жақты бұрмалап, орыс пен қазақ халықтары арасындағы достыққа көлеңке түсіреді-міс». Бұрмалаушылық болса ол, әрине, тексерілуі керек. Сонымен Есенберлин кейінге ысырылды да, сыйлықты бір грузин жазушысы иеленіп шыға келді. Міне, сол әдейі ұйымдастырылған хат болмағанда Есенберлин Қазақстанда әдебиет саласында Мұхтар Әуезовтен кейін екінші боп Лениндік сыйлық алған адам ретінде даңқ биігіне көтерілер еді. Есенберлин сомдаған қазақ тарихына байланысты киелі оқиғалар бүкіл Кеңестер Одағы халықтарының назарына ілігері хақ. Ұлтқа жаман болмас еді ғой.**

***ШАХАНОВ:* Сол тұста мен Мәскеуде жүргенмін. КСРО Жазушылар Одағынан Әнуар Әлімжановпен бірге шығып келе жатыр едім, мәшинесінен енді түсіп жатқан КСРО Жазушылар Одағының бірінші**

хатшысы Георгий Марков Әнекеңді дауыстап шақырды. Марков мені танымаса да, Әлімжановпен бірге барып қол бердім. Ол Әнекеңе қарап тұрып: «Мен қазақтарды түсінуден қалып барамын. Естіген шығарсың, Есенберлинге Лениндік сыйлықты беруге ұйғарым жасап тұрған кезімізде бір топ қазақ жазушылары КОКП Орталық комитетіне хат жолдапты. Басқа республикадағы жазушылар бір-бірін қолдағанда алдына жан салмайды. Ал сендерге таңым бар», – деді де ішке кіріп кетті.

ҚОНАЕВ: Иә, Марков Лениндік және КСРО Мемлекеттік сыйлықтар комитетінің төрағасы еді ғой. Марқұм, аққөңіл, жақсы адам болатын.

ШАХАНОВ: Біраз уақыттан кейін ол кісі менің өмірімде де елеулі рөл ойнады.

ҚОНАЕВ: Қалай?

ШАХАНОВ: 1982-жылдың ерте көктемінде «Қазақстан комсомолы Орталық комитеті менің «Время стреляет из лука» деген Евтушенко және бір топ орыс ақындары аударған кітабымды Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынды. Оған дейін Қазақстанда, әдебиет саласында ол сыйлықты жалғыз Олжас Сүлейменов қана иеленген еді. Сыйлыққа ұсынылған адам ақын не жазушы болса, оған Республика Жазушылар Одағы қолдаухат беруі тиіс,

әйтпесе қаралмайды екен. Одақ мені қолдаудан бас тартты. Себебі сол кезгі Жазушылар Одағы басшыларының бірі, өзі бір айлық еңбек демалысына шығар алдында қызметкерлеріне осындай тапсырма беріп кетіпті. Ағамыз жас жағынан маған әке қатарлы адам болса да, шығармашыл өміріме екі рет тосқауыл жасады. Алдыңғы кедергісінен зиян, кейінгісінен пайда көрдім. Бірінші кезекте зиян шеккеніме тоқталайын. 70-жылдардың басында мен Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының алдын-ала шешім шығарып қоюына орай Мәскеудің Әдебиетшілер курсына түсуге тиісті едім. Шымкенттегі жұмысымнан шығып, Мәскеуге оқуға баруға сақадай сайланып келсем, жоғарыда айтқан ағам менің орныма бір көрікті ақын қызды сұғып жіберіпті. Екеуінің арасында шығармашылықтан басқа бір байланыс орнағаны туралы қаламгерлер арасында пышың-пышың әңгіме жүретін. Санымды соқтым да қалдым. Қазақстан Жазушылар Одағының сыртқы есігі алдында аң-таң болып, абдырап тұрғанымда Ілияс Есенберлин ағам кезіге кетті. Бұрын бір-екі рет жолыққанда өлеңімді мақтағаны бар еді. Дәрменсіздігімнен, қорланғанымнан көзіме жас алып тұрып, мұң-зарымды сол кісіге шақтым. «Жүр!» – деп кабинетіне

ертіп кірді. Ілекең ол тұста «Жазушы» баспасының директоры болып қызмет істейтін. Қолма-қол КСРО Жазушылар Одағы басқармасы хатшыларының біріне телефон соқты. Нәтижесінде, менің де құжатым Мәскеуге жіберілді. Кейіннен мені жақтап Әбділдә Тәжібаев та Луконинге хат жазды. Есенберлин де араға басқа таныстарын салды. Ақырында екі жақтың күші тең түсіп, екі даудың арасында қалған КСРО Жазушылар Одағы Қазақстанға арналған орынды Моңғолияға беріп құтылды.

ҚОНАЕВ: Енді әлгі ағаңыздың кедергісінен қалай пайда көргеніңізді айтыңыз.

ШАХАНОВ: Қазақстан комсомолы «Время стреляет из лука» атты жыр жинағымды Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынса да, Республика Жазушылар Одағы оған қолдаухат беруден бас тартты демеп пе едім? Енді мына қызықты қараңыз. Егер біздің Одақ қолдаухат жазса да, ол сыйлық маған бұйырмас еді. Неге дейсіз ғой. Ол кітапта кезінде Саяси Бюродағы шалдарды келемеждеді деген айып тағылып, Сусловтың ашу-ызасын тудырған «12-3=?» атты поэма бар еді...

ҚОНАЕВ: Білем. Воронов маған бір екеуара әңгіме үстінде Сіздің сол поэмаңызды Сусловтың қаһарынан қалай сақтап қалғанын айтқан...

ШАХАНОВ: **Жасыратын не бар, нақ сол кезде ол сыйлыққа мен онша құлшына қойғаным жоқ. Өйткені сыйлыққа ұсынылған кітаптың ішінде әлгі поэманың енуі үмітімді сайға құлдилатты. Бірақ тосынан кезіккен бір жағдай мәселені кері шешіп жіберді. Сол кезде ойламаған жерден Мәскеуде, Жазушылар Одағында өткен бір жиынға шақырылдым. Жиын біткен соң, келесі күні түс ауа Евтушенконың үйінде шай ішіп отырып (онда да сыйлыққа байланысты әңгіме туып кеткен соң), оған әлгі оқиғаны баяндадым. Евтушенконың ызасы келіп, ай-шайға қарамай, бірден Марковқа телефон соқты. «Бүкіл Кеңес Одағындағы кейінгі буын өкілдерінің ішінен бұған тең келетін ақын жоқ», – дей келе, мені өтпей жүрген қыздай асыра, ұзақ мақтады. Артынша Марковтың хатшы қызына қайта хабарласып, мені Марковқа кезексіз кіргізіп жіберуді тапсырды. Барсам, шынында да, Марковтың қабылдау бөлмесінде КСРО Жоғарғы оқу министрінің орынбасары да бар, 10-15 адам отыр екен. Хатшыға Евтушенкоданмын деп сыбырлап едім, бірден Марковқа кіргізіп жіберді. Ол Одақтың екінші хатшысы Верченконы шақырып алды да, менің кітабымды қолдаған хат әзірлеуді және оған өзінің қол қоятындығын айтты. Ақырында әлгі хат**

менің сол кезгі рухани тағдырымды шешті. Біріншіден, Марков Брежнев дәуіріндегі ең беделді рухани тұғыр, бүкіл жазушылар қауымының бастығы ғана емес, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар комитетінің төрағасы, тіпті Брежневтің өзіне «Тың» атты журналистер жазып берген кітабы үшін №1 жазушылық билет тапсырған адам. Оның сол кезгі беделімен коммунистік партияның інісі комсомолдың санаспауы мүмкін бе? Құдай жарылқағанда, «12-3=?» жөніндегі пікірді ол кісі есітпеген болса керек, әйтпесе аяғын тартып қалуы әбден мүмкін еді. Марков бұл арада Евтушенконың пікірін ғана басшылыққа алды. Оның Верченкоға: «Евтушенко біреуге бос мадақ айтпайтын адам. Мына жігітке ерекше назар аударуымыз керек», – деген сөзінен аңғардым. Сонымен мен лауреат боп шыға келдім. Орталық басылымдардың бірінде мен туралы: «Одақтық поэзияға философиялық жаңа сөз қуаты зор, ешкімге ұқсамайтын дара ақын келіп қосылды», – деген пікір айтылды. Өз досым Евтушенко мен Нобель сыйлығының лауреаты Иосиф Бродскийдің өзі ұстазым деп мойындаған, «Танакөз» атты поэмамды аударған Евгений Рейннен өзге одақ әдебиетінің бірінші қатардағы классиктері Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматов, Мұстай Кәрім, Давид Кугультинов үйге телефон

соғып құттықтады. Тұс-тұстан жеделхаттар жауып кетті. Жазушылар Одағына кіріп едім, баяғы ағам баспалдақтан төмен түсіп келе жатыр екен. Мені көріп абдырап қалды. Қасына жетіп бардым да, қолын қысып тұрып: «Аға, үлкен рахмет! Егер сіз қарсы болмағаныңызда, бұл сыйлықты мүлде ала алмайтын едім», – дедім. Ол не күлерін, не ренжірін білмей, қолымды қысқан күйі, басын қайта-қайта изеп, ұзақ үнсіз тұрды. Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырған себебім, кезінде өз ықпалындағы қаламгерлермен бірлесіп, Орталыққа хат ұйымдастыруда белсенділік көрсеткен, Кеңестер Одағында Нобельдік сыйлықтан да абыройлы боп саналатын Лениндік сыйлықтың Есенберлинге берілмеуіне тікелей «үлкен үлес» қосқан сол ағамыз еді... Қазақстан Жазушылар Одағындағы әлгі ағам мен Есенберлин арақатынасының шиеленісуіне жетпісінші жылдардың басында мен де қосымша себепкер болдым ба деген күдікті, өкінішті ой күні бүгінге дейін санамды мазалайды...

Кешіріңіз. Сізге қойсам ба деп жүрген негізгі сұрақтарымнан ауытқып барады екенмін. Жұрт арасында тың өлкесінің Ресей Федерациясының қарамағына кетіп қалмауына септігін тигізген адам ретінде Жұмабек Тәшеновтің есімі жиі ауызға алынады...

ҚОНАЕВ: Иә, Тәшенов ол кезде Министрлер Кеңесінің төрағасы болып қызмет ететін. Мен Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысымын. 1960-жылғы желтоқсан айы еді. Екеуміз де Мәскеудеміз. КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы жүріп жатқан. Түскі үзіліс кезінде Косыгин жаныма келіп: «Хрущев Тәшенов екеуіңді түскі асқа шақырады», – деді. Бардық. КОКП Орталық комитетінің мүшелері түгел түскі тамаққа жиналыпты. Хрущевтің қайта-қайта Тәшеновке бұрылып: «Мынадан ауыз тиіңіз, мына тағам ерекше екен», – деп екі-үш рет пейіл танытқанын өз басым алғашында түсіне алмадым. Түскі ас соңынан Хрущев: «Отыз-қырық минуттан соң маған келіңіз», – деді. Менің алдымда Тәшенов болып кеткен сыңайлы. Хрущев маған бірден: «Тәшеновты Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметінен босатасыз және оған жеңіл-желпі жай қызметтің бірін ғана ұсыныңыз!» – деп тапсырма берді. Мен өз пікірімді білдіре бастап ем, Хрущев ашуға мінді. Амалсыз көнуге тура келді. Бірақ Тәшеновты Семей облыстық атқару комитетінің төрағалығына жіберуге Хрущевті әзер дегенде идім. Бірақ Жұмабек марқұм өте қызба адам еді ғой. Елге қайтқан соң ұсынған әлгі қызметке келіспей, Мәскеуге қайта кетті. Хрущев те,

айналасындағылар да оны қабылдамады. Сөйтіп, өзі істі онан сайын шиеленістіріп алды. Кейіннен Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне әзер іліктірдік...

ШАХАНОВ: **Реті келіп тұрған соң айта кетейін. Жұмабек Тәшенов аға Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып төмендегенде мен ол кісінің қабылдауына бардым. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректордың көмекшісі – «жітікөз» қызметінде жүргенмін. Айлығым 50 сом ғана. Ең төменгі жалақы болғандықтан, одан «бойдақ салық» та ұсталмайды екен. Анам екеуміз бір өзбектің жалғыз бөлмелі жер үйін жалдап тұрып жатқанбыз. Алматыдан Төлеген Айбергенов телефон соқты. «Жұмабек Тәшенов деген ағаңа кір. Үй сұра. Соқа басың жетіп бармай, өзіне арнайы өтініш қағаз жазып алып бар. Мен сен жөнінде есінен шықпастай етіп айттым», – деді.**

Түсінгенім, Төкең Жұмабек Тәшеновпен оның бір жақын достары арқылы танысса керек. Өлеңдерін де оқып беріпті. Шымкент облысына қызметке бара жатыр деген соң маған ылғи да қамқор боп жүретін Төкең мен жайлы да өтініш айтып үлгерген ғой.

Ол кезде орысшаға мүлде шорқақпын. Мыңбай Ілесов ағаға орысша өтініш арыз

жаздырып алып қабылдауына барып ем, хатшысы «екі күннен кейін келіңіз» деді. Ол кісінің жұмыс стилі солай ма, жоқ әлде уақытының тарлығынан сондай шараға барды ма, білмеймін, қабылдауына жиналған 12-13 адамды бірден бөлмесіне шақырды. Көзі жайнаған, бұғағы арнасынан шыққан толық кісі екен. Бірінші қойған талабы мынау: «Әрқайсың айдалаға лағып кетпей, өтініштеріңді бірнеше сөйлемге сыйдыра, қысқа әрі нұсқа етіп жеткізіңдер!» Өзіне үміт арта келгендерге оның да жауабы қысқа болды: «Жарайды, мәселеңізді шешеміз, қайта беріңіз!», «Хатыңызды аудандық атқару комитетіне жіберемін. Оң шешім тауып қалар!», «Мұныңыз негізсіз. Заңға томпақ. Әйтсе де тексертіп көрейін». Бір Отан соғысының мүгедегі үй сұрай келген екен, «екі айдың ішінде жаңа қоныс тойын тойлайсыз» дегенде бейшара шал жылап жіберді...

Кезек маған келгенде өзімнің колхозда трактористі боп істегенімді, қазір қалада үйсіз жүргенімді айта келе, сөзімнің соңынан Төлеген Айбергеновтің атынан келгенімді сездірдім. Байқауымша, Төлеген ағам ол кісіге жақсы әсер етсе керек: «Сен де Айбергенов сияқты өлеңдеріңді жатқа оқисың ба? Ендеше екі шумақтан аспайтын ең қысқа өлеңіңді оқышы!» – деді. Өлеңдерімнің көбі жарты шақырым жерден әрең қайтатын

болғандықтан, есіме бір қысқа жырымды әрең түсіріп, жатқа оқып бердім:

«Көңіл айтты: «Саған жігіт білу
керек мынаны,
Бір күн дауыл өршелене соғады да тынады.
Сол дауылда «менмін» дейтін
дүниенің шынары
Терек байғұс тым биіктеп кеткені
үшін сынады».
Өмір айтты: «Тыңдама оны,
піспеген ой бұл әлі,
Ілесе алмай, кенже қалып
қойғандар да кінәлі!»

Өлеңнің мағынасы мына кісінің күрделі тағдырына мүсіркеушілік сезімін оятатындай сипатта болып кеткен жоқ па деп қауіптеніп тұр едім. «Жарайсың, сенен жақсы ақын шығуы мүмкін екен. Қайта бер, хатыңды Тыныбаевқа жіберемін», – деді. Сол хат қалалық атқару комитетінде ұзақ жатты. Байқауымша, Тәшеновты облыстық атқару комитетінің жай орынбасарларының бірі деп есептегендіктен бе, немесе оның биік қызметке қайта көтеріле алмайтынын сезгендіктен бе, әйтеуір, мені Тыныбаев әуре-сарсаңға салды. Кейіннен Тыныбаевтың намысына тиетіндей үш-төрт шумақ өлең жазып, хатшы қызына тастап кеттім.

Сол өлеңнен кейін Тыныбаев мені өзіне шақыртып, бір жарым бөлмелік ескі үй берді. Қуанышымда шек болған жоқ. Бірақ соған апарар негізгі жолды марқұм Тәшенов ағам қалап кеткені ақиқат. «Жақсыдан – шарапат» деген осы да...

Көңілімде Сізге қойылар тағы бір сұрақтың құлағы қылтиып тұр. Кезінде Хрущев Маңғыстау түбегін Түрікменстанға беру туралы мәселе көтерді ме?

ҚОНАЕВ: Иә. Бірде мені Хрущев өзіне шақырып: «Түрікмендердің мұнай өндіруде тәжірибесі мол. Сондықтан «Маңғыстау түбегін соларға берейік», – деді. Және ол сөз арасында: «Қазақстанда сапарда жүргенімде мен осы мәселені Сізге айтып едім, есітсеңіз де естімеген сыңай танытып, әңгіме арнасын басқа жаққа бұрып жібердіңіз. Сіз тек қана қазақ халқының мүддесін көздемеңіз. Мұнай бүкіл Кеңес Одағына керек», – деп мені қыспаққа алды. Кезінде осы проблема алғаш бой көтере бастағанда КСРО Геология министрі Сидоренкомен ұзақ әңгімелескенім бар еді. Ол кісіні өз жағыма шығарып алғанмын. Сол есіме түсті де Хрущевке: «Егер менің пікірімді дәлелсіз деп есептесеңіз, Геология министрі Сидоренконың ойын тыңдап көріңізші», – деп өтініш жасадым. Ол бірден Сидоренкомен байланысты.

Дауысы ашық телефоннан саңқылдап естіліп тұрды. «Никита Сергеевич, – деді ол. – Қазақстанда геологиялық қызмет басқа республикаларға қарағанда жақсы дамыған. Әрі оларда тәжірибе де мықты. Оның үстіне жақында Маңғыстауға Ақтөбе және Гурьев темір жолдары жалғасады. Сондықтан Маңғыстауды Түрікменстанға беруге мен де қарсымын...»

Хрущев маған жақтырмай, ала көзімен бір қарады да, әңгімесін доғарды. Қайтып ол мәселе көтерілген жоқ.

ШАХАНОВ: Сол Хрущев басшылығы кезінде Шымкент облысының Мақтаарал, Киров, Жетісай аудандары Өзбек республикасының құрамына берілді. Өзіңізді Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан босатып, орныңызға Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Исмайыл Юсуповты сайлады. Бұл оқиға бірінші кезекте Шымкент облысы тұрғындарының рухын құлатты. Жұрттың көбінің ызасы келгенімен, өз үйінде отырып тісін қышырлатқанымен, билік мәшинесіне қарсы не істей алмақ? Мәселен, мен ол тұста облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жітікөзбін, яғни қызмет мәртебем үй сыпырушы әйелмен шамалас. Облыстық партия комитетінен түскен тапсырмаға орай өзбек пен қазақ халықтарының ғасырдан

ғасыр асып келе жатқан достық қатынасын тілге тиек ете отырып, осы «үлкен оқиға» құрметіне «Оңтүстік Қазақстан» газеті арнайы нөмір әзірлеуге белсене кірісіп кеткен. Әрине, кейбір журналистерге жоғарыдан тапсырма түссе болды, елдік, ұлттық мүддеге басын ауыртпайды. Олар үшін тұлпарды есекке теңеп сүмірейту, немесе есекті тұлпардан биік қойып асқақтату түк емес. Сондай әмбебап екі журналист бірлесіп, жан-жаққа телефон соғып, «үлкен саяси бауырластық қадамды» қолдаған пікірлер топтамасын ұйымдастырып жатқан. Олардың әңгімесін тыңдап тұрған үй сыпырушы әйел: «Мына түрімізбен болашақта ұлт боп қалмайтын шығармыз. Біздің журналистердің көбі еркек емес!» – деп күректей сыпыртқысын лақтырып жіберіп, есікті тарс жапты. Бөлмеде отырған бірнеше адам ләм-мим дей алмай, көзімен жер шұқып қалды. Тек әлгі журналистің бірі ғана: «Үй сыпырғышқа дейін осындай мінез көрсете бастауы жақсылық емес, КГБ-ға хабарлау керек екен», – деді.

«Ендеше мені де бірге қосып хабарлаңыз, өйткені әлгі әйелдің ойын толық қолдаймын» дегенімде, егде журналист маған ежірейе қарап, басын шайқады. Бұл әңгіме газет редакторына жетті ме, жетпеді ме, білмеймін, біраздан кейін ол мені өзіне шақырды.

«Мұхтар, – деді ол сабырлы қалыппен. – Ертең жоқ, арғы күнге үш ауданның өзбек ағайындарға берілуіне байланысты арнаулы нөмір әзірлеп жатқанымызды білесің. Екі елдің достығын мадақтай келе, «жүрегіміздің үш бөлшегін сол достыққа сый ретінде ұсынамыз» деген мазмұнда өлең жазсаң. Бірінші бетке үлкен әріптермен тергізіп саламыз».

«Жоқ, ондай өлең жаза алмаймын. Себебі мына үш аудан да бұрынғы берілген Бостандық ауданындағы қазақтар сияқты аз жылда ұлттық сипатынан, тілінен айырылып, өзбек халқының санын толықтырар тобырға айналары айқын. Ойланыңызшы аға, бұл мақтаныш емес, қасірет қой», – дегенімде редактордың түсі бұзылып: «Қой, мұндай ойыңды менен басқа ешкім естімесін. Өз ақындық болашағыңа өзің тосқауыл қойма», – деді.

Жалма-жан хатшы қызына тапсырма беріп, облыстағы белгілі ақын Жұмабек Еділбаевты іздетіп еді, ол осы редакцияда, мәдениет бөлімінде отыр екен. Жұмекеңді өзіне шақырып алды да, маған айтқан өтінішін оған қайталады. Ол: «Көлемі қанша жол болуы керек?» деп сұрады. «Онон бес шумаққа дейін сілтей бер!» «Рахмет Сізге. Ертең сағат 9-да өлең алдыңызда жатады». «Келістік».

Ол шығып кеткен соң редактор: «Ақын балақай, есіңде ұста, қоғамға әлгіндей ақындар да өте қажет», – деп қулана жымиды.

Сонымен «Оңтүстік Қазақстан» газетінде бұл айтулы процеске ең төменгі деңгейдегі екі адам, яғни, қызметі бір-біріне шамалас, еден сыпырушы мен жітікөз мамандығының иелері ғана ашық қарсы пікір білдірген екенбіз.

Енді жоғарғы деңгейдегі қолдау мен қобалжуды өзіңіз айтсаңыз.

ҚОНАЕВ: Бұл өзі мен үшін күтпеген жағдай еді. 1962-жылы желтоқсан айында Кремльде Хрущевпен әңгімелесіп отырғанымда ол: «Бүгін маған Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Юсупов келіп кетті және ол өздеріңіздегі мақта өсіретін үш ауданды Өзбекстан республикасының құрамына беру туралы ұсыныс жасады», – деді.

Қаным басыма шапшып, құлағым шыңылдап, үнсіз отырып қалдым. Әлгінде ғана Юсупов екеуміз жолыққанбыз. Ішінде арамдығы бұғып жатқанын қайдан білейін. Хрущевпен кездескені жайында ләм-мим деген жоқ.

Едәуір үнсіздіктен соң мәселенің бұлай шешілуіне үзілді-кесілді қарсы екенімді Хрущевке жеткіздім. Ол менен мұндай қарсылықты күтпесе керек, беті нарттай

қызарып барып басылды. Сосын: «Жарайды, КОКП Орталық комитетінің төралқа мәжілісінде шешейік», – деп жуасыды.

Төралқа мәжілісінде Хрущев Юсуповтың аяғын жерге тигізбей мақтады. «Мәселеге тек бір ұлттың емес, жалпы мемлекеттік тұрғыдан қарай білетін осындай басшылар қоғамға ауадай қажет», – деп көкіді. Ақырында мені Министрлер кеңесінің төрағалығына ысырып, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылығына Юсупов, екінші хатшылыққа Соломенцев сайланды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тау-кен институтына жіберуді сұраған өтінішімді аяқсыз қалдырды.

Кейінгі жағдайды өзіңіз білесіз. Үш ауданды қайырып алдық. Ең өкініштісі, Өзбекстан құрамында қалып кеткен Бостандық ауданы... Осыдан екі жыл бұрын екеуміздің арамызда сол ауданға байланысты бір әңгіме болып еді ғой...

ШАХАНОВ: Иә. Сол Бостандық ауданынан екі адам келіп ауданды қайтадан Қазақстан құрамына қайтару мәселесін көтерген-ді. Бірі – Социалистік Еңбек Ері, екіншісі – жас жігіт еді. Аты-жөндерін ұмыттым. Оларды сол кезгі Жоғарғы Кеңестің төрағасы Серікболсын Әбділдинге де, өзге басшыларға да жолықтырғанмын. Сізден де пайдалы мәлімет алғанбыз. Кезінде

Бостандық ауданы Өзбекстан құрамына уақытша ғана берілген ғой. Тіпті көрсетілген мерзімі де өтіп кетіпті. Бір күні екі адамның жастауы жылап тұрып телефон соғады. Сөйтсек, әлгілердің Бостандық ауданын Қазақстан құрамына қайтадан енгізуге жұмыстанып жүргенін сезіп қойған бір-екі өзбек ағайын Социалистік Еңбек Ері атанған қадірлі қазақ қариясын тротуарда кетіп бара жатқан кезінде мәшинемен қуып басып өлтірген. «Енді маған тықыр таянып тұр», – деді жігіт өксігін баса алмай. Мен Өзбекстан Президенті Ислам Кәрімовке болған оқиғаны сараптап, арнайы хат жолдадым.

Бұл арада мына бір мәселені ескергеніміз жөн. Өзбек халқымен біз шын мәнінде бауырласпыз. Бірақ әр ұлттың өз тілі, өз рухы салтанат құруы керек. Өзбек ағайындар осы жағын ескере бермейді. Қайбір жылы Бостандық ауданын аралағанымда, бір қазақ қариясы үйіне қонаққа шақырды. Үш бала, екі қызы бар екен. Бәрі де өзбек мектебінде тәлім алып жүр екен. Бұрынғы қазақ мектебі әлдеқашан жабылған. Баласынан: «Өзің қай ұлттың өкілісің?» – деп сұрап едім, «Дадам қозақ, өзім өзбәкмән», – деп жауап қайырды. Әкесінің айтқаны мынау: «Бұл жерде ұлтын қазақ деп көрсеткендерге жөнді қызмет бермейді. Амалсыздан перзенттеріміздің бәрі өзбек

боп жазылды». Осындай тәсілмен Өзбекстан республикасында қалып қойған бірнеше миллион қазақ бауырлас ұлттың құрамына сіңіп кетті... Бұл аз қайғы ма?

Жоғарыда айтылған ыңғайсыз оқиғадан соң екі елдің ресми өкілдері шекараны өзгертпеу туралы келісімшартқа қол қойып жіберді. Сонымен жабулы қазан жабулы күйінде қалды...

***ҚОНАЕВ:* Өкініштi-ақ...**

***ШАХАНОВ.* Енді сізге бір ыңғайсыздау сұрақ қойсам ренжімейсіз бе? Жұрт арасында сізді қазақ емес, туысқан татар ұлтының өкілі екен деген әңгіме жиі-жиі естіледі...**

***ҚОНАЕВ.* Менің атам, яғни әкемнің әкесі Жұмабай Қонайұлы Хадиша атты татар қызына үйленген екен. Бұл оқиғаның біздің әулеттің бет-әлпетіне елеулі түрде әсер еткенін аңғаруға болады. Бірақ біздің қазақ ұлтты да, руды да еркек кіндікке, атаға қарап жіктейді емес пе? Айтадындар айта берсін. Осы жағынан алып қарағанда өз басым 100 пайыз қазақпын!**

***ШАХАНОВ.* Дұрыс. Бәрі түсінікті болды. Сіздің жүйелі жауабыңызбен бұл сұраққа нүкте қоялық!!**

Жоқ. Нүкте қоюға әлі жете қоймаған сияқтымыз. Димекеңнің о дүние есігін қаққанына қаншама жыл өтсе де, жуырда біреу интернетте Қонаевтың қазақтарды

алдап билік басына барғанын, оның татар ұлтының перзенті екенін, және өзге де кемшіліктерін қазбалап, үлкен мақала жариялапты.

Осы мәселе алдымыздан қайта шыққандықтан, бірінші кезекте Қонаевтың туған қарындасы **Сара Қонаеваның** өз ата-тегі туралы пікіріне құлақ ассақ:

> ***«Ата-бабамыз елге сыйлы, қадірлі Жұмабай мен Қонай батырлар болған. Димаш ағам – қазақ. Ұлы жүздің Үйсінінен Ақсақал (Абақ), одан Қараша би, одан Бәйдібек туады. Біздің ата-бабамыз сол Бәйдібектің екінші әйелі Зерептен туған Жалмамбеттің Ысты деген баласынан тарайды. Жеті атамыз: Жолын – Нұрмамбет – Азынабай – Қонай – Жетібай – Жұмабай – Меңдіахмет – Дінмұхамед... Әкеміз Меңдіахмет... 1976 жылы 90 жасқа қараған шағында дүние салды. Анамыз Зәуре бұрынғы Шелек ауданының орталығындағы сіңірі шыққан кедейдің қызы болған. Ол 1973 жылы 86 жасында дүниеден өтті...»***

Енді «Жұлдыздар отбасы» журналының бас редакторы Жарылқап Қалыбайдың белгілі қонаевтанушы ғалым Ораз Қауғабаймен жүргізген «Қонаевтың қазақ екені даусыз» деген сұхбатын назарларыңызға ұсынғанды жөн көріп отырмын:

> ***"– Ореке, Қонаев атамыздың ұлты туралы интернетте, газет беттерінде,***

ауызекі әңгімелерде өте жиі сөз болатын бір дау бар. Ол – Димаш Ахметұлының жеке құжаттары жас кезінде бірде татар, бірде қазақ деп жазылғандығы және кейін құжатын қазақ деп ауыстырғандығы туралы қауесет. Осының сырын ашып беріңізші, Қонаев қазақ па, татар ма?

– Сұрағың орынды. Мен «Қазақстан мұғалімі» газетінде 15 жылдай жұмыс істедім. Жұмысқа баратын жолым Қонаевтың ескерткіші тұрған жерден өтетін еді. Қасымда өзіммен бірге жұмыс істейтін азамат бар. Ол үнемі Димекеңнің ескерткішін көрсетіп, «Мынау – татар, қазақ емес. Қу татар атақтың бәрін өзі алып жатыр» дейтін. Бұл менің жүрегіме шаншудай қадалатын. Осындай сөздерді жиі естігеннен кейін мен Димекенді қатты жек көрдім. Сондықтан ол кісінің ататегін, жеті ата, үрім-бұтағын білгім келді де, зерттеуге кірістім. Менің қонаевтанушы болуыма осы оқиға себеп болды.

Димекеңнің мұражайында оның атасы Жұмабай Қонайұлының қазақ екенін дәлелдейтін мұрағат материалы бар. Онда 1912 жылы 30 қарашада Верный қаласында Жұмабайдың қайтыс болуына байланысты оның мұрагерін тағайындау жөнінде Верный қалалық соты болады. Сол соттың шешімінде Жұмабайдың «қырғыз» екені тайға таңба басылғандай жазылған.

«..надь имуществомь умершего киргиза Нижне-Илиского волости Джумабая Кунаева... учредить опеку и опекуномь назначить сына покойного – Минди-Ахмет Кунаева» деп жазылған. Ол кезде қазақтарды «қырғыз» деп атағаны тарихтан белгілі. Бұл – Димекеңнің тегі таза қазақ екенін дәлелдейтін бұлтартпас дерек емес пе?!

– Олай болса, Димекеңнің жас кезіндегі кейбір құжаттарында неге «татар» деп жазылып кеткен?

– Димекенді орыс мектебіне барғанға дейінгі жасында әкесі Меңдіахмет медресеге оқуға береді. Бұл халық аузында «Гаспринский мектебі» деп аталған діни мектеп көрінеді. Сол оқу орнының тәртібі бойынша толтырылған анкетада, неге екені белгісіз, Мендіахмет баласын «татар» деп жаздырған екен. Меніңше, мұның бірінші себебі – «Гаспринский мектебі» татар мектебі болғандықтан, екінші себебі – Мендіахметтің сол кездегі Верныйдың ең ірі байы, татар Ысқақ Ғабдуалиевтің қол астында істеп, приказчик қызметін атқарғандығынан, үшінші себебі – Мендіахметтің шешесі Хадиша Сағалбайқызының ұлты татар шатыс болғандығынан ба деп топшылаймын. Сонымен бірге Хадишаның көпес Ғабдуалиевке анасы жағынан туыстық жақындығы бар көрінеді. Ал Димекеңнің

туған анасы Зәуре – Шелектегі қаңлының қызы. Егер Жұмабай қажы тегіне тартпаса, қазақ салтымен ұлы Мендіахметке 13 жасар қазақтың қызын құда түсіп, алып бермес еді ғой.

– Димекеңнің Туу туралы куәлігінде ұлты кім деп жазылған?

– Мұнда мынадай бір өкініште жағдай бар. Димекеңді менен де жақсы білетін адам Серік Әбдірайымұлы еді. Ол екеуміз күні бүгінге дейін Қазақстанды дүрліктіріп отырған осы даулы мәселеге байланысты бір сұхбат жасауымыз керек болған. Секең: «Менде Димекеңнің өз қолымен берген Туу туралы куәлігі бар, сол куәлікті саған көрсетем», – деген. Бір өкініштісі, ол куәлік менің қолымда жоқ. Секең қайтыс болып кетті. Куәлікті өзім көрген жоқпын. Бірақ онда «ұлты – қазақ» деп көрсетілген. Ал әлгі анкетада «татар» деп жазылып кеткен. 1942 жылы Совминге келерде толтырған анкетасында да «қазақ» деп жазылғанын өз көзіммен көрдім. Димекеңнің ұлты туралы қайшылықты пікір осылардан туындаса керек. Алғашында Томск қаласына оқуға барғанда ұлтын «қазақ» деп көрсетіпті. Ал бала кезінде Димекеңмен бірге өскен, қызметте бақталас болған, Н.С.Хрущевтің заманында Қазақстанның бірінші билігі тізгінін Димекеңнен бір рет алып, қайта ай-

ырылып қалған (1962-64 жылдары) ұйғыр Исмайыл Юсупов қартайған шағында жазған естелігінде: «Ол – татар, бірақ лауазым үшін бір күн, бір түннің ішінде құжаттарын ауыстырып алды», – депті. Бірақ қашан, қай кезде екенін дәлелдеп, ашып жазбайды. Юсуповтың тұсында қазақ жерінің бес ауданының Өзбекстанға қосылып кеткенінен-ақ оның қандай қайраткер болғаны халыққа белгілі.

Димекеңнің Әминә дейтін әпкесі болған. Сол кісі: «Біздің әжеміз Хадиша татар шатыс болған. Сондықтан бізді жұрт «татар» дейді. Бұл дұрыс емес», – деп жиі айтып отырады екен. Бұл – Димекеңнің және жалпы Қонай әулетінің қиын-қыстау замандағы аласапыран тағдыры. Замана қиындықтарына байланысты түрік жеріндегі бауырларымыз-дың құжаты «түрік», ал Өзбекстандағы қандастарымыздың «өзбек» болып жүргені өтірік пе?

– Жұмабай қажы туралы айтыңызшы. Ол – Қонайдың баласы. Тобықтының ішіне барып тұрып қалған Қонайдың бір ұл, бір қызы болады. Кейін өз еліне, Жетісуға кетпекші болғанда тобықты елі қарсы болады. Сөйтіп, «қызымызды тастап кетесіңдер» дейді. Ол ұлы Жұмабайды алып Жетісуға кетеді. Бірақ келген соң белгісіз жағдайда өледі. Жұмабай жетім қалады. Ол кімнің қолында өседі?

– Иә, Қонай өлгеннен кейін Жұмабай жетім қалады. Жалғыз қалған баланы немере ағасы Шолақ пен оның әйелі Қырықжылқы бағады. Қонайдың әкесі Азынабайдың үш әйелі болған. Шолақ – Қонайдың солардан туған бір бауыры.

Қонайдың өзі де екі әйел алған. Соның бірінде Тобықтының жесірін алып қашып, басы дауға қалады. Ал қазақта жер дауы мен жесір дауы – өмірі бітпейтін дау. Сондықтан да тобықты елінен атажұрты Жетісуға басы даулы болып қоныс аударады. Қонайдың бесін намазын оқып отырған кезінде өлтірілгеніне қарағанда өшіккен жау еш нәрседен тайынбаған.

– Димекеңнің татар қызын алғаны әжесінің татар шатыс болғанынан ба? Сондай-ақ Меңдіахметтің Димекеңнен басқа ұл-қыздары татарға үйленді ме?

– Димекеңнің әжесі өте ықпалды адам болған. Жұмабай атамыз екеуі де діни сауатты, әрі дәулетті өмір сүрген. Сондықтан да Жұмабай ақсақал екі мәрте қажылыққа барып келген. Верныйдағы ағаштан салынған үлкен үйінің ауласында жазда киіз үй тіктіріп отырады екен... Бірақ балаларының барлығы қазақша сөйлеген, ең бастысы, қыздарын түгел қазаққа ұзатқан Димекең ғана татар қызы Зуһраға ғашық болып үйленеді. Ал інісі Асқар Әуезовтің қызына үйленгенін білесіз.

– Қазақ руы мен ұлтын анадан емес, атадан таратады. Мысалы, Абылай ханның 12

әйелінің біразы – қалмақ қызы. Бірақ оның ұрпағын қалмақ демейміз ғой. Жұмабайды татар әйеліне қосылды екен деп, ұрпағын татарға жатқызсақ, бұл әділетсіздік болмай ма?! Ендеше, Қонаевты таза қазақ деуге толық құқымыз бар. Солай емес пе?!

– Әрине, Қонаевтың қазақ екені даусыз. Осымен бұл мәселеге нүкте қою керек. Бұдан былай Димекеңнің тегін теріс қаузайтындар болса, оны Құдайдың өзі кешіре қоймас деп ойлаймын!"

* * *

Желтоқсан көтерілісінен кейін іле-шала Қонаевқа бірнеше ауыр кінә тағылды. Соның бірі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының қаулысы. Енді осы құжатқа назар аударалық:

№78

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
БЮРО ЦК Компартии Казахстана
От 25 мая 1987 г., протокол № 40 §3

О тексте сообщения второго секретаря ЦК Компартии Казахстана тов. Кубашева С. К. на IX пленуме ЦК «О т. Кунаеве Д. А.»

(тт. Колбин, Кубашев, Мукашев, Башмаков, Мендыбаев, Мещеряков, Давлетова, Гукасов, Кузьменко, Мирошник)

Одобрить текст сообщения по данному вопросу.

Секретарь ЦК Компартии Казахстана **Г. КОЛБИН**

Сообщение второго секретаря ЦК тов. Кубашева С. К. на IX пленуме ЦК Компартии Казахстана

О т. Кунаева Д. А.

В соотвествии с поручением VIII пленума ЦК Компартии Казахстана Бюро ЦК проверило и рассмотрело вопросы о серьезных недостатках в работе т. Кунаева Д.А. в бытность первым секретарем ЦК Компартии Казахстана.

Установлено, что т. Кунаев Д.А., длительное время возглавляя республиканскую партийную организацию, допускал отступления от норм партийной жизни, нарушал принципы коллегиальности в работе, игнорировал критику и самокритику. Он создавал в партийных организациях атмосферу парадности, самовосхваления и угодничества.

Особенно крупные ошибки были допущены т.Кунаевым в кадровой политике. Им насаждались протекционизм и семейственность, выдвижение работников по родоплеменным и земляческим признакам. Многие факты злоупотреблений среди руководящих

работников замалчивались, не получали партийной оценки, а по некоторым из них принимались меры только после вмешательства ЦК КПСС. Так, во главе Академии наук Казахской ССР в течение 12 лет стоял его родной брат А.М.Кунаев, который по существу не руководил ее работой, поощрял угодничество и подхалимство, пьянствовал В системе Академии процветали приписки, очковтирательство, злоупотребления, а серьезной научной работы, по сути дела, не велось. В ЦК Компартии республики об этом было известно. Однако вопрос о его партийной ответсвенности был рассмотрен лишь КПК при ЦК КПСС, после освобождения т. Кунаева от работы первого секретаря ЦК Компартии Казахстана, в феврале 1987 года.

На руководящих постах работало много других его родственников, которые в основном не показывали примера партийного отношения к делу.

Длительное время допускалось терпимое отношение к злоупотреблениям бывшего первого секретаря Чимкентского обкома партии А.Аскарова – родственника т. Кунаева. По нему были приняты меры только после проверки ЦК КПСС. Аскаров был освобожден от работы, а в последствии исключен из партии и сейчас привлечен к уголовной ответственности.

Имели место и другие факты нереаригова-

ия на письма и сигналы трудящихся о неправильном поведении некоторых руководящих работников.

В ближайшем окружении т.Кунаева оказалось немало лиц, совершивших крупные преступления. В настоящее время исключены из партии и привлечены к уголовной ответственности его помощник Д.Бекежанов, управляющий делами ЦК Компартии А.Статенин, начальник ХозУ Совмина республики А.Лысый, исключен также из партии бывший его помощник В.Владимиров.

Своими неправильными действиями т.Куна-ев нанес существенный ущерб интернациональному воспитанию трудящихся. В республике практически была свернута борьба с проявлениями национализма в общественной жизни. В ЦК Компартии не получили принципиальной оценки антиобщественные выступления казахской молодежи в г. Целинограде (1979 г.). Этот случай и факты националистических проявлений в других местах не были рассмотрены на Бюро ЦК Компартии Казахстана, в местных партийных комитетах.

Как известно, националистический характер носили беспорядки в городе Алма-Ате в декабре прошлого года. Они нашли определенную поддержку у части студенческой молодежи в других городах республики. Несмотря на неоднократные обращения членов Бюро ЦК

Сурет-естеліктер





Тбилиси. Д.А.Қонаев КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Л.И.Брежнев бастаған Саяси Бюро мүшелерімен



Димекеңнің 70 жылдығын тойлау сәті. Солдан оңға қарай 1-қатарда: А.Қисанов, А.Асқаров, Д.Қонаев, Зуһра Шәріпқызы, Б.Әшімов, К.Қадыржанов және К.Аухадиев



Абайға тәу ету



Дели. Үндістанның Президенті Варахигера Ватката Гири, Л.И.Брежнев, А.Н.Косыгин, Д.А.Қонаев



Қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсіреповке Социалистік Еңбек Ері алтын жұлдызын тапсыру сәті



Димекең мен З.Шәріпқызы Олжас Сүлейменовпен бірге



Д.Қонаев пен Н.Назарбаев



Д.Қонаев пен К.Аухадиев



Димекең Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновпен бірге



Д.Қонаев басқарған КСРО делегациясы Жапонияда



Жамбыл ауылында



Сағидолла Құбашевқа Д.А.Қонаев орден тапсырып тұр



КСРО халық әртісі М.Ульяновпен әңгіме



Д.А.Қонаев, Ж.Шаймерденов, А.Асқаров.
Р.Қобдабергенов Шымкент қорғасын зауытында



Д.А.Қонаев өзінің "Өтті дәурен осылай" атты кітабына қолтаңба беруде



Д.Қонаев С.Әбіраймовпен бірге



Д.А.Қонаев Қазақ Мемлекеттік Университетінде. Оң жақта академик, университеттің ректоры Өмірбек Жолдасбеков



Димаш Ахметұлы мен Зуһра Шәріпқызы Киров крейсеріндегі қазақстандық матростар арасында



Д.А.Қонаев пен М.Шаханов



Д.Қонаев жиендері Эльдар мен Диастың ортасында



Үлкен Алматы каналының ашылу салтанаты алдында



**Зуһра Шәріпқызы, Амангелді Шабдарбаев,
Димаш Ахметұлы демалыс уақытында**

Компартии Казахстана, т.Кунаев отказался выступить перед собравшимися на площади в Алма-Ате. За все напряженное время негативных проявлений он ни разу не позвонил, не подавал никаких признаков хотя бы малейшего интереса к происходящему.

Одним из факторов создания в республике нездоровой морально-политической атмосферы и перекосов в межнациональных отношениях явились допущенные в 70-80-е годы крупные провалы в экономике в социальной сфере. В этот период резко ухудшилось использование научно-производственного потенциала. Вклад Казахстана в единый народнохозяйстенный комплекс страны стал все больше не соответствовать его возрастающему экономическому и научному потенциалу. Застойные явления охватили все отрасли народного хозяйства и сферы общественно-политической жизни. Нарушались принципы социальной справедливости. Разрыв в уровне экономического и социального развития между областями республики не только не сокращался, а даже увеличивался. За последние три пятилетки на строительстве жилья и обьектов соцкультбыта недоосвоено 1 миллиард 900 миллионов рублей государственных капитальных вложений.

Ухудшилось продовольсвенное снабжение населения. Животноводство в республике пришло в упадок. Оно оставалось без фуражного

зерна, и в то же время не уделялось внимание кормопроизводсвту. Всеэтокрайнеослажнило положение с обеспечением населения мясомолочными продуктами в республике, которая считается одной из крупных животноводческих без страны. Для их обьяснения можно найти некоторые обьективные причины. Но ясно другое, что, находясь на посту первого лица в республике, на посту члена Политбюро ЦК КПСС, т.Кунаев многими вопросами экономики конкретно не занимался, руководил вообще, в общем плане, не утруждал себя предметным анализом, поисками вполне конкретных подходов к решению проблем.

Такой стиль вольно или невольно передавался на места. Тов. Кунаев Д.А вместо принятия мер, мобилизации усилий партийных организаций на устранение недостатков, всячески затушевывал остроту отрицательных процессов, преувеличивал достижения, создавал видимость блогополучия. Все это приводило к неверному предсатвлению об истинном месте и роли республоики, порождало чувства национальной кичливости, местничество и иждивенчество.

Эти и многие другие недостатки в работе т. Кунаева были подвергнуты резкой критике на XVI съезде Компартии Казахстана, на XXVII съезде КПСС, но он необходимых выводов из

этой критики не сделал и должных мер по их устранению не принимал.

В республике широко распространилась практика строительства престижных обьектов, на возведение которых отвлекались значительные суммы государственных средств в ущерб решению острых социальных проблем. Теперь уж многие такие факты преданы гласности, но в свое время ЦК Компартии, зная о них, мер не принимал. Тов. Кунаев и лично вел себя крайне нескромно. Для него в ряде областей были сооружены с большим комфортом так называемые «резиденции», обустроены несколько крупных охотничьих угодий, на стройтельство и содержание которых затрачены большие средства. Он принимал дорогостоящие преподношения и подарки.

Серьезным недостаткам в работе т. Кунаева в бытность первым секретарем ЦК Компартии Казахстана дана принципиальная оценка в постановлении ЦК КПСС «О работе Казахской республиканской партийной организации по интернациональному и патриотическому воспитанию трудящихся», а июньский (1987 г.) Пленум ЦК КПСС вывел его из состава членов Центрального Комитета КПСС.

Все это говорит о том, что Д.А.Кунаев, как член ЦК, не оправдал высокого доверия республиканской партийной организации. Бюро ЦК Компартии Казахстана считает

невозможным пребывание т.Кунаева Д. в составе членов ЦК Компартии Казахстана в связи с допущенными им серьезными недостатками в руководстве республиканской партийной организацией в бытность первым секретарем ЦК Компартии Казахстана и вносит этот вопрос на рассмотрение настоящего пленума ЦК.

Бұл жайында Қонаев өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты кітабында былай дейді:

«Ешқандай қатысым болмағанына қарамастан «Алматы оқиғасын» басты ұйымдастырушылардың бірі деп мені нысанаға алды. Түп етектен шап беріп ұстаудың не бір айла-шарғысы жасалды. Алақанына түкіріп қойып «Әп, бәлем, қолға бір түсерсің» деп, емексігендердің бірі Колбиннің өзі. Оқиғаның өршіп, осыншалықты белең алуына ең басты себеп Қонаевтың алаңға барып, жастар алдында сөйлемеуінен дегенге иек артумен болды. Жиналыс сайын қайталауының бір сыры осында еді. Тек бұл ғана емес, республика партия ұйымының өмірінде орын алған қандай келеңсіз құбылыс болса, соның бәрін жиып-теріп әкеп, тек менің соқа басыма үйіп-төгуге тырысты. Бір ши шықса, тап осы жерден шығар деп үміттенді...

Ал, айызы қанып, «бәлем саған осы

керек» деп отырғандар да жоқ емес еді. Олар – Камалиденов, Мұқашев, Меңдібаев. Өт жарылардай-ақ іс...

Желтоқсан оқиғасы өткеннен кейін үш жыл бойына мені және менің жақындарымды қуғындаумен болды. Ол үшін ар-ұяттан безген журналистсымақтар мен ғалымсымақтарды айдап салып, екі кісі бас қосқан жерде жамандап, сөз сөйледі, газет беттерінде құлаш-құлаш «сын» материалдар жариялады. Қолынан келген қонышынан басадының керін келтірді. Олар шімірікпестен тілдеуге дейін барды. Мені «таптап» өтіп, күллі республика тарихына қара күйе жақты.»

Сол кезгі зобалаң жайлы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бұрынғы бюро мүшесі, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кеңес Аухадиев өзінің «Өмір жолы – тар соқпақ» атты кітабында былай әңгімелейді:

«Қызылордалық бір әйел пәтер алып берем деп елден ақша жинап алыпты да, қашып кетіпті. Бірақ кейін ұсталып, сегіз жылға түрмеге кесіледі. Оның Алматы түбіндегі Заречный поселкесінде жатқанына төрт жыл болыпты. Енді сол әйел төрт жылдан кейін арыз жазыпты. Арызында он бес адамның аты-жөнін атапты да, солардың ішінде мені басшысы етіп көрсетіпті. «Мен о кісіні

бұрыннан білетінмін. Мен Қызылордадан келгенде, со кісінің мәшинесі мені қарсы алатын. Кейін табысымызды бөлісетінбіз. Осы он бес кісі бірігіп істедік. Бір рет бір мәшинені Брежневтің күйеу баласы Чурбанов дегенге апарып бердім. Аухадиев екі рет пакет берді, соны апарып бердім. Ішінде не барын білмеймін», – деп жазыпты.

Мен арыздың өтірік екеніне емес, қылмыскер әйелмен одақтас болған біздің үлкен шенеуніктердің ешқандай былғаныштан да жиіркенбейтіндігіне таң қалдым. «Сіз өйтіңіз, бүйтіңіз. Сол үшін біз сізге өйтеміз, бүйтеміз», – деп, сірә, уәде берген шығар-ау...

...прокуратураға үшінші рет тағы шақырылдым. Бұл жолы республикалық прокуратураға. Ол кезде Қонаевтың көмекшісі Дүйсетай Бекежанов қамауға алынған болатын. Соның мәселесімен шақырыпты. Шетелден келген мылтық, жиһаз жайында сұрақтар қойды. Мен бір мылтық сатып алғам, әңгіме сол жайында болды...

Бірақ өзіме де, үй ішіме де, достарыма да әр шақырыс қаншама үрей мен күдік әкелді десеңізші! Мені прокуратура шақырғанда, үйден Кеңес Үшбаев бірге шығатын. «Қамаса, мені бірге қамасын», – дейтін...

Олар Қонаевты да ақша жеген етіп көрсетуге тырысты. Жетпіс жылдығын атап өтуге жұмсалған ақша, түсірілген кинофильм көп

сөз болды. Кинофилім үшін Олжасты да біраз әуреледі. Ал Димекеңде жетпіс жылдығына жұмсалған ақшалардың барлық құжаты бар боп шықты. Өкіметтен дүние жемек тұрмақ, өз дүниесін өкіметке беріп келгені анықталды. Қалалық балабақшаға пионино, екі кілем, бірнеше ваза, сурет, тағы басқа да заттарды тегін берген екен...

1937-жылы ағаларымызды қандай әдіспен халық жауы етіп шығарғанын шамалап біліп қалған тұсымыз еді. Әдісі, айласы, жала құрастыруы сол жылдардағыдан айнымайтын секілденді маған...

Мені Дүйсетаймен үш рет беттестірді. Үшінші рет жолықтырғанда Егеубаев деген республикалық прокуратураның тергеушісі:

– Тек орысша сөйлесе беріңіздер, – деді өзінше бізге ерік беріп.

Құдай сақтап мылтықты өз ақшамызға сатып алғанымыз анықталды. Егер ақшасыз, бір-бірімізге қазақы жолмен, достықпен сыйладық десек, пара берді деп жабыса кеткелі тұр. Сөзден жаңылдырып, сол ыңғайға итермелегендерінен дәнеңе шықпады. Бәлежаладан басымыз зорға аман қалды.»

Қауіпсіздік саласында Қонаевқа жақын жүрген, әрі оның сенім-құрметіне ие болған адамдардың бірі – Аманкелді Шабдарбаев. Ол 2010 жылы жарық көрген «Мен таңдаған жол» атты кітабында сол тұстағы асыра сілтеу кезеңін былай суреттейді:

«Д.А.Қонаевты қызметінен алғаннан кейінгі оған тағылған айыптардың бір бөлігі мынадай болатын: Бірінші – 70-жылдық мерейтойын мемлекет есебінен өткізді; Екінші – қару-жарақ иемденді; Үшінші – Қарағандыда жаңадан салынып жатқан «Космос» қонақүйін жеке офисіне пайдаланды. Тексерушілер осы жалған айыптауларға байланысты жоғарыдағы аталған мәселелерді жете білетіндермен тікелей байланысып, мәселенің ақ-қарасын анықтады. Солардың бірі – Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейіннен КСРО Көмір өнеркәсібі министрінің орынбасары қызметіне жоғарылатылған Коркин: «Қадірлі Димаш Ахметұлы, қонақүйді сіздің жеке офисіңізге пайдаланды деген кінәнің жалған екендігіне толықтай анықтама бере аламын» деп мәлімдеді. Сыйлыққа алынған алтын сағат төңірегінде едәуір тексерістер өтті. Бұл мәселе бойынша да Қонаев ағамыз судан таза, сүттен ақ болып шықты. Өйткені мұндай алтын сағатты М.С.Горбачевтан бастап барлық Саяси Бюро мүшелері сыйға алған екен.

Ал енді қару-жараққа қатысты Димекең зайыбы Зуһра Шәріпқызының парасаттылығының арқасында аман қалды. Зуһра жеңгеміз үйге сатып алынған әрбір затқа

дүкеннің мөрі басылған анықтама түбіртектерін мұқият жинап, сақтап отырған екен...»

Қонаевқа тағылған тағы бір ауыр кінә, оның алаңға жиналған жастар алдына барып, өз еркімен құрметті демалысқа шығып бара жатқанын ескертіп, жас буынға басу айтпауы. Бірақ Горбачевтың, Колбиннің пікірлеріне сүйенсек, Қонаев жастар алдына шығып сөз сөйлеуден бас тартқан. Бұл жөнінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбин «Правда» газетінің бетінде былай деп жазды және оны қазақ тіліндегі газеттер аударып басты:

«Алматыдағы тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатымен Желтоқсанның сол бір күндерінде қолдан келгеннің бәрі де жасалынды. Алаңға жиналғандардың алдында көрнекті қайраткерлер сөз сөйледі. Ол кезде әрбір салиқалы сөз қымбат болатын.

Тәртіпсіздік шегіне жетпей тұрғанда Орталық Комитеттің бюросы Д.А.Қонаевқа жастардың алдына шығып, өзін бірінші хатшылықтан босатқан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумы шешімінің саяси мәнін түсіндіруді ұсынды. Біз бұл жағдайды шиеленісті бәсеңдетіп, арандатушылардың жөнсіз әрекетіне тосқауыл болады деп ойладық.

Алайда ол үзілді-кесілді бас тартты. Міне, Алматы оқиғасы көп ретте сол кісінің арқасында».

Осы пікірді Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы З.Камалиденов те қолдады. Ол 1990-жылы 13-мамырда 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасын тексеру және баға беру жөніндегі комиссияға мынадай түсініктеме берді:

"После небольшого совещания было принято решение позвонить т.Кунаеву Д.А. и пригласить его, чтобы он вместе с членами Бюро ЦК встретился с молодежью на площади и выступил, объяснил решение состоявшегося Пленума, причинах своего ухода с поста первого секретаря.

Было поручено т.Мирошхину О.С. позвонить т.Кунаеву Д.А. т.Мирошхин О.С. позвонил по кремлевке домой т.Кунаеву Д.А, высказал просьбу, но т.Кунаев Д.А. отказался это сделать.

Тогда все члены Бюро ЦК были приглашены в кабинет первого секретаря, и т. Колбин Г.В. сам лично пригласил т. Кунаева Д.А. приехать в ЦК, где собрались члены Бюро, т.Кунаев Д.А. прибыл на Бюро. т.Колбин высказал просьбу т.Кунаеву Д.А. – пойти на площадь вместе с членами Бюро ЦК казахской национальности и выступить перед людьми, собравшимися перед трубиной на родном языке, но т.Кунаев Д. А не дал согласия."

Билік басындағылардың Қонаевқа артқан екінші үлкен кінәсі ол: «Менің орнына орталықтан басқа

ұлт өкілін жіберіңіз» деп Горбачевке өтініш білдірген көрінеді. Осындай бір-біріне қайшы, шым-шытырық мәселелер төңірегінде Н.Назарбаевтың да, Д.Қонаевтың да Комиссияға жолдаған хаттары бар. Қонаев жазған екі хаттың бірі түрлі себептермен баспасөзде әлі жарияланбаған. Көтерілген мәселе төңірегінде республика билігіндегі осы қос тұлғаның сол дәуір рухына сай орыс тілінде жазылған түсініктемелерінен үзінді келтірелік:

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

...Неприглядную роль в процессах, предшествующих декабрьским событиям, как и непосредственно 17-18 декабря 1986 года, сыграл Д.А.Кунаев. Еще за месяц до V пленума он подал в Политбюро ЦК КПСС заявление об освобождении его от должности первого секретаря ЦК Компартии Казахстана и, зная, кто станет его преемником, не проинформировал об этом членов Бюро ЦК. И не случайно, поскольку теперь известно, что орготделом ЦК КПСС первоначально был предложен ряд кандидатур местных товарищей. Однако когда о них спросили мнение Д.А.Кунаева, тот дал отрицательный отзыв, заявив, что в республике, дескать, подготовленных людей нет и на пост первого секретаря ЦК надо искать «человека со стороны».

Почему Д.А.Кунаев решился на такой

шаг, ставящий под сомнение его авторитет руководителя, не сумевшего за 25 лет подготовить себе достойного преемника? Думаю, роковую роль здесь сыграли личные амбиции, над которыми он не поднялся даже в наиболее ответственный период жизни республики. Не секрет, что мои отношения с Д.А.Кунаевым были окончательно испорчены после моего доклада на XVI съезде Компартии Казахстана. Всех, кто выступил тогда с критикой, он посчитал своими врагами и начал активную их травлю. Он никак не мог понять, что его время и время московских «друзей», на которых он опирался, безвозвратно ушло. Стремясь побыстрее «рассчитаться», Д.А.Кунаев усиленно искал «компроматы» на своих политических оппонентов, в том числе и на меня. Именно в тот период в ЦК КПСС поступило около шести десятков анонимных писем на Н.Назарбаева. И хотя ни одно из них при проверке не подтвердилось, Д.А.Кунаев требовал у Политбюро ЦК КПСС санкции на снятие с работы Председателя Совмина республики. Подобные «меры» принимались им и по отношению к другим товарищам. Когда же задуманное не удалось, он решил осуществить свою месть другим способом, а именно воспрепятствовать кому бы то ни было из местных кадров, «рвущихся», как

он считал, к власти, занять его место на посту первого секретаря ЦК. Так и родилась версия о якобы объективном отсутствии в республике подготовленных к руководящей работе людей.

После V пленума ЦК Д.А.Кунаев не скрывал своего удовлетворения, он буквально торжествовал, не подозревая, к каким трагическим последствиям приведут его амбициозные действия. Но торжество сменилось апатией и страхом, когда молодежь, собравшаяся на площади, выразила свое отношение к последствиям подготовленной им интриги. Я и многие члены Бюро ЦК были свидетелями того, как 17 декабря 1986 года Д.А.Кунаев отказался от предложения выйти к демонстрантам, хотя, на мой взгляд, он сам, по собственной инициативе должен был поговорить с молодежью. Да и потом никто не препятствовал ему проявить человеческое участие в судьбе репрессированных юношей и девушек. Он же самоустранился с самого начала. В частности на наше предложение Д.А.Кунаев ответил, что пусть с демонстрантами говорят С.М.Мукашев или Н.А.Назарбаев и, срочно покинув кабинет Г.В.Колбина, уехал домой. Думаю, в тот момент он уже хорошо сознавал, что не ради его защиты собралась на площади молодежь. К тому

же чувствовалось, что ему страшновато выходить к стихийно собравшейся, негативно настроенной толпе, с которой он не знал о чем и как говорить.

Вы знаете, я не сторонник того, чтобы ворошить прошлое, задним числом навешивать ярлыки на тех или иных деятелей, сошедших с политической арены. Но, как говорится, из песни слова не выкинешь. Окончательно лицо Д.А.Кунаева раскрылось на июньском (1987 г.) Пленуме ЦК КПСС, где по результатам тайного голосования за серьезные недостатки в работе он был выведен из состава Политбюро и ЦК КПСС. Он и там не признал своих ошибок. Поднявшись на трибуну, многословно хвалил себя, поливал грязью других, пока его не остановили. До последних дней своей работы Д.А.Кунаев оставался приверженцем и выразителем порочных принципов командно-административной системы, таким же апологетом застоя в Казахстане, как и Брежнев в стране...

7.IV. 1990 г.

Дінмұхамед ҚОНАЕВ:

17 декабря около 11 часов утра мне позвонил второй секретарь ЦК КПК Мирошхин О.С. и просил приехать в ЦК. На мой вопрос: «Чем это вызвано? Ведь я

же на пенсии!», он ответил: «На площади собралась группа молодежи. Они требуют разъяснить решение прошедшего вчера пленума ЦК. Было бы хорошо вам выступить перед собравшимися и разъяснить суть дела». Выразив согласие, я спросил: «Согласен ли Колбин?» Мирошхин ответил утвердительно. После этого я немедленно приехал в ЦК и зашел в кабинет первого секретаря ЦК, где были в сборе все члены бюро. Они совещались, как поступить с собравшимися на площади. Колбин предложил Назарбаеву и Камалиденову выступить перед молодежью. Мне никаких поручений дано не было. О моем выступлении речь не шла, несмотря на то, что я просидел в кабинете Колбина свыше двух часов. Затем Колбин начал переговоры с Москвой и чтобы ему не мешать, я и другие, кроме Мирошхина, вышли из кабинета.

Через небольшой отрезок времени Колбин собрал всех членов бюро ЦК и пригласил меня. Обращаясь ко мне, он сказал: «Вы свободны, отдыхайте. Мы сами примем меры и наведем порядок». Перед уходом я спросил у Мирошхина, почему меня вызывали и не дали возможности выступить. Он ответил: «Посоветовались и решили, вас на площадь не выпускать и вам выступать не надо». В июне 1987 г. в

Москве во время работы пленума ЦК КПСС Мирошхин еще раз подтвердил, что мне не разрешили выступать на площади...

30 апреля 1990 г.

Дополнение к моему сообщению в комиссию Президиума Верховного Совета КазССР по окончательной оценке обстоятельств, связанных с событиями в г.Алма-Ате 17-18 декабря 1986 года

Комиссия под руководством известного поэта, народного депутата СССР М.Шаханова провела большую работу и, на мой взгляд, пришла к совершенно правильным выводам по оценке событий 17-18 декабря 1986 года в Алма-Ате. Итоги работы комиссии нашли поддержку у общественности республики. Нет никакого сомнения, что виновные, названные комиссией должны быть привлечены к ответственности и строго наказаны. Однако в настоящее время некоторые конкретные виновники, чьи указания и распоряжения привели к трагическим последствиям при подавлении мирного выступления молодежи распространяют информацию, которая далека от истины. В связи с этим хочу сообщить следующее:

1. Мой уход на пенсию решался не за месяц, а в самые сжатые сроки. В первой декаде декабря я обратился с просьбой об освобождении меня от обязанностей первого секретаря ЦК КПК. Буквально, через несколько дней 11 декабря Политбюро ЦК КПСС приняло решение об освобождении меня от работы в связи с уходом на пенсию. Будучи на приеме по этому вопросу у М.Горбачева, перед уходом я спросил: «Кого будете рекомендовать на мое место?» М.Горбачев сразу остановил меня и сказал: «Решение этого вопроса оставь нам. Будет рекомендован и направлен хороший коммунист». Надо заметить в Оргпартотделе ЦК КПСС, при моем участии никогда не рассматривался вопрос о будущем первом секретаре ЦК КПК и не рекомендовался председатель СМ КазССР. Обладая большим опытом партийной и государственной работы, я не помню такого случая в жизни партийных органов, чтобы уходящего на пенсию работника спрашивали, кого назначить на его место. Кадровые вопросы всегда в этих случаях решались без участия уходящего с занимаемой должности. О том, кто будет первым секретарем я узнал только вечером 14 декабря, когда мне позвонил зав. отделом ЦК КПСС Г.П.Разумовский. Он просил назначить пленум по оргвопросам

на 16 декабря и сообщил, что для работы в Казахстане будет направлен Колбин. На следующий же день я рассказал об этом членам бюро ЦК КПК.

Затрагивая вопрос о подготовке кадров, могу твердо заявить, что в республике есть десяток руководителей, которые могут выполнять любую ответственную работу, чтобы решать большие и сложные задачи, стоящие перед Казахстаном на пути перестройки.

2. По поводу отказа выступить перед молодежью, хочу определенно заявить еще раз, что я не возражал выступить перед собравшимися на площади. После 2-х часового пребывания в кабинете первого секретаря ЦК КПК и разговора Колбина с Москвой, тон его резко изменился. Я сразу понял, что ему посоветовали не выпускать меня на площадь и все пути для выхода будут закрыты. Затем мне было заявлено, что я могу быть свободен и члены бюро ЦК сами наведут порядок.

После вызова Колбина и Мирошхина я ведь приехал в ЦК именно для того, чтобы выйти на площадь. Если бы я не имел желания говорить с молодежью, то просто бы отказался приехать. Сам факт моего приезда в ЦК говорит о намерениях встретиться с собравшимися на площади. Но, к сожалению, мне не дали возможности

выступить. Это дважды подтвердил второй секретарь ЦК КПК О.Мирошхин в Алма-Ате в день события 17 декабря и в Москве в июне 1987 года.

После моего возвращения домой позвонил М.Горбачев и спросил: «Кто организовал выход молодежи на площадь?» Я ответил ему, что мне неизвестно кто это сделал и наверно руководство республики выяснит, кто виноват. Разговор с Горбачевым состоялся примерно в 1 час дня, а затем, как сообщает комиссия разгон и избиение молодежи начались во второй половине дня 17 декабря и продолжались 18 декабря.

Вспоминая свою работу в ЦК, мне хотелось бы особо сказать о том, что в своей деятельности к коллегам по работе было честное и ровное отношение. Я всегда презирал и игнорировал анонимки, клевету. Никаких гонений кому-либо не устраивал. Видимо этим как раз занимались те руководители, которые добивались своих карьеристских целей такими недостойными методами.

Возвращаясь к декабрьским событиям можно сказать, что их исход был предрешен уже 17 декабря, когда высшее руководство республики, члены бюро ЦК приняли решение оцепить площадь милицией и внутренними войсками. Руководители

республики поставили вопрос о подавлении выступления воинскими частями. Были произведены массовые аресты и избиение молодежи. Это показало полную политическую несостоятельность руководителей республики. В страхе и панике они дали искаженную оценку событий, распространенную через печать, радио и телевидение. Впоследствии бюро ЦК начало широкую кампанию репрессий, которая сломала судьбы сотен честных людей. В этих вопросах главным виновником является Колбин и его окружение. Его ближайшими советниками были: Камалиденов, Мирошхин, Назарбаев, Мендыбаев, Ефимов, которые стремились любым способом угодить Колбину, чтобы сохранить свое положение.

Эта группа, боясь ответственности пытается свалить вину на других, используя методы тех лет, когда правящая верхушка привлекала к наказанию безвинных людей, без фактов и оснований.

18 декабря 1990 г.

Бұл арада тағы бір адамның пікіріне құлақ асқан жөн сияқты.

1985 жылы КСРО Қауіпсіздік комитеті мен КСРО Ішкі істер министрлігі бірлесіп, егер «Кеңестер Одағының бір жерінде демократияны желеу етіп

билікке қарсы бас көтеру бола қалған жағдайда соны қалай дымын шығармай баса қоямыз?» деген талаптың жетегінде жұмыс жүргізіп, «Метель» операциясын дүниеге әкелген-ді. Бірақ жаңалық авторлары өз туындыларын сынайтын жер таба алмай, «Метель» бір жыл екі ай бойына қозғалыссыз жатып қалған-ды. Алматыда демократия рухымен қанағаттанған жас қыздар мен жігіттер алаңға шыққан кезде авторлар өзара ақылдасады. Нәтижесінде КСРО Қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.М.Чебриков КОКП Орталық комитетінің Бас хатшысы М.С.Горбачевқа кіріп, алаңға жиналған жастар арасында «Метель» операциясын сынап көруге ауызша рұқсат алады. Әрине, бұл қылмысқа барабар іс еді. Сөйтіп, Орталық «Метельдің» іске қосылуын қадағалайтын өкілдің бірі ретінде КСРО Қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары Ф.Д.Бобковты бекіткен болатын. Ол Қазақстанда сол қанды оқиғаның басынан аяғына дейін жүрді. Жоғарыда келтірілген мәселеге орай сол Бобковтың «МҚК және билік» («КГБ и власть») атты кітабынан үзінді келтірелік:

«Обо всем доложили в ЦК КПСС Разумовскому и просили его переговорить с Кунаевым, чтобы он вмешался и, пользуясь своим авторитетом, призвал жителей Алма-Аты к прекращению беспорядков. Вскоре нам сообщили, что Горбачев, якобы, говорил с Кунаевым на эту тему. Мы назначили наши армейские операции на 18

часов. Затем, посоветовавшись, решили отложить их еще на час. Именно тогда и состоялся разговор Горбачева с Кунаевым. Прошел час. Мы решили подождать еще полчаса...»

Ал жоғарыда көтерілген дауға орай «Лубянканың 17 құпиясы» атты кітапта Қауіпсіздік Комитеті жинаған құжатта мынадай мәлімет бар:

«...Д.А.Кунаева пригласили приехать и он, по его словам, прибыл к 11.00., просидел два часа в своей же приемной, потом около 13.00 Колбин после очередного разговора вышел и сказал, что справятся сами».

Ал, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бюро мүшесі Казақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.Мұқашев комиссияға берген түсініктемесінде: **"Что касается предложения т.Кунаеву Д.А. выступить перед молодежью на площади и якобы его отказа, могу только сказать, что я негде не был свидетелем такого разговора."** – деп жалтарып, шындық ауылына сәл-пәл жақындайды.

Сол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сектор меңгерушісі болып істеген Софы Сматаев 2006-жылы 15-желтоқсанда "Жас қазақ" газетіне берген сұхбатында былай ой түйеді:

"Қонаевтың халықтың алдына шығушықпауына қатысты Колбнн мен Соло-

менцев Горбачевпен сөйлесіпті. Горбачев: "Оны үйіне қайтарыңдар! Алаңдағылар Қонаевты іздеп келген жоқ па? Оны шығарсаңдар, жастар одан әрі құтырып кетеді", – депті. Ақыры 17-желтоқсан күні кешкі сегіздерде топалаң басталды да кетті. Айналасы жарты сағаттың ішінде арнайы су шашатын мәшинелер, саперлі күрек ұстаған жасақтар іске қосылды. Ашуыза қысқан жастар үш-төрт мәшинеге өрт қойып жіберді. Вьетнамдықтарды американдықтардың қалай қорлағанын кинодан көрген шығарсың, дәл сол жағдай алаңда орын алды."

2011 жылы Мәскеудің «Алгоритм» баспасынан шыққан «Зачистка Политбюро» (Как Горбачев убирал «врагов перестройки») атты кітабында КОКП Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі, Желтоқсан оқиғасы суымай жатып Қазақстанға келген Михаил Соломенцев ойламаған жерден Қонаев жағына шығып, ұзақ уақыт бойына дауға айналған мәселеге былай нүкте қояды:

«Назначение Г.В.Колбина вызвало массовые волнения в Алма-Ате. Их можно было бы предотвратить, если бы Кунаеву дали возможность выступить перед народом. Для решения этого вопроса Д.А.Кунаев прибыл в ЦК КПК около 11 часов утра 17-декабря. Он просидел в премной Первого секретаря два часа, а около 13

часов Колбин заявил ему, он свободен и может отдыхать, с ситуацией справятся без него.»

* * *

Желтоқсан көтерілісін зерттейтін комиссия жұмысы қарқынды жүріп жатқан кез. Негізгі мәселенің түйіні Дінмұхамед Ахметұлына барып тіреле берген соң, қадірменді қариядан түсінік алу керек деп шештік. Димекеңнің сүйікті жары Зуһра жеңгей дүние салғанды. Бір халықаралық жиыннан кеш оралуыма байланысты жұртпен бірге барып көңіл айта алмағанмын.

Есікті Димекеңнің өзі ашты. Кабинетіне бастап алып кірді. Қадірменді ел ағасына орны толмас қазаның болашақ қайырын тілеп, көңіл білдірдім.

– Иә, солай болды, Мұха, – деп ағамыз терең күрсінді. – Жазмыштан озмыш жоқ екен. Жеңгеңізбен елу жыл, алты ай, екі күн тұрмыс құрыппын. Өткен күнге өкпе жоқ. Бір-біріміздің бетімізге жел боп келмей, ищай деспей тағдыр кешіппіз. Бірақ адам баласы жарық дүниенің қызығына тоя ма?

Үлкен кабинеттің күнбатыс жақ терезе жанына жазу столы, оның қарсы алдына Зуһра жеңгеміздің үлкейтілген суреті ілініпті. Үстіне жеңіл спорт костюмін киген ағамыз аз-кем жүдегені болмаса, әлі де тың, ширақ көрінді.

– Енді осы естеліктердің ортасында жалғыз қалдым, қалқам, – деді Димекең. – Бұған да шүкірлік. Заманның жорғасын да, жортағын да көрдік. Атқамінерлердің серісімен де, перісімен де істес болдық. Бірақ қай кез-

де де ел мүддесін жоғары ұстауға тырысқаныма ешкім күмән келтірмес деп ойлаймын.

Асықпай отырып сырласуға аңсарым ауса да, ауыр қайғыдан айыға алмай жүрген адамды көп мазалағым келмеді. Тек өзінің Желтоқсан көтерілісі кезіндегі іс-әрекеті хақында комиссияға қысқаша түсініктеме жазып беруін өтіндім.

Кең отырып кеңесудің сәті Желтоқсан комиссиясының жұмысы аяқталғаннан едәуір уақыт кейін түсті.

Димекеңнің есте тұту қабілеті ерекше жоғары болатын. Мәселен, «1934- жылы 14-қыркүйекте» немесе «1956-жылы 21-желтоқсанда» мынадай жағдай болды, пәленбайыншы жылы пәлен айдың түгеншесі күні Қаныш Сәтбаев екеуміз Қарсақпайды араладық. Келер жылы қаңтар айының пәлені күні түс ауа Жұмабай Шаяхметов Риддерге келді деп тізбелей жөнелгенде, таң қаласың. Өйткені, өзім ол кезде өлеңдерімді 7 сағатқа дейін жатқа оқи алсам да, есепке, санға, жыл, ай, апта аттарына келгенде, нақ бір құлағымды есек теуіп кеткен адам сияқтанамын.

– Димекең кабинетінің бір бөлігін оттықтар (зажигалка) коллекциясы алып тұр. Бұл ол кісінің хоббиі екен. Өзім шылым шекпейтін болған соң ба, осы сала маған біртүрлі қызық көрініп, барлық елдер оттығының бас қосқан көрмесін тамашалап тұрғандай әсер алдым. Пистолет сипатындағы, танк пішіндес, аң, құс кескіндес оттықтарды бұрын-соңды кезіктірген емес едім. Оттықтар қасынан ұзай алмай тұрғанымды байқаған ол:

– Бұл менің бір осал жерім, – деп жұмсақ жымиды.

Сол сәтте есіме бір оқиға түсті. 1969-жылы Мәскеуде Кеңес Одағы жас жазушыларының жиыны өткен-ді. Қазақстан делегациясының құрамында оған мен де қатыстым. Беташар жиналыстан соң секция жұмысы басталатын болды. Мені әйгілі башқұрт ақыны Мұстай Кәрімнің секциясына жазған екен. Сол жиында Ирина Волубева деген ақын әйел ерекше белсенділік көрсетіп отырды. Еліміздің әр түкпірінен келген жас қаламгерлердің өлеңдері қызу талқыға түсті. Мақталғандары да, сынға алынғандары да аз емес. Мәскеуде, Кеңестер Одағының белгілі сарапшыларынан өзгеше мақтау есіту көңілімді өсірді. Үзіліс кезінде Волубева апай мені шетке шығарып алып:

– Мұхтар, сенен болашақта үлкен ақын шығатынына сенемін, – деп мені асыра мадақтады да, өзінің жеке шаруасын айтты:

– Әркімнің бір құмар ісі бар ғой. Біреулер пышақ немесе ескі ақшаның түрлерін жинайды. Кейбіреулер көне сіріңке қорабына, болмаса қаламсапқа құштар. Менің де тірнектеп жинап жүрген нәрсем бар еді. Соны табуға қол ұшын бересің бе?

Тумысымнан ешкімнің көңілін қалдырмауға тырысатын жазған басым, қапелімде жақсылық жасай қойғым кеп:

– Оқасы жоқ, айтыңыз. Қайткенде де тауып беруге уәде беремін, – деп салдым.

– Олай болса, алдын ала үлкен алғыс айтамын! – деді Ирина апай қуанып. – Мәселе мынадай, мен көптен бері жолбарыс терісін жинаушы едім…

Мұны естігенде көзім атыздай болды.

– Қап, – дедім аз-кем үнсіздіктен соң. – Мәселен, Қазақстанда, Жетісу жеріндегі ең соңғы жолбарыс Балқаш көлі маңынан 1924-жылы ұсталды десе, біреулер 1940-жылы Іле өзенінің бойында оққа ұшыпты деген әңгіме айтады. Енді қайттім? Тым болмаса, қасқырдың немесе түлкінің терісін жинамағаныңыз-ай...

Енді бірде белгілі орыс жазушысы Александр Прохановпен Ауғанстаннан Мәскеуге бірге ұшып келе жаттық.

– Мұхтар, Алатау баурайында көбелектің мынадай түрі бар ма? – деп ол қойын дәптеріне көбелек түрлерін сызып көрсете бастады.

– Ойбай, мен көбелек шаруашылығынан мүлде бейхабармын, әрі оларды түстеп танып көрген адам емеспін, – деп мұңайдым.

Проханов өз коллекциясында көбелектің бірнеше жүз түрі бар екенін әңгімеледі. Тіпті Африкада бұл жәндіктің қандай түрлері өсетініне дейін санамалап берді. Егер мен оған «іздеген көбелегің біздің жерден табылады» десем, басқа шаруасының бәрін жинастырып қойып, Қазақстанға келіп көбелек ауламақшы...

Димекеңнің коллекциясы жанында сол оқиғалар еске түсіп, оттықтың әрқайсысына зер сала ұзақ тұрдым.

– Мына тізіліп тұрған әсем ыдыстарды кезінде жеңгең жинаған, – деді Димаш аға мені ілгері бастап. – Иесі кеткен соң көбі қозғаусыз қалды. Бірнеше жамағайынның баласы үйленді. Сондай тойларға шетінен таратып жатырмын.

– Димеке, – дедім мен біраз үнсіздіктен соң – өткенде сіз маған Зуһра жеңгемізбен елу жыл, алты ай, екі күн тұрмыс құрғаныңызды әңгімелеедіңіз. Осы адамды кездестіру арқылы сіз шын мәніндегі өзіңіз аңсаған махаббатқа жолықтым деп айта аласыз ба?

– Жеңгеңіз қайтыс болғалы бері сіздің «Жұбайлар бар әңгімесі таусылған, ал, махаббат таусылмайтын әңгіме» деген екі жол жырыңыз есіме жиі оралатын болды, – деп күрсінді Димекең. – Екеуміз бірге ғұмыр кешкен жарты ғасырдан астам уақыт ішінде біріміздің біріміздің зеріккен кезімізді есіме түсіре алмадым. Әйелдердің көпшілігі «Күйеу – өз меншігім, қайда барар дейсің» деген салғырт ойға бой бұрады. «Болашақ жарыма мінезімнің, ой-санамның озық қырларын көрсетейін» деген қыз кезгі талпыныс пен ізденіс тоқырауға ұшырап, тұрмыстың, тіршіліктің күнделікті күйбеңі алға шығады. Әйел ғұмырындағы бір кезгі махаббатқа деген құлшыныста жер ететін, батпаққа батыратын осы менмендік сезім. Күйеуінің санасына сана қосуда, оның ажырамас досына айналу жолында әйел ылғи да ізденіс үстінде жүруі шарт. Ізденуден, іштей толғанудан қалған әйел – әйел емес. Әрине, еркек тарапынан да оған үлкен дейгейдегі жауап сезімнің болуын ешкім жоққа шығармайды. Осы талаптар биігінен қарағанда Зуһра жеңгеңіздің бүкіл өмірі ізденіспен өтті деп айта аламын. Мысалы, ол дүниемүлікке қызықпайтын. Бұл жағынан да екеуміздің арамызда өзгеше бір ұқсастық бой көрсетті. Оны ерекше қуандыратын сыйлық – кітап еді. Мәскеуге, тіпті облыс орталықтарына барғанымда міндетті түрде оған

кітап ала келуді дәстүрге айналдырғанмын. Әрине, кітап болғанда да қазіргі жүрдім-бардым оқиғаға құрылған бостекі туындылар емес, ғаламдық, рухани пайым-парасат деңгейінде ой толғайтын туындылар. Оқып шыға салысымен маған айтып беретін. Кейбір күрделі ойларды екеуміз бірге талдайтынбыз. Тіпті сіздің Қорлан сыйлаған жүзікті 51 жыл бойы қолына тағып келіп, о дүниегше де өзімен бірге әкеткен Естай ақын туралы жырыңызды ол теледидар арқылы берілген кешіңізден ұғып, маған таңдана айтып берген еді. Жоғарыда мен мысалға келтірген «Жұбайлар бар әңгімесі таусылған, Ал, махаббат таусылмайтын әңгіме» деген екі жол өлеңіңіздің төңірегінде де екеуміз ұзақ әңгіме өрбіткенбіз. Өзінің сүйген жарын қанаттандыруға, парасат, сана биігіне шақыруға бағытталған ізденіс тоқталған шақта махаббатқа бастар жол жабылатынына көзімді айқын жеткізген сол жеңгеңіз еді. Сізге тағы бір сырымды ашайын. Зуһрамен жарты ғасырдан астам жұбайлық ғұмыр кешсек те арамызда бала болмады. Тағдырдың бұл тәлкегі жанымызға қатты батқанын да жасырмаймын. Бірде әулетіміздің ақылман қариялары жиналып: «Димаш, келіннің ерекше жақсы адам екенін білеміз. Ата дәстүрге жүгінсек, өзің сияқты атпал азаматтан ұрпақ алып қалмау елдігімізге сын. Тіпті Мұхамед пайғамбар да осы салада үлгі көрсетпеді ме? Бәлкім, бұған келін де қарсы болмас!» – деді. Рас, Зуһра да қариялардың ұсынысын қолдады. Өзім көнбедім. Себебі, мен үшін Зуһра сияқты әйел жалғанда біреу ғана. Сондықтан оның маған деген шексіз махаббаты-

на көлеңке түсіргеннен гөрі тағдырдың пешенемізге жазғанына мойын ұсынуды әлдеқайда жеңіл санадым. Сол жеңгеңіз өлерінен бір жеті бұрын маған екі өтініш жасап еді. Оның бірі – еліміздегі киелі орындарға, әулиелерге зиярат етіп шығу болатын. Оған денсаулығы шыдас бермей, көз жұмды. Кейіннен біз менің дәрігерім Ахат Әминұлы, рухтас інім Серік Әбдірайымұлы үшеуміз Газ-24 мәшинесіне мініп, Жамбыл облысындағы Айша бибіден бастап, сіздің туған өлкеңіздегі Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бәйдібек баба, Домалақ ана, Зеріп ана, Ташкенттегі Төле би, қайтар жолда Меркідегі Сыпатай батыр кесенелеріне бас иіп, дұға оқыдық. Жеңгеңіздің бір өтінішін солай орындадық. Екінші өтініші мынау еді: «Жарты ғасырдан астам рухымыз, ой-санамыз бір-бірімізге деген іңкәрліктен, ізгіліктен ажыраған емес. Ендеше мәңгілік сапарда да бір топырақ аясынан табылсақ қайтеді?» Менің өтінішім бойынша Кеңсай зиратындағы жеңгеңіз жатқан моланың қасынан маған да орын қалдырылды. Енді шамалы уақыттан кейін ағаңызды ылғи да сол жерден табасыз!

– О дүниеге командировкаға кету жағына әзірге асықпағаныңыз жөн болар еді, – деп әзілдедім мен. – Біздің қазақтың қариялары тоқсан жасқа келгенде – Тоқсанбайлар, жүзге келгенде – Жүзбайлар тудырмады ма? Ол жасқа дейін сізге әлі жиырма жылдай уақыт бар емес пе?

– Солайы солай ғой. Бірақ... – деп Димекең бір сәт үнсіз қалды. – Енді мен сізге жинаған қару-жарағымды көрсетейін. Бұлардың да түр-түрі бұрын менде көп бо-

латын. Ара-тұра қол тигенде бой жазып, аңға шығып тұрушы ем. Өзіңіз білесіз, соңғы кездері оны да сансаққа жүгіртушілер табылды. Сосын біразын өткізіп жібердім. Қаласаңыз, осы мылтықтардың бірін сізге сыйлайын...

– Рахмет Димеке, – дедім мен. – Психологиям ақындық гуманизм ауқымына шектеліп, онша дамымай қалған сияқты. Аң, құсқа, жалпы кез келген тіршілік иесіне қарсы мылтық кезей алмаймын. Бұл салада мен тіпті Хемингуэйдың өзін түсінбеймін. Әрі ол сезімімді жұрттан жасырын ұстауға тырысамын. Сондықтан бұл мылтықтың осы орнында тұра бергені дұрыс...

– Ендеше, мына оттықтардың бірін ұсынсам ше?

– Бопразға, түтін шаруашылығына да мүлде жоқпын, Димеке...

Кейіннен өкініп қалдым. Үлкен адамның көңілін қайтармай, ескерткішке бір оттығын ала салуым керек еді...

Есіме Американың Джорджиа штатындағы Атланта қаласына барғаным түсті. Онда Американың 39-шы президенті Джеймс Картерге арналған президенттік орталық жұмыс істейді екен. Картер қызметтен әлдеқашан кетсе де, халықтың оны әлі құрмет тұтатынын бірден-ақ аңғарасыз. Түрлі фотосуреттер жиынтығы алыстан көз тартады. Орталық қызметкерлері Картердің жетістігі мынадай еді, кемшілігі анадай-тын деп тайға таңба басқандай етіп, салыстырмалы мәліметтерді алдыңызға жайып салады.

Бір қызығы, сол Картермен кейін Алматыда, Американың Қазақстандағы Елшісінің кабинетінде

таныстық. Ой өрісі кең, парасатты адам екен. Мені ақын ретінде сырттай білетін болып шықты. Өзінің де анда-санда өлең жазатынын айтты. Тіпті менің екі-үш өлеңімді ағылшын тіліне аударуға құлшыныс танытты. Ол уәдесін орындады ма, жоқ па, білмеймін, қайтып жолымыз түйіспеді... Менің айтайын дегенім басқа еді. Өркениетті елдерде ел басшысы орнынан түссе, оның жақсы жағын да, жаман жағын да ұмыттырмайтын осындай орталықтар бар. Мысалы, АҚШ тұрғындарының көбі Рузвельтті мақтан тұтып, Трумэннің ақымақтығын ылғи да ажуа ғып жүреді...

Қонаевпен бірнеше дүркін жолыға, сырласа келе түйгенім – оның Қазақстан тарихындағы кездейсоқ қайраткер еместігі. Ауыз әдебиетіне сұңғылалығы, ұлтымыздың тарихына, салт-санасы мен дәстүріне жетіктігі басы бүтін бөлек әңгіме. Содан шығар, халықтың ол кісіге деген құрмет, ықыласы да өзгеше еді.

АҢДАТПА:

Әлімжан ҚҰРТАЕВ, *Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының 2005-2009 жылдардағы әкімі, техника ғылымдарының докторы:*

Әр үлкен басшының ел арасында, кейде көп жылдарға созылып, ұзақ пікір таласынан өтіп барып қана қалыптасатын бедел-парқы болады. Ал жағымпаздықтың мазмұны басқа. Әрі оның күлкілі табиғаты тез аңғарылады. Жағымпаздық індеті қазіргі

қазақтың ұлттық психологиясын жаулап алғаны рас. Әсіресе оған рухсыздау адам тез мойынсынады. Халқымыз бұл жағынан да бірінші орынды шаппай алатын дәрежеде.

Мектеп оқушысы кезімде Қонаевқа қатысты ауыл адамының таңғажайып қарекеті мен сеніміне куә болғаным бар.

Дінмұхамед Ахметұлы «Жаңа Шілік» ауылына келіп, жүгерішілер бригадасын аралаған-ды. Егіс басында жүргендермен арқын-жарқын әңгімелесіп ұзақ тұрған, олармен бірге қымыз ішкен. Шыңғыс хан нояндарына 6 ай бойы қарсы тұрған Отырар қаһармандығы жайлы өзі білетін бір қызықты әңгіменің тиегін ағытқан. Кетер кезінде егіс басындағылармен қоштасып, әрқайсысының жеке-жеке қолын қысқан. Сол кезде Құралай Иімбетов деген ағамыз Қонаевпен қоштасқан оң қолын қолтығына қысқан бойы үйіне қарай шабады. Ондағы ойы Қонаев ұстаған қолмен ұлының басынан сипау. Үлкен адамның елге деген махаббатының ұшқыны баласына өтер ме екен деген үміт. Күн ыстықта су терге түсіп үйіне әзер жетсе, түс қайта оқитын баласы мектепке күндегіден ерте кетіп қалыпты. Мектепке бара жатқан жолда ауыл адамдары, тіпті ішінде ағайын-туысқандары да бар, амандаспақ боп қол ұсынса бұл оларға сол қолын созып өте шығады. Мектепке кел-

се сабақ басталып кеткен екен. Мұғалімнен баласын сұрап алып, шетке шығарып, Қонаевпен қоштасқан қолын ұлының басына қойып, ұзақ тұрыпты...

Міне, сол кездегі қарапайым халық өкілінің Қонаевқа деген боямасыз көңіл, ниетінің бір көрінісі.

Бауыржан БАЙМҰХАНОВ, *"Беймар-ойл" компаниясының Бас директоры:*

«Мен ол кезде Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы – Заманбек Нұрқаділовтың кеңесшісі болып қызмет істейтінмін. Зәкең мені шақыртып алып: «Кеше түнде Дінмұхаммед Қонаев ағамыздың ауласындағы жеке «Волга» автокөлігінің радиосы мен магнитофонын біреулер ұрлап әкетіпті. Ұрылардың түк таппағандай, енді Қонаевқа тиісе бастағанын қарашы. Сондықтан сендерге тапсырма – бір күннің ішінде ол кісіге гараж салып беріңдер» деді. Мен «Алмаатагорстрой» құрылыс компаниясының директоры Игорь Мильграмды ертіп, гараж салатын орынды белгіледік. Апайтопай қимылдап, бір түнде гараждың басын қарайттық. Келесі күні Дінмұхаммед Қонаев ағамызға Заманбек Нұрқаділов гараждың кілтін апарып берді.

Заманбек ағамыз Димаш Ахметұлына ерекше құрметпен қарайтын. Бір күні Димекеңнің

үйіндегі тоңазытқыш істемей қалыпты. Зуһра жеңгеміз «Казторгоборудование» мекемесінің директоры Хохловқа телефон соғып: «Тоңазытқышымызды жөндеп бересіздер ме?» – деп өтініш жасапты. Сонда Хохлов: «Қонаевтың» жұбайы болсаң қайтейін. Күйеуіңнің дәурені әлдеқашан өтіп кетті. Енді маған Қонаевтан қарапайым үй сыпырушы әлдеқайда биік» деп, Зуһра Шәріпқызының намысына тиетін одан өзге де ауыр-ауыр сөздер айтыпты. Мұны естігенде, Нұрқаділов орнынан тұрып кетіп, бөлмесінде ары-бері жүрді де, өзіне тез арада Хохловты алып келуді бұйырды. Аз уақыттан соң бөлмесіне кінәлі мысықтай жалтақ-жалтақ қараумен енген Хохловқа Зәкең: «Қонаевтың іскерлігі арқасында Қазақстанда бой көтерген қырық қаланы айтпай-ақ қояйын. Осы Алматы қаласы үшін оның қаншама тер төккенін ұмыту азаматтыққа жата ма?! Біріншіден, Зуһра Шәріпқызынан бөспелік, рухсыздық сөзің үшін кешірім сұрайсың. Екіншіден, тоңазытқышын бір сағаттың ішінде жөндеп бересің. Бұл тапсырмам орындалмаса, екі сағаттан кейін жұмыстан кетесің. Осы екі талаптың қайсысын орындайсың?» – деп, Хохловқа тесіле қарағанда, ол: «Біріншісін, біріншісін... Оғаш мінезім үшін Зуһра Шәріпқызынан да, Сізден де кешірім сұраймын» – деді, басын төмен иіп.»

Димекең өзінің кемел басшыға тән парасатымен, ғажап кішіпейілділігімен және замана ағымына үндесемін деп жіберген кейбір кемшіліктерімен де қоса ескерілуге, ардақталуға тиісті саяси тұлға екені даусыз.

* * *

ҚОНАЕВ ҰЛАҒАТЫ: «Лұқман хакім төсек тартып, басты құбылаға беріп жатқан кезі екен. Жарыместеу жалғыз ұлдан қайран жоқ деп, дүниеден күдер үзген тұста баласы:

– Уа, әке, сізді Алты Алаш құлақ асқан ғұлама дейді. Жалпақ жұртқа жайылған аталы сөзіңіздің бірін маған қимағандай не білгеніңіз бар? Әкеден балаға малы емес, өсиеті мұраға қалмайтын ба еді? – демей ме баяғы.

Есті сөз шыға қояр деп ойламаған хакім өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуанып, ақтық демін жинап, былай депті:

– Балам, бозыңды қасыңнан тастама, бұл бір. Екінші – жеген наның тәтті болсын. Үшінші – әр қалада үйің болсын. Төртінші, күнде үйлен, үйленгенің қыз болсын... – депті де үзіліп кете барыпты.

Содан бейбақ ұл әкесі жұптап айтқан төрт ауыз сөздің түйінін тарқата алмай, хакімнің жылын берген соң әкесімен үзеңгілес әрі сырлас болған қарияға

келіпті. Әлгі өсиеттің мәнін сұрапты деседі. Сонда әлгі қария ағыл-тегіл босап: «Бәу, жарықтығым-ай, айтқан-ақ екенсің-ау... Жә, жалғыз саған ғана емес, елдің ертеңіне – барша жасқа қалдырған ғибраты екен. Жеті жұрт түгел жиылсын, солардың алдында айтып берейін», – дейді.

Қарт сөзінде тұрып, көкірек көзі ашық, кісіменен ісі бар деген жастар түгел жиналған жерде Лұқман хакімнің жоғарыдағы сөзін былай таратып берді дейді.

– «Бозыңды қасыңнан тастама» дегені – көргені де көп, көңілге түйгені де мол, ердің намысын, елдің қамын ойлаған ақылгөйің болсын дегені;

– «Жеген наның тәтті болсын» дегені – «атың барда желіп жүріп жер таны, малың барда шашып жүріп ел таны» дегендей, досжараның көп болса, соғұрлым өрісің кең, өмірің сонымен мәнді дегені;

– «Күнде үйлен, үйленгенің қыз болсын» дегені – алған жарыңды қыздай күт, сүйгеніңмен сүйініш табасың, сыйластығың артса, қасыңдағы қосағың қыздан бетер болады дегені».

Баспаға әзірлеген халықаралық
Д.А.Қонаев
қорының вице-президенті
Серік Әбдірайымұлы

Бірде біздің үйде Дінмұхамед Ахметұлымен мазмұнды кеш өткіздік. Мен оған өзімнің жаңа өлеңдерімді оқыдым. Үлкен ұлым Қуаныштан өрбіген Елқанат атты тұңғыш немерем тәй-тәй басқан қалпы қайта-қайта Димекеңнің мойнына асылумен болды.

Шай үстінде Димекең анамнан:

– Жеңеше, неше балаңыз бар? – деп сұрады.

– Рухани балам үшеу. Үлкені Шәмші Қалдаяқов, ортаншысы – Төлеген Айбергенов, кішісі мына Мұхтар Шаханов, – деді анам.

– Бәрекелді, жеңеше. Қазақтың үш мықтысын дүниеге бір өзіңіз өрбіткен екенсіз ғой, – деп әзілдеді Димекең.

Анам марқұм 13 құрсақ көтерген, менен өңге перзенттерінің бәрін қара жер қойнауына берген, әйтсе де үміт-сенімін маған ғана артып, рухын құлатпаған, қайсар әрі шектен тыс мейірімді адам еді. Шымкентте тұрғанымызда Шәмші Қалдаяқов андасанда өз үйіне қонып жүретіні болмаса, негізінен, біздің жанұяның бір адамы сияқтанып кеткен-ді. Ал Төлеген Айбергеновтің әр келуі анам үшін үлкен мереке болатын. Қазақтың осы екі дара перзенті де менің анама өздерінің туған анасындай еркеледі. Сондықтан да анам оларды өз перзенттерінің қатарына қосып алған-ды.

– Шәмші Қалдаяқовқа менің құрметім ерекше, - деді Димекең. – Қайбір жылы маған Нұрғиса Тілендиев келген екен. Әңгіме арасында оған Шәмшіні тауып, маған жолықтыруын өтіндім...

– Иә, Нұрғиса аға біздің үйге телефон соққан.

Сіз шақырып жатыр дегенді естіген соң, Шәкеңнің киімдерін ретке келтіріп Алматыға аттандырғанбыз. Қаланың орталығынан үш бөлмелі үй бергізіпсіз және әндер жинағын шығаруды баспаға міндеттепсіз. Сізге ерекше ризалық сезіммен оралды, – дедім мен.

– Талантқа қол ұшын беру кез келген билік адамының азаматтық міндеті, – деді Димаш Ахметұлы. – Төлеген Айбергеновті тым кеш, көзі өтіп кеткеннен соң ғана білдім. Той туралы бір тамаша өлеңі бар ғой. Үзіндісін жатқа оқи аласыз ба?

Мен тақпақтата жөнелдім:

«Бір тойым болатыны сөзсіз менің...
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ, бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.
Онда ортаға тасталар ұран сондай,
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай.
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...
Мен өзім де ән салам түн ауғанша,
Менің жаным бұл күнге құмар қанша.
Жығылған палуанға да бәйге берем,
Адалдығы сезіліп тұрар болса...»

– Тамаша! – деп қол соқты Димекең. – Билігім жүріп тұрған кезеңде осы ақынға және Сізге инедей сәулем түспегеніне өкінемін... Және Сіздің тағы бір өтінішіңізді ескермей, көңіліңізді қалдырған болуым мүмкін. Мәскеуден Евтушенко келіп, Ленин сарай-

ында Сіздің поэзия кешіңізді жүргізер кезде менімен жолығып әңгімелеспек болғансыздар... Бірақ менің көмекшім Дүйсетай...

– Білемін, – дедім жұлып алғандай. – Сол тұста Сіздің көмекшіңіз Дүйсетай Бекежанов әлдекімдердің ықпалына еріп, мені және Евтушенконы Сізбен жолықтырмауға күш салды. Енді тағдырдың мына қызығына қараңыз. Желтоқсан оқиғасынан кейін Колбин және оның жандайшаптары Сізге көтерілісті ұйымдастырушы деген айдар тағып, абақтыға қамауға жұмыстанды. Ол мақсатты орындау үшін бірінші кезекте Сіздің жақтасыңыз әрі құдаңыз Асанбай Асқаровты Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушылардың бірі деген айдармен абақтыға тоғытты. Сосын Асқаровты қинау, азаптау арқылы Дүйсетай Бекежановқа 5 мың сом ақша және «Ориент» маркалы алтын сағатты пәре ретінде ұсындым деген қағаз жаздырып алып, көмекшіңізді темір торға отырғызды ғой. Егер Дүйсетай сатқындық мінез байқатқанда, Сізді түрме терезесінен телміртуге толық мүмкіндік туатын еді. Бірақ, менің ұғымымша, ол бұл арада азаматтық мінез көрсетті. Бір рет Сіз мені үйіңізге қонаққа шақырғансыз. Өзіңіз тұратын үйдің бірінші қабатында бір қарт ана күтіп тұр екен. Ол өзін Дүйсетайдың анасымын деп таныстырып, көзіне жас алды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі ретінде жазықсыз сотталған баласын ақтауға қол ұшын беруімді өтінді. Кейіннен Дүйсетайдың қолымен жазылған 12 парақ қағазды маған өзіңіз әкеп бердіңіз. Мен сол хатты Горбачевтың жеке өзіне табыс еттім және мұның елеулі дейгейдегі әділетсіздік екенін Бас хатшыға шама-

шарқымша айтып жеткіздім. КСРО Бас прокурорына да депутаттық сауал жолдадым. Бұл мәселеге менен басқа да бір-екі адам араласты ғой деймін. Бірақ менің сауалым оң нәтиже беріп, ақталып шыққан Дүйсетай бауырымыз маған қысыла, ыңғайсыздана келіп, көзіне жас ірке отырып алғысын айтты, өзінің мен туралы біреулердің пікіріне ерген оғаш істеріне, пенделік кедергілеріне шын жүректен кешірім сұрады. Оның бұл мінезіне мен де ризалық білдірдім. Түрмеде әбден денсаулығын тұралатып алғанға ұқсайды. Көп ұзамай о дүниелік боп кетті. Мұны таратып айтып отырған себебім, кейде біздің пенделік ағаттықтарымызды көзіміздің тірісінде өмірдің өзі қолма-қол түзетіп отыратыны ғажап емес пе?

– Мұха, егер ағымнан жарылсам, мен де қазір мүлде басқа Қонаевпын, – деп күрсінді ол. – Тағдырымды қоршаған адамдардың көбі елдік мүдде емес, өзіңіз жиі айтатындай, жай қарын мүддесі мен мансап, даңқ үшін ғана жүргеніне көзім жетті. Кезінде солардың әрқайсысына сағаттап, күндеп, айлап уақытымды жібергенім есіме түскенде, өзімді аяп кетемін. Енді билік мына ағаңнан мәңгілікке теріс айналды. Еншімде ойлану, толғану, өкіну, бармақ тістеу ғана қалғандай. Санамның анық жеткен жері мынау: үлкен билік басында шектен тыс көп отыру үлкен әділетсіздік тудырады екен. Жан-жағыңдағы адамдарды зерттеу, тану түйсігің шегеріліп, өзіңе-өзіңнің сын көзбен қарауың әлсірей бастайды. Сөйтіп, үлкен қателіктерге баруыңыз да әбден мүмкін. Айналаңызды көзбояушы – табынушылар, жағымпаздар шоғыры қоршап алады. Билік тұғырында

көп отырғандықтан кейбір пенделік ағымдарға жол беріп алғанымды тағы да мойындауға мәжбүрмін.

Мен Жұмекен Нәжімеденовтың бір шумақ жырын жатқа оқыдым:

«Байлық деген немене, сараңдық па деп қалам,
Жайған қолға тоқтамай, жұмған
қолға тоқтаған.
Бақыт деген немене, сұлу қыз ба деп қалам,
Әр жігітпен бір билеп, бір жігітке тоқтаған...»

– Ғажап жыр екен, – деп сүйсінді Димекең. – Бұл Шәмшінің «Менің Қазақстаным» атты әнінің сөзін жазған жігіт қой?

– Иә, өмірден ерте кетіп қалды. Азаматтығына найза бойламайтын дара парасат иесі еді...

Жұмекен ағамен менің інілік қарым-қатынасым жас ақын кезімде-ақ басталған-ды. Шымкент облыстық комсомол комитеті жанындағы жастардың шығармашылық кеңесін басқарып жүрген кезім болатын. Өзім өлеңдерін жатқа оқитын қазақтың үш қанатты ақынын – Тұманбай Молдағалиевті, Қадыр Мырзалиевті, Жұмекен Нәжімеденовты Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына Шымкент облыстық комсомол комитеті және оның Қалаубек Тұрсынқұлов деген әдебиетті ерекше қадір тұтатын хатшысы арқылы ұсындырдым. Лауреаттыққа кандидаттардың өмірбаяны, шығармашылығындағы ерекшеліктерін талдаған толып жатқан қағаздарды өзім арнайы Алматыға келіп, авторлармен жолығып толтыруы-

ма, толықтыруыма тура келді. Әрине, олар аталмыш сыйлықты кештеу болса да менің қолғабысымсыз да иеленер еді. Бірақ ол тұста ақын, жазушы дер кезінде сыйлыққа ұсынылмаса, қанша жерден дарынды болғанымен, назардан тыс қалып қоя беретін. Осы үш ағам бірінен соң бірі комсомол сыйлығын иеленгенде, жүрегім жарыла қуанғандардың бірі өзім едім. Жұмекен ағам да риясыз шын пейілімді танып, лауреат атанғаннан кейін, Алматыға келгенімде анама сәлемдемеге күміс білезік беріп жіберген. Соны анам ұзақ жылдар бойына қолынан тастамай жүрді.

Әңгімеден әңгіме туындап мен Димекеңе өз өмірімдегі Жұмекен Нәжімеденовке байланысты бір оқиғаны баяндап бердім. Ұзын-ырғасы мынау еді:

«Ол кезде мен Қазақ КСР Баспа және полиграфия комитетінде әдебиет және оқу-методика бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейтінмін. Қарамағымда бес адам бар, соның бірі Жұмекен Нәжімеденов. Ал менің үстімнен қарайтын бастық – бас редактор Әрібек деген кісі, жер барып хабарламасын, маркұм өте мазасыз адам еді. Көбіне таңертеңгі сағат 9-да екінші қабаттағы баспалдақ қасында, қолына қалам, қағазын алып, қызметкерлерін бақылап тұрар еді. Кім сәл кешіксе, жиналысқа салатын. Түстен кейін тағы бір тексереді. Кейде Жұмекен аға бір шаруасы болып: «Мұхтар, ана пәленнен өзің бір амалын тауып құтқарарсың, мен көп кешікпей келемін», – деп сұранып кетеді. Қас қылғандай, артынша бас редактор кіріп келіп, жұмыс істеп отырған жұртты көзімен бір шолып шығады да: «Жұмекен қайда?» – дейді. Неге

екенін білмедім, өзі ылғи іштей Жұмекеңе өшігулі жүретін.

Мен пәлендей мән бермегенсіп:

– Есік алдында бопраз тартып жүрген шығар, – деймін.

Ол жалма-жан қабырғада ілулі тұрған қызметкерлердің сырт киімдерін тексере бастады. Мына Дүкенбай Досжановтың, мына сенің, мына Марал Ысқақбаевтың, мына Шаудем Отарбакиевтің пальтосы... Жұмекеннің киімі көрінбейді ғой. Ым... Түсінікті... Ақынға ақын қорған деген осы...

Сосын бөлмесіне шақырып алып мені ірейді.

Мені бөлім меңгерушісі ретінде кейде 5 минут сайын, кейде 10-15 минут сайын өзіне шақыратын. Бір күні бастығым әр шақырған сайын алдымдағы ақ қағазға бір таяқ сызықша қалдырып отырдым. Жұмыс аяғында санадым. Сонда мені бір күнде 33 рет шақырған екен. Жұмекен аға: «Осы жасыма дейін қанша бастықтың қарамағында жұмыс істеппін. Бірақ мынадай азапты ешкімнен көрген емеспін», – дейтін. Жұмекеңнің пікіріне бәріміз қосылатынбыз: «Біз де мұндай садисті көрген емеспіз». Ақырында Жұмекең мектеп баспасына ауысты. Мен де өз еркіммен жұмыстан кеттім. Бірақ ол көп уақыт кейін болған жағдай...

Әр айдың 18-күні әлгі бастығымыздан Республикалық Авторлар қоғамына барып, қаламақы алып қайту үшін сұранамыз. Мәселен, Жұмекеңнің Шәмшімен бірлесіп жазған «Менің Қазақстаным» сияқты бүкіл ел жігерлене шырқайтын өлеңі бар ғой. Сондай әнге айналған өлеңдер түрлі концерттерде, мей-

рамханаларда орындалса, одан біз сияқты ақындарға да қаламақы түсетін. Менің де әнге айналған өлеңдерім жетерлік еді. Мәселен, «Әкеме», «Арыс жағасында», «Кешікпей келем деп ең», «Ақ бантик» деген сияқты... Сосын өзімнің де әндерім бар ғой. Қысқасы, ай сайын 100-150 сом «көлденең табыс» тауып тұратынбыз.

Әрібек біз оралған соң бөлмесіне шақырып: «Қанша алдыңдар?» деп сұрайды. Біз қаламақымыздың көлемін айтсақ:

– Сендерге рахат қой, үш-төрт шумақ өлеңді сүйкей саласыңдар да, ақшаны күреп ала бересіңдер. Ал мен болсам, мына том-том қолжазбаларды мұнда қарағаным аздай, үйіме әкетіп оқимын. Сондағы айлығым сендердің көлденең табыстарыңнан сәл ғана жоғары, – деп налиды.

Бірде мен күйіп кетіп:

– Бізді нақ бір Үкіметті тонап жүрген адамдай көресіз ғой. Қаламақымызды бетімізге қайта-қайта салық қып баса бергенше, өзіңіз де «Менің Қазақстаным» немесе «Арыс жағасында» сияқты үш-төрт шумақ өлеңді сүйкей салмайсыз ба? Сонда қаламақы алуға бірге барып тұрар едік, – дедім.

«Жалын» баспасына «Сенім патшалығы» атты өлеңдер, балладалар, поэмалар жинағымды өткізгенмін. Редакторлыққа Жүсіп Қыдыров деген ақынды бекіткен екен. Жасы менен шамалы үлкендеу болғандықтан, оның үстінде кезінде «Лениншіл жас» газетінде қатар жұмыс істегендіктен, «ағалап» сыйлайтын адамым еді. Жинағым туралы бірнеше парақ рецензия әзірлепті. Тек 7, 8, 11, 15 буынмен жазылған

өлеңдерімді ғана қалдырып, буын санын мойындамай, біресе асып, біресе кейін шегініп кететін өлеңдерімнің бәріне «Жарамайды» деп бұрыштама соғыпты. Кей өлең жолдарының тұсына өз жанынан қосып, қалай жазудың да үлгісін көрсетіп қойған. Бір жол жырымды біреуге өзгертіп көрмеген сорлы басым мына еркінсуді көргенде қаным басыма шапшыды. Жүкең сұрыптаған «жарамайтын» жырлардың арасында «Ғашықтық ғаламаты», «Нарынқұм зауалы», «Жігерлендіру» секілді сол кезгі жастар жатқа айтып жүрген туындылар да бар болатын... Сөйтіп, кітап бір жыл кейінге ысырылды.

– Жүке, – дедім мен де ашуға булығып. – Егер өз поэзиямды осы талап-тілегіңіздің ауқымында ғана құрар болсам, онда Сіздің деңгейіңіздегі ақындардың ғана қатарын толықтыруым мүмкін еді. Сондықтан бұл сыныңызды қабылдамай алмаймын...

– Сен не деп тұрсың? Бұл менің ғана емес, баспа директорының да пікірі. Директорлығын былай қойғанда, ол кісі белгілі ақын емес пе? – деп Жүсіп аға ашуланды.

Мен де айтқанымнан қайтпадым. Қатты қызып кетіп, екеуінің ақындық намысына тиер сөздердің бірінен соң бірін тізбектеп жібердім.

Көп ұзамай өзім қызмет ететін комитеттің төрағасы Шериаздан Елеукенов шақырды. Бардым. Шай ішіп отыр екен. Маған да шай алдырды. «Мынаны оқышы», - деп алдыма үш парақ қағазды ысырып қойды. Жүсіп ағамның менің үстімнен жазған арызы екен. Арызында екеуміздің арамызда болған әңгімені, өзінің де, баспа

директорының да ар-намысына тиер сөз айтқанымды тәптіштеп келтіріпті.

– Тіпті мен бұдан да ауыр сөз айтып едім, Жүсіп ағаға рахмет, жұмсартып жазыпты, – дедім мен комитет төрағасына. – Хатта көрсетілгеннің бәрі айна қатесіз шындық. Солай деп намыстарына тигенім рас... Және сол пікірімді өзгертпеймін. Егер оларды жақтайтын болсаңыз, сізге де өкпем жоқ. Осы кабинетіңізде отырып, жұмыстан кетуге арыз жазып беремін...

Шәкең хатшы қызы арқылы Жұмекен Нәжімеденовты шақырды. Жүсіп Қыдыровтың хатын оған да оқытты.

– Осы үш ақынның тайталасына төртінші әрі мойындалмаған классик ақын ретінде қандай төрелік айтасың? Кітаптың тағдырын шешер кесімді сөзді саған беріп отырмын, – деді оған Шериаздан Рүстемұлы.

– Жүсіпті де, баспа директорын да мен адам, азамат ретінде сыйлаймын. Екеуімен де жақсы қатынастамын, – деді Жұмекең едәуір толғанысқа түсіп. – Әрине, Мұхтар қызбалау... Көп жағдайда бетің бар, жүзің бар демей тікесінен қойып қалады. Әйтпесе ана екеуінің орташа ақын екенін сыншы ретінде сіз де біліп отырсыз... Онысын бетіне баспай-ақ, мәселені түзеуге, оң бағытқа бұруға әбден болушы еді. Олардың басты кінәсі – поэзиядағы жаңаша ізденісті бағалай алмағандығы. Шіке, мені мұнда қызметке шақырған да өзге емес, сіз өзіңіз едіңіз. Қолымды жүрегіме қойып тұрып айтайын, егер Мұхтардың ана екі ақын кедергі жасап, шығарғысы келмей отырған кітабындағы «Ғашықтық ғаламаты»,

«12-3=?», «Отырар қаһармандығы», «Нарынқұм зауалы» сияқты тағы үш-төрт жаңа дүние жазған болсам, о дүниеге қиналмай-ақ кете берер едім...

Бәлкім, Жұмекең менің кітабым жарыққа кедергісіз шықсын деген ниетпен асыра мақтап жіберген болар. Әйтсе де, екі оттың ортасында қалған аға ақынның іні қаламдасына деген қамқорлығы көзіме жас үйірді. Елеукенов орнынан тұрып, бөлмеде ерсілі-қарсылы жүрді де, үстеліне барып отырды. Хатшы қызына тапсырма беріп, баспа директорын қостырды да, былай деді:

– Біріншіден, ақынның үстінен ақынның арыз жазуы жақсы мінез емес – рухани құлдырау, 37-ші жылды еске салады; екіншіден, Шахановтың «Сенім патшалығы» атты жинағының бір өлеңіне тимей, тіпті үтірін де өзгертпей сол күйінде жариялатасың; үшіншіден, кітаптың редакторлығынан Қыдыровты алып тастап, орнына басқа редактор тағайындайсың; төртіншіден, кітапты 25 мың данамен шығарасың! Бітті!

Сонымен кітап редакторлығына қыздар қауымын жарып шығып келе жатқан жас ақын Күләш Ахметова бекітілді. Екі-үш айдан соң жинақ оқырмандар қолына тиді. Белгілі режиссер Райымбек Сейтіметов кітаптағы «Сенім патшалығы» атты драманы қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасына қойды. Жинаққа өз басым бұрын-соңды алып көрмеген мол қаламақы берді. Оның бір бөлігіне «жигули» автокөлігін сатып алдым. Тағдырыма елеулі өзгеріс енді. Өз қолым өз аузыма жетіп, баспа комитетіндегі қызметтен өз еркіммен шығармашылық жұмысқа шығып кеттім.

Осындай қадамға бет бұруыма тікелей себепкер екі адамға – Жұмекен Нәжімеденовке және сол кезеңде мойындалмаған классик ақынның талғамына риясыз сенген комитет төрағасы, қазақтың белгілі сыншысы Шериаздан Елеукеновке қарыздар едім. Әрі сол кітапқа енген бірнеше өлең, балладаларым орыс және шет мемлекеттердің тілдеріне аударылып, жаңа абырой биігіне көтерілдім. Ол кезде КОКП Орталық комитеті Саяси Бюро мүшелері 70-80-нен асқан сақырлаған шалдар болатын. «Соларды ажуалап отыр» деп «Огонек» журналының бас редакторы Сафроновтың, поэманы орыс тіліне аударған Евтушенкоға ерегісіп, жасырын арыз түсіруіне орай «12-3=?» атты поэмам КСРО-ның бас идеологы Сусловтың жазасына іліге жаздады. Мені ол тұзақтан құтқарған КОКП Орталық комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі Воронов екені кейін мәлім болды... Жалпы, бұл кітап соқтықпалы, соқпақты ақындық өнер жолындағы менің жаңа бағытым, жаңа бетбұрысым еді.

Ол кезде баспаларда қалыптасқан дәстүр бойынша кітап авторы сол кітаптың шығуына қолғабыс тигізген редакторды, бөлім бастығын, тағы да сол мекемедегі өзге тілектестерді міндетті түрде мейрамханаға алып баратын. Мен де солай еттім. Жүсіп Қыдыров ағам «Жалын» баспасы поэзия бөлімінің меңгерушісі Еслам Зікібаев арқылы өткендегі ісіне кешірім сұрап, сәлем айтқан екен, оны да арамызға қосып алдық. Бұрынғы өкпенің ізі де қалмағандай. Бұл да Жұмекен ағаның ісі, үгіті екенін бірден ішім сезді. Жүсіп аға арамызда ештеңе болмағандай арсаңдап келіп, бетімнен сүйіп, кешірім

өтінді. Содан бұрынғы қалпымызға түсіп, маркұммен қашан басы жерге тигенше сыйласып жүрдік.

Міне, «Жақсыдан – шарапат» деген осы болар.

Димекең Жұмекенге байланысты әңгімеме ерекше ден қойып тыңдады. Әсіресе Әрібектің сырт киімдерімізді тексеретін және Жұмекен екеуміздің қаламақы алатынымызды қызғанатын жеріне келгенде көзінен жас аққанша күлді...

Бір кезде анам мені ымдап көрші бөлмеге шақырды да:

– Елқанаттың тұсауын Димекеңе кестіріп алмаймыз ба? – деді.

– Өткенде моңғолдың тұңғыш ғарышкері Гуррагча мен атақты орыс ақыны Андрей Вознесенскийге кестіріп едік қой. Ұмытып қалғансыз ба? Олардың әрқайсысы бір-бір елдің бетке тұтар тұлғалары емес пе?

– Егер Елқанатқа ұлттық мүдде жұғысты болсын десек, оның тұсауын Димекеңе де кестіргеннен ұтпасақ ұтылмаймыз ғой. Мүмкін, бәрінің ниет-тілек қоспасынан перзентіміз дара тұлға болып өсер. Қарсы болмай-ақ қойшы. Роза екеуміз бәрін әзірлеп қойдық, – деді анам қиылып.

– Жарайды.

Сөйтіп, Димекеңе Елқанаттың тұсауын қайта кестірдік.

Сол немеремнің бойы қазір екі метрге таяп қалды. Өз ана тілінде оқып тәлім алды. Бой жағынан Димекеңді қуып жетті. Болашақта ой жағынан да кенже қалмас деген үмітім бар.

* * *

1987-жылдың басында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің және оның қолшоқпарларының басты мақсаты Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушысы және дем берушісі деген айдармен Д.А.Қонаевты қылмыскер орындығына отырғызу екені бұдан бұрынғы әңгімеміздің бірінде айтылды.

Қазақстан Компартиясының VIII пленумында жасаған баяндамасында Г.В.Колбин былай деді:

«...Интересен вопрос межнациональных отношений. На VIII пленуме мы дали оценку этим явлениям такую: националистические проявления, мол де, имели место, но они имели место среди очень узкого круга людей – экстремистов, которые спровоцировали молодежь, не имеющую пока стойкого «иммунитета». Эти люди найдены, к ним применены меры, но меры за их нарушения в уголовном порядке или партийном, с точки зрения злоупотреблений. А вот с точки зрения, кто организатор этих явлений, мы говорим, что разберемся за три-четыре месяца и скажем на очередном пленуме...»

«Казахстанская правда», 24 марта 1987 г.»

Бұл кезде Қонаевтың бірінші көмекшісі Дүйсетай Бекежановтың Шымкент облыстық партия

комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаровтың, Қазақ мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры Өмірбек Жолдасбековтың, Алматы облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Кеңес Аухадиевтің, бұлардан да өзге бірнеше адамның үстінен іс қозғау жан-жақты ойластырылып жатқанды. Колбиннің «үш-төрт айдың ішінде айтамыз» деп сеніммен мәлімдеуінде үлкен мән бар. Осындай мақсатпен А.Статениннің жүргізушісі тұтқындалған. Д.Қонаев пен К.Аухадиевтің де жүргізушілеріне компромат іздестіріліп жатқан. Мәселенің байыбына бару үшін алдымен Д.Бекежановтың менің атыма, яғни КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі және «Алматы – Хельсинки – Париж» атты халықаралық демократиялық адам құқын қорғау комитетінің төрағасы ретінде жолдаған, кезінде маған Димекеңнің өзі «Жалын» журналына әкеліп табыс еткен, орыс тілінде жазылған 12 парақ хаттың негізгі түйінінен едәуір үзінді келтірелік:

«...Приговором Алма-Атинского городского суда от 29 января 1988 года, оставленным без изменения определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда КазССР от 28 марта 1988 года, я осужден по ст.ст.146, ч.2, 146, ч.3 и 17, 143 Уголовного кодекса КазССР к 8 годам лишения свободы в ИТК усиленного режима с конфискацией имущества и взысканием 14.220 руб.

Начало срока отбывания наказания исчислено с 17 марта 1987 года...

По приговору суда с внесенными в него изменениями я признан виновным в том, что, работая с 1965 по 1986 год помощником бывшего Первого секретаря ЦК Компартии Казахстана, являясь членом ЦК Компартии Казахстана и депутатом Верховного Совета Казахской ССР, т.е. должностным лицом, занимающим ответственное положение, неоднократно получал взятки...

...На всем протяжении предварительного следствия и в суде я категорически отрицал получение взятки от Аскарова. Показания Аскарова в этой части явно абсурдны, находятся в вопиющем противоречии с материалами дела. Я дал обоснованные мотивированные объяснения, почему Аскаров оговорил меня. Однако, суд не дал должной юридической оценки моим и его показаниям и, вопреки закону, истолковал возникшие по делу сомнения не в мою пользу.

По делу не установлено за совершение каких конкретных действий Аскаров дал мне взятку. А это является необходимым элементом состава взяточничества.

Закон определяет взятку как получение должностным лицом в каком бы то ни было виде незаконного вознаграждения за выполнение или невыполнение в интересах взяткодателя какого-либо действия, которое должностное лицо должно было или могло

совершить с использованием своего служебного положения (ст.146 УК).

Показания Аскарова о побудительных причинах дачи мне взятки наивны, неубедительны и противоречивы. Он стал утверждать это, находясь длительное время под стражей, и только после того, как узнал о моем аресте.

В первоначальном своем заявлении Генеральному прокурору от 12 июля 1987 года Аскаров пишет буквально следующее: «Я глубоко раскаиваюсь, объясняю, что не для обогащения делал я преступления. Надо было удовлетворять потребности вышестоящих. Вышестоящие требовали, а я должен был удовлетворять, поэтому я брал взятки и передавал, в частности Бекежанову 5000 рублей и часы «Ориент» (Япония). Из этого заявления Аскарова следует, что взятку Бекежанову дал по требованию вышестоящих, кого конкретно – не указывает.

На допросе 21 июля 1987 г. у следователя Калиниченко Аскаров изменил свои показания и пояснил: «23 февраля 1982 г. был издан указ о моем награждении (присвоено звание Героя социалистического труда)... Бекежанов поздравил меня, а затем в разговорах по телефону и при встрече в ЦК все время говорил: «Когда же, Асанбай Аскарович, обмоете свое звание?» На устройство

большого банкета я не решился, а тех лиц, в поддержке которых был заинтересован, решил отблагодарить деньгами... В мае-июне того же 1982 г. я приехал в Алма-Ату на очередной Пленум и, как первый секретарь обкома, пошел к Кунаеву, перед этим зашел в кабинет Бекежанова. Он был один. Я поздоровался и сказал, вот мол хочу решить вопрос об «обмывке»... я протянул ему часы «Ориент»... Тут же я ему протянул сверток из белой бумаги, в котором мной предварительно были упакованы пять тысяч рублей». (т.5л. д. 38-39).

На допросе 24 августа 1987 года Аскаров вновь изменил показания, заявив, что взятку мне передал, чтобы я ничего не наговорил лишнего Кунаеву против него, больше ему от меня ничего не надо (т.5, л.д.43).

На очной ставке со мной Аскаров опять изменяет свои показания и утверждает «...я решил не обострять отношения с Бекежановым, а иметь его в качестве союзника в моих взаимоотношениях с Кунаевым» (т.5, лд.19).

Допрошенный следователем в очередной раз Аскаров выдвигает опять новый мотив своих действий «...я решил его задобрить. Даже не задобрить, буду называть вещи своими именами, решил его купить, чтобы он, получив от меня взятку, молчал и не лаял на меня из-под воротни, не чернил меня перед

своим шефом. Мне не хотелось, чтобы он наговаривал на меня Кунаеву (т.5, лд.82-оборот).

Такие противоречивые показания Аскарова не могли быть положены в основу приговора.

Не устранив этих противоречий, суд в приговоре указал, что Аскаров дал мне взятку «за нераспространение о нем сведений порочащего характера Кунаеву и другим лицам, принижающих его авторитет. «Это утверждение надуманно и неконкретно. Судебная практика не знает случаев дачи взятки «за непринижение авторитета». Я не располагал никакими сведениями, порочащими Аскарова, нераспространение которых побудило его дать мне взятку. Сам Аскаров таких сведений не называет.

Чтобы как-то придать правдоподобность своим показаниям, Аскаров на следствии утверждает, что связывает со мной свой перевод из столичной Алма-Атинской области в Чимкентскую. Однако, в ходе судебного разбирательства это утверждение не подтвердилось. Свидетель Кунаев показал: «Бекежанов никакой роли в переводе Аскарова не играл. Кадровыми делами занимался второй секретарь ЦК, Бекежанов не имел никакого отношения к решению кадровых вопросов. Я ему таких поручений не давал.

Бекежанов был помощником и не мог влиять на мое мнение по кадровым вопросам, тем более этим занимался Мирошхин». (т.6, лд.303-оборот).

Аналогичные показания дал свидетель Бородин (т.6,лд.275).

Сам Аскаров вынужден был признать в судебном заседании, что я не имел влияния на его перевод (т.6, лд. 276-оборот).

Однако суд в нарушениях требований ст.281 УПК КазССР о пределах судебного разбирательства указал в приговоре «...суд учитывает... факты вмешательства (моего) в разрешение кадровых вопросов в республике, вопросы обеспечения гр-н жильем, в деятельность правоохранительных органов». Такого обвинения органами предварительного следствия мне не предъявлялось, поэтому суд грубо нарушив закон, допустил ухудшение моего положения по сравнению с предъявленным обвинением (т.5, лд. 204-207).

Суд обязан был дать оценку и тем показаниям свидетеля Кунаева, где он говорит о характере своих взаимоотношений с Аскаровым. «С Аскаровым у нас были чисто официальные отношения. Плохими не были. Аскаров мог приходить ко мне на прием, минуя Бекежанова. Он прекрасно знал, что весь «грязный материал» поступал ко мне из

общего отдела, минуя Бекежанова. На секретарей обкомов мне Бекежанов не жаловался» (т.6, лд. 305).

На предварительном следствии и в суде я показывал, что Аскарову не было необходимости давать мне взятку, чтобы через меня добиться расположения Кунаева, так как взаимоотношения его с Кунаевым всегда были хорошими. Это обстоятельство подтвердил Кунаев Д.А. на допросе в судебном заседании. В опале Аскаров не был. Напротив, к 1982 году он был первым секретарем обкома партии, членом ЦК КП Казахстана, членом ЦК КПСС, депутатом Верховного Совета СССР, Героем соцтруда (звание это получил в феврале 1982 года). Все эти высокие должностные и общественные титулы свидетельствуют о хороших взаимоотношениях между ним и Кунаевым, поэтому не было необходимости в марте 1982 года давать мне взятку за обеспечение хорошего отношения к нему Кунаева. Кроме того, Аскаров является родственником Кунаева: его дочь замужем за племянником Кунаева, поэтому не было необходимости улаживать их взаимоотношения через меня...»

Жуырда мен ағылшын тарихшысы әрі антропологі Джордж Скоттың «Азаптау тарихы» («История пыток») деген кітабын оқып шықтым. Оқып шықтым дегенім

артықтау... Мұндай кітапты бастан-аяқ ерінбей оқып шығу үшін үлкен төзім, тіпті безбүйректік керек болар. Сондықтан кейбір тұстарын теріп оқуға ғана шамам жетті. Адамды қорлау мен азаптаудың және сол арқылы оны өз дегеніне мойындатудың алуан түрі алдыңыздан анталайды...

Бір кезде МҚК мұрағатынан алынған материалдарды қарап отырып, біздің сол тұстағы үлкен тұлғаларымыздың бір-бірін көрінеу көзге сатқанына қайран қалғаным бар... Өз заманында тірі жапонды кезіктірмесе де, «жапонның шпионымын» деген мойындауға қол қойған Сәкен Сейфуллинді де түсінбегенім рас. Кейіннен олардың саусақтарының арасына ине сұққылағанын, бірнеше күн қатарынан ұйқы бермей тұрғызып азаптағанын, аяқ-қолын, денесін түгел шырмап, бас сүйегінің үстінен су тамшылатып қойғанын, одан өзге де қорлаудың, зорлаудың жан шошытарлық түрлерін қолданғанын оқығанымда өкпем жазылып сала берді.

Өткен жылы МҚК-да ұзақ жылдар бойына жұмыс істеп, зейнетке шыққан бір адаммен ашық түрде пікірлесудің сәті түсті. Әңгіме осы тақырыпқа ойысқанда ол былай деді: «Қазіргі таңда бұл саланың адамдары сан ғасырлық азаптау, зорлау, қорлау тәжірибесіне қоса бүгінгі ғылым ашқан озық жаңалықтарды меңгерді. Кез келген «айтқанынан қайтпайтын» қайсар тұлғаңызды алып келіңіз, оған жасамаған қылмысын «жасадым», өлтірмеген адамын «өлтірдім» деп қол қойдыру, тіпті сол туралы мойындау хат жаздырып алу түкке тұрмайды».

Сұмдық емес пе?

Фатима АСҚАРОВА, *(А.Асқаровтың жұбайы):* **«1987-жылдың 21-сәуірі болатын. Сейіл құрып келген соң бірер сағат ұйықтап алатын. Зейнетте жүрген кісінің бір шаруасы осы ғой өзі. Демалып жатқан. Бір уақытта есік қағылды. Сыпайы қағыс емес, қақтығыс іздеген қағыстай көрінді. Есікті аштым. Алпамсадай-алпамсадай үш-төрт жігіт тұр екен. Амандық жоқ, саулық жоқ. Ұмытпасам, ішіндегі Сүлейменов деген: «Шал қайда, шал?» – деп өктемдеу тіл қатты. Тынығып жатқанын айтып едім, өңменден, ай-шай жоқ, Асекеңнің бөлмесіне кіріп барды. Бара төсектен жұлқылай оятты. Содан киінер-киінбестен дедектетіп алды да кетті. Асекеңнің бар айтқаны: - Сабыр қыл! – болды.**

Сол кеткеннен мол кетті. Алдында ғана үй басқармасында өткен партия жиналысында Асекеңді партиядан шығарған болатын. Қатты түңіліп келіп: «Абай не деген дана еді. Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, ал бұлт шалса, іздеп таба алмайсың, – деп бекер айтпаған екен. Біреуі орнынан тұрып, бір ауыз сөз айта алмаған соң адам дегенге не дауа?» – деп күйіне сөйлеген-ді.

Менің қаным басыма шауып, төсек тартып жатып қалдым. Ертеңіне төрт-бес адам үйге тінту жүргізіп, бар мүлікті тізімдей бастады. Со күні орталық аурухана, емхана есебінен шығарып тастады. Барар жердің есігі түгел

жабылды. Ес жиған соң Асекеңе іздеу салдым. Сөйтсек, Дзержинский (қазіргі Наурызбай) көшесінде абақты бар екен, сонда апарып жауыпты деп естідік, келесі күні Мәскеу алып кетті деген хабар жетті. Не керек, бір жарым жыл аралатып барып, аман-есендігін білдік. Менің күйім күрт төмендеді. Сіңіріме іліккен халге жеттім. Сүйретіліп жүріп Мәскеуге бардым. Бір күн, бір түн түрме алдында сарғая тосып, әупіріммен Асекеңмен жүздесуге бір сағат мәулет алдым. Ес тандыратын укол салған, артық-ауыс сөзге келмейді... Ал Калиниченко деген тергеуші мен алып барған апорт алмасын күрт-күрт шайнап, қасынан бір елі шықпай, әзірейілдей төнді де отырды...»

Асанбай АСҚАРОВ: Мәскеу түрмесінде тістей қасарысып, тағылған кінәнәі бірдебірін мойныма алмай отырған менің жаныма тергеушілер Рязанов деген баскесерді қосты. Ал, оның мені қалай қинап, қорлағанын дұшпаныма да тілемеймін. *(Бішкек қаласындағы сот процесінде сөйлеген сөзінен.)*

А.Асқаровтың Д.Бекежановқа пара бердім деп көрсетуінде заң алпауыттарының құпия зорлығы жасырынып жатыр. Әйтпесе, пара бердім деп мойындаған адамның да заң бойынша жауапқа тартылатынын Асқаров білмеді ме?

Енді өмірден ерте кеткен шыншыл қалам иесі,

белгілі журналист Нуредин Муфтақовтың 1991-жылдың 19-ақпан күні «Алматы ақшамында» Асқаровтың ісіне орай Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен сот жайлы жазған «Шақырылмаған куә» атты мақаласындағы мына жолдарға үңілелік:

«– Қамауға алынғаннан кейін бірнеше күн бойы үзіліссіз жауап алудан, дәріден қажыған мен не күйге түскенімді, не айтып, не қойғанымды білмеймін, – деді сотта берген бір жауабында А.Асқаров».

Осы мақаладағы Т.Ахметовтың пікірін сарапталық:

«Мені 1987-жылғы 25-наурызда Мызников, Шведюк, Воронов келіп тұтқындады, – дейді ол. – Алғашқы жауаптауды Мызников жүргізді, ол: «Бірден желтоқсан оқиғасының ұйымдастырушысы екеніңді мойында», – деп қыса бастады. Шведюк: «Сен Алматыға барып, Қонаевтың қабылдауында болдың, ол саған қандай тапсырма берді, соны айтсаң жазаң жеңілдейді», – деп үгіттеумен болды... Сол күндердің бірінде: «Сені Қонаевқа кіргізген Бекежанов көрінеді, ол саған қандай тапсырма берді?» деп Мызников отырып алды, соның үйретуімен мен: «Бекежанов Сарыағашқа келді, мені шақырып алып, жуырда үлкен оқиға болатынын айтты, «соған 200 мың сом бере аласың ба?» – деп

сұрады», – деп көрсеттім. Мұның алдында Клещев пен Жетпісов: «Қонаев пен Асқаров жөнінде айтпасаң, әйеліңді қамаймыз, балаларыңды оқудан шығартамыз, енеңді үйінен айырамыз, ал өзің түрмеде шірисің», – деп қорқытқан болатын. Содан кейін бала-шағамның тағдырынан қорқып, айтқандарын істедім».

Дүйсетай Бекежановқа пара бердім дегендердің бірі Қазақ КСР автомобиль транспорты министрінің орынбасары Махмур Маханов «Бірлесу» газетінде (9-тамыз, 1991-ж.) Нина Савицкаяға берген сұхбатында былай дейді:

«Что я должен сделать?» – спросил я. «Напиши о взятках, которые давал Бекежанову, и мы о тебе позаботимся», – отвечали следователи.

Я не знал, что писать, поскольку ничего не давал Бекежанову. Что первое пришло на ум, то и написал: якобы дал ему весной 1984 года шапку, часы и 500 рублей денег. Это мое заявление на имя прокурора республики Елемисова взял Дружинин. Но оно не понравилось следователям. Они сочли, что я занизил сумму взяток. Дружинин твердил: «Мало, мало».

Меня снова поместили в КПЗ УВД Алма-Аты, а затем в следственный изолятор КГБ. Обработкой занимался Смирнов (тюремная

кличка «Железняк»), убийца, рецидивист, ранее 9 раз судимый (сам с гордостью говорил об этом). Он не давал мне спать, избивал, уговаривал делать то, что говорят следователи, «иначе они сделают так, что ты жизнь покончишь самоубийством или убьют в камере». Передачи, отоварки, свидания запретили. Я оказался оторванным от мира. В камере вонь, табачный дым, круглые сутки яркий свет.

Это был настоящий ад...»

Әрине, мен А.Асқаровтың Д.Бекежановқа пара бердім деп сотқа арыз жазғанын ақтағалы тұрған жоқпын. Әркім өз әрекетіне өзі жауапты. Мен тек сол арызды жазуға мәжбүрлеген заң орындарындағы жасырын күштер жайлы ой қозғауға тырыстым.

Әйтсе де, Асқаров дәуіріндегі парақорлық пен қазіргі парақорлықты салыстырар болсаңыз, күлкіге батасыз. Бүгінгі таңда ең жоғарғы басшыдан ең төменгі шенеуніктерге дейінгі аралықта пара алмайтын адамды табуыңыз мүмкін бе? Сонда біз қайдан шықтық, қайда келдік? Өткенді сараптай отыра, бүгінгімізге сын көзімен қарамасақ, құнымыз көк тиынға айналмай ма?

* * *

Амалбек Тшан Жамбыл облысына әкім боп тұрған шақта бірнеше есте қаларлық рухани шара өткізді. Соның бірі – Шәмші Қалдаяқовтың ән фестивалі. Қазір

елімізде бұл жыл сайын қанат қағатын дәстүрлі мерекеге айналды. Сол фестивальдің ашылу сәтінен мынадай күлкілі оқиға есімде қалыпты. Алдымен Амалбек облыс әкімі ретінде кіріспе сөз сөйледі. Келесі сөз маған ұсынылды. Жол үстінде, мәшинеде келе жатып жазған «Қалдаяқов өзені» атты өлеңімді оқи бастадым. Онда мынадай жолдар бар еді:

«...Мына шақта, ізгіліктің тауы тозған кезеңде,
Қырандардан қораздар мен тауық озған кезеңде,
Хас тұлпарды топ жабағы
Қалың шаңға жауып озған кезеңде,
Айналдың сен енді ешкім бөгей алмас өзенге».

Жалпы, мен бұрыннан қалыптасқан әдетім бойынша, өлеңді қолымды сермемей оқи алмаймын. Ал **«Қырандардан қораздар мен тауық озған кезеңде»** деген сөз тіркесін жігерлене оқыған кезімдегі қол сермесім тікелей үлкен залдың бірінші қатарында отырған адамға қарай бағытталыпты. Сол сәтте оның Алтынбек Қоразбаев екенін байқадым. «Ойбай, дарынсыз қораз бен Қоразбаевты сәйкестендіріп, жайсаң мінезді іниме обал жасадым-ау» деген ой басыма сап ете қалды. Лезде Алтынбектің беті басымен қоса қып-қызыл боп кеткенін аңғардым. Өзі тамаша әншілігімен, сазгерлігімен қоса керемет сезімтал да жан ғой. Қап!..

Иә, өмірде еріктен тыс ойланбай жасалатын ағаттықтар аз кездеспейді...

Өлең оқығанда қолымды ретті-ретсіз сермей беруімнің бұрын да бір рет зардабын шеккенім бар еді.

Қазақстан Кеңестер Одағының құрамында тұрғанда Ресейдің Псков облысында үлкен деңгейде Пушкин мерекесі өткен-ді. Оған қатысуға КСРО Жазушылар Одағының ұсынысымен Қазақстан және Орта Азия республикаларының атынан маған жолдама беріліпті.

Көктем кезі. Төралқада қонақтар, төменде 25 мыңға жуық халық табиғат аясында, ұлан-ғайыр ашық алаңға, көк майса шөп үстіне жайғасқан.

«Сөз құдіреті» деген өлеңімді орыс тілінде ескі әдетімше қолымды сермеп оқып жатырмын.

«Надо остерегаться тех людей,
У которых нет чувства слова.
Они опасны, когда становятся руководителями,
Еще опасней, если долго продержатся».

Өлеңнің осы жерін оқығанымда қолымды төралқада отырған Псков облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы боп 15 жылға жуық қызмет атқарып келе жатқан адамды нұсқаппын. Ол кісінің бұл биік лауазымды орыннан кететіні жайлы өсек жыл сайын гулегенімен, Саяси Бюродағы бір қолдаушысы арқылы кейінге сырыла береді екен. Мен оны қайдан білейін...

Жиналған қауым өлеңнің әр шумағына қол соғып, ерекше құрмет көрсетті.

Төралқадағы орныма барып отыра бергенім сол еді, еңгезердей біреу қасыма жетіп келіп сыртқа, әңгімелесуге шақырды. Ол облыстық партия комитетінің идеология хатшысы екен.

– Бүкіл Ресейде үлкен беделі бар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысын бұлай мазақ етуге Сізге кім құқық берді? – деді ол ызаға булығып.

– Не айтып тұрсыз? Бірінші хатшыңызды бұрын көрген де, естіген де емеспін. Мен Қазақстан азаматымын. Ал өлеңнің әлгіндей ыңғайсыздау мағынасы тұсында бастығыңызды нұсқап көрсеткенім кездейсоқ жағдай... Оған кешірім сұраймын, – дедім күмілжіп.

– Байқауымша, – деді ол ойланып. – Сізді бірінші басшының осындағы кейбір қарсыластары айдап салған сияқты... Сондықтан өлеңіңізді теледидардан алдыртып тастаймыз...

Ол айтқанын орындады. Келесі күні кешкілік Кеңестер Одағының бас телеарнасы арқылы Пушкинге арналған поэзия мерекесі 280 миллион халыққа көрсетілді. Онда тек мен оқыған өлең ғана болмай шықты...

Амалбек Тшанның екінші бір азаматтығы үш жарым жыл абақты азабын тартқан, өз ғұмырында жақсыны да, жаманды да аз көрмеген ел ағасы Асанбай Асқаровтың 75 жылдығын өзі басқарып отырған облыста ұлан-асыр той етіп өткізуі еді.

Ол кезде де мен Қазақстанның Қырғызстандағы Елшісімін. Тойға Амалбек телефон соғып шақырды. Артынша Асанбай ағаның өзі хабарласты. «Менің ісімнің Бішкекте дұрыс шешілуіне Асқар Ақаев арқылы әсер еткеніңізден хабардармын» деді ол. асығыс тойға жиналдым. Бұл жолы Асекең туралы ойларымды өлеңге мәшине үстінде келе жатып түсірдім:

«Өз кезінің үні болған,
Қонаевқа іні болған, қара шал.

Сенің көрген ғажабың да,
Сенің тартқан азабың да орасан.
Дүниеге өткен уақыт өлшемімен қарасаң,
Ізгілігің құнсызданып, асқақтапты аласаң...
Бұлтқа оранған тағдырыңа өкпелеме,
дара шал.

Қазір сенің сүйенішің, бар байлығың – өткенің,
Төрт пен беске бітірсең де адамдықтың
мектебін,
Неге-неге улы жеміс сыйлады екен еккенің?
Қара дауыл жұлқылады ерлігіңнің шекпенін...
Тұлпар емес, қашыр болып шықты
кейде жеккенің.
Ұлтсызданған қазағыңның сан бұралаң
жолында
Олар сені қиналмастан сата салды теп-тегін...

Нарық елдің ертеңі боп аталатын заманда,
Өз әкесін бабасымен сата алатын заманда,
Ақша күші бәрін таптап кете алатын заманда,
Қадірсізді қадірменді ете алатын заманда
Дәл өзіндей ағалардың жетпіс беске, сексенге
Жекеленіп, ерте келіп қалатыны жаман да...»

Алғашында, өзіме сөз берілген кезде, осы өлеңді оқып, бір-екі ауыз тілек айтармын деп шешкенмін.

Асекеңнің тойына Қазақстанның түкпір-түкпірінен қонақтар келген екен. 30 жылдай Жамбыл, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарын басқарған, қаншама

жыл КОКП Орталық комитетінің мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, елге, ұлтқа сәулесі көп түскен айдарлы азаматтың кезінде өзі қолдаған, өсірген кадрлары қаншама?! Тойға солардың едәуір бөлегі, негізінен, сорпаға шығарлары жиналса керек.

Той басталып кетті. Сөйлеген адамдардың көпшілігі Асекеңе теңеу таба алмай қиналды. Кейбіреулері сөзін 15-20 минутқа дейін созып жіберді.

– Мұха, – деп құлағыма сыбырлады қасымда отырған орта жасар жігіт. – жақында Фатима жеңгейдің әңгімесін тыңдап, денем түршікті. Асекең абақтыға жабылғанда Шона Смаханұлы мен Амантай қажы ғана үйіне жиі барып тұрыпты... Сол қиын шақта мына мадақкерлердің 95 пайызы бойын аулақ салған ғой. Асанбай Асқарұлына қазіргі көпшік тастау рәсімі бір кезгі сарай ақындарының Сталинді мақтауынан да асып түсіп жатқан сияқты...

Едәуір уақыттан соң сөз кезегі маған да келіп жетті. Мен алдымен той иесіне қырғыздың ақ шапаны мен ақ қалпағын кигіздім де:

– Қадірменді Асеке, Сіздің сотталып келгеніңіз өте дұрыс болды, – дедім. Жұрт демін ішіне тартып сілтідей тынған. Сотталып келгеннің несі дұрыс болушы еді? Кейбіреулері іштей «Мұхаңның мұнысы несі?» деп едірейе қарап қалған. Мен әңгімемді әрі қарай жалғадым. **– Егер сіз сотталмағаныңызда өзіңізді қоршаған адамдардың, тіпті бір кезде өзіңіз сенім артып, билік тұғырына қондырған шәкірттеріңіздің де кім екенін, олардың бетпердесінің ар жағында**

қандай адам жасырынып жатқанын аңғармауыңыз әбден мүмкін еді... Иә, қазір баяғы қазақ халқы жоқ. Заманының қыспағына, ағымына сай оның мінезі мен психологиясы да үлкен өзгеріске ұшыраған. Сөйтіп, ұлтсыздануда да, жағымпаздануда да алдына жан салмайтын, негізінен жеке мүддесінің ауқымында ғана қозғалатын, білімді, пайымды, парасатты және ерекше дарынды жаңа халық пайда болған. Сорымыз ба, бағымыз ба? Ойланыңыз. Басыңызды бұлт шалғанда, қасыңызда кім қалды? Сізді абақтыға қанша адам іздеп барды? Бесеу, алтау, парлап барғанда он болар. Одан көп емес екеніне бәс тігем. Дұрыс па? (Асекең үн-түнсіз басын изеді.) **Қазір жағдайыңыз түзеліп еді, олар қасыңызға қайта шоғырлана бастады. Бұл күнде сіз мүлде басқа адамсыз. Баяғы соқыр сенім сейілген. Кімнің кім екенін іштей біліп отырсыз. Бірақ айтпайсыз. Бұдан былайғы жерде ешкім сізді алдай алмақ емес. Соның өзі үлкен жеңісіңіз. «Сотталып келгеніңіз өте дұрыс болды» деген сөзімінің арғы жағында осындай мән жатыр. Енді шындығын өтірікке, жағымпаздыққа жеңдірмейтін саналы қарттық өміріңіз қайырлы болғай!**

Көп жыл бұрын нақ осындай тағдыр сынағын бастан кешірген Димекең бір әңгіме үстінде:

– Негізгі табиғи арнама қайта түстім, уақыт пен билік тұманы тұмшалаған көзім қайта ашылды, – деп еді.

Иә, ерте ме, кеш пе, қатал уақыт шындығы естіні де, есерді де өз орнына қояры хақ.

* * *

Төлебаев көшесімен төмен қарай үйге жаяу келе жатқанымда «Димекеңе кіре кетейін» деген ой басыма сап ете қалды. Есікті Димекеңнің өзі ашты. Мені көрісімен жүзі жадырап сала берді. Құшақтасып амандастық. Сосын екеуміз қарсы қарап отырып шай іштік.

«Мұха, бір түрлі жалғызсырап отыр едім, келгеніңіз мұндай жақсы болар ма?! Жуырда ғана өте қауіпті әрі қызықты оқиғалар легіне нүкте қойылды, – деді Димекең. – Әңгімемді басынан бастайын. КСРО Бас прокуратурасының аса маңызды қылмыстық істермен шұғылданатын тобы бар. Оны Калиниченко деген тісқаққан біреу басқарады. Міне, қанша уақыт өтті, ол менің қыр соңымнан қалар емес. Асқаровты да, сосын менің көп жыл көмекшім болған Бекежановты да қамауға алған мақсаты, әлгі екеуі арқылы мені тұзаққа түсіру болатын. Өзімді де үш рет жауапқа шақырды. Үшеуінде де мына Бейбітшілік көшесіндегі Прокуратура үйі бар ғой, сонда отырғызып тергеді. Қайбір жылы мен 75-ке келгенде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшелері маған жапон теледидарын сыйлаған екен. Ол кезде бұл мүлік жұртқа тым таңсық көрінетін. Қазір көбейді ғой. Калиниченконың мақсаты: «Бюро

мүшелері қымбат теледидарды Қонаевқа пара ретінде берді», – деп үстімнен қылмысты іс қозғамақ. Тіпті ол істің сол күннен бастап ашылғанын да ескертіп өтті. Теледидардың бағасы 2 мың сом болса да, оны Үкімет есебінен 22 мың сомға сатып алынды деп Сауда мен финанс министрлігінен арнайы жалған қағаз әзірлетіпті. Бюро мүшелерінің кейбіреулеріне қол да қойдырған сыңайлы. Бәрі келіп тұр. Калиниченко «Ә, қақпанға түстің бе, бәлем» дегендей маған масаттана қарап: «Димаш Ахметович, тағдырға не шара бар, ендігі қалған өміріңіздің біразын абақты төсегінде өткізуіңізге тура келеді», – деп келемеждеді. «Сол теледидар қайда? Біреулер үйіңізде жоқ дейді. Мүмкін бір туыстарыңызға берген шығарсыз. Алдымен осы мәселені анықталық. Сосын, кешке дейін уақыт бар, бүгінгі түніңізді жаңа қоныста өткізуіңіз әбден мүмкін», – деп жымиды. «Жарайды, теледидар тұрған жерге алып барайын, мәшине шақыртыңыз», – дедім оған. Екеуміз көлікке отырдық. Жүргізушіге: «Фурманов көшесімен қырға қарай тарт», – деп бұйырдым. Сөйтіп, көлікті Орталық комитеттің алдына тоқтаттым да, бұрын өзім, кейін Колбин отырған 6-қабаттағы кабинетке алып келдім. Колбин орнында жоқ екен. Хатшы қызға есікті аштырып, ішке ендік. «Енді мына қабырғадағы шкафты ашыңыз», – деп бұйырдым Калиниченкоға. Ашты.

Жалтыраған жапон теледидары бой көрсетті. Калиниченко не істерін білмей аңырып, ұзақ тұрып қалды. «Кешіріңіз, – теледидарды үйіңізге апармағаныңыз пара алды деген айыптаманы жоққа шығарады. Бұл жолы сізден оңбай жеңілдім», – деп Калиниченко басын төмен салды. Біраз уақыттан соң жаңағы мекемеге қайта шақырылдым. Тағы да сол Калиниченко. Бұл жолы шет елге шыққан сапарларымда маған ұсынылған сыйлықтар бірнеше парақ қағазға тізіліпті. Мұны МҚК, өзіңізге жақсы таныс Мирошниктің мекемесі анықтапты. Құны 107 мың сомға бағаланыпты. «Осы үйіңізде жинақталған, пара ретінде алынған сыйлықтардың өзі-ақ сіздің тағдырыңызды шеше алады», – деді Калиниченко қуланып. Тағы да оны мәшинеге отырғызып, Орталық мұражайға алып бардым. Ондағы «Қонаевқа сыйға тартылған заттар» бөлімін аштырдым. Алтын жалатылған қылыш та, күміс тостаған да, жапон мылтығы да, басқа да толып жатқан сый-сияпаттар сонда жинақталыпты. «Кешіріңіз, мен тағы да қателестім», – деп мұңайды Калиниченко. Жақында ғана әлгі Прокуратура үйіне қайта шақыру алдым. Калиниченко бұл жолы мені тұзаққа түсіретініне тым сенімді сияқты көрінді. Ол ойын ашық айтты да. «Димаш Ахметович, сіз 20 жылдан бері ай сайын Қазақ КСР Ғылым Академиясынан 750 сомнан ақша

алып келген екенсіз. Мұны жоққа шығаруға мүмкіндігіңіз бар ма?» – деді ол ескі әдетінше қуланып. «Жоқ, неге жоққа шығаруға тиіспін? Ғылым Академиясының академигі ретінде сондай ақша тиесілі деген соң алып тұрғаным рас». «Жоқ, – деп Калиниченко столды қойып қалды. – Заңгерлердің айтуынша, сіз КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, яғни еліміздегі ең жоғарғы және санаулы ғана лауазым иесінің бірі ретінде басқа еш жерден айлық алмауға тиіс екенсіз. Мұныңыз тікелей қылмысқа жатады. Жиырма жыл ішінде сіз иеленген ақша жарты миллион сомнан асып кеткен. Бұл сұмдық мол дүние ғой. Абақты төсегінің сізді күтіп жатқанына да көп болды... Дегенмен сол ақшаны қайда жұмсағаныңызды айта аласыз ба?» «Айтайын, айтып қана қоймай, көрсетейін, тағы да мәшине шақыруыңызды өтінемін». Бұл жолы мен Калиниченконы қаладағы №3 балалар бақшасына алып бардым. Бақша бухгалтері менің өтінішімді орындап, 20 жылдан бері келіп түсіп жатқан ақшаның түбіртектерін алға жайғанда, Калиниченко есеңгіреп қалды. Ақырында екі қолын бірдей көтеріп: «Кешіріңіз, оңбай жеңілдім. Қаншама лауазымды тұлғаларды тексеріп жүріп, сіздей таза адамды бірінші рет көруім. Бүгіннен бастап, Димаш Ахметович, өзіңізден қашық жүруге тырысамын, кешіріңіз!» – деді. Міне, Мұха,

көптен бері қыр соңыма түсіп алған пәлекеттің бірінен осылай құтылған сияқты болып отырмын. Алда тағы қандай қақпан мен тұзақ күтіп тұрғанын кім біледі... Бұл арада 50 жыл, 6 ай, 2 күн бірге ғұмыр кешкен қосағым Зуһра Шәріпқызының бір көрегендігін айта кетпеуге болмас. Мамандығы жағынан ол кісі есеп қызметкері еді ғой. Жылдар бойы үйге алынған заттар бар емес пе? Мәселен, ыдыс-аяқтардың түр-түрі, теледидар, тоңазытқыш... дегендей. Тіпті солардың қай дүкеннен, қай уақытта, қанша сомға сатып алынғанына дейін түбіртектерін жинай берген екен. Бірақ олай етіп жүргенін маған ешқашан айтқан емес. «Одан әлдеқайда мемлекеттік маңызды істері бар ғой, ұсақ мәселемен басын қатырып қайтемін» дегені шығар. Бірақ марқұмның сол ықтиятты мінезінің қазір пайдасын көріп отырмын. Әйтпесе Калиниченко сияқтылар әлгі бұйымдарды да біреулер маған пара ретінде берді деп құжат әзірлетіп қоюы әбден мүмкін еді ғой...»

Кезінде Қонаевтың осы әңгімесі маған қатты әсер етіп еді. Содан бері төбемізден қаншама жылдар ұшып өтті. Димекеңнің өмірден озғанына да көп уақыт болды. Заман өзгерді, заң да елеулі өзгеріске ұшырады...

Өткен ғасырда, сексенінші жылдардың аяғы, тоқсаныншы жылдардың басында, Дінмұхамед Қонаевқа жоқтан, бардан құрастырып, «мемлекет

мүлкін талан-таражға салды, пара алды», – деп оны абақтыға отырғызу үшін тағылмақшы болған айыптар қазіргі көзі ашық жұрттың күлкісін келтірері анық.

АҢДАТПА:

Ахат ӘМИНҰЛЫ, *Д.Қонаевтың 1974-93 жылдар аралығындағы жеке дәрігері:* ***Димекеңнің үйінде оның жүрек соғысы бірде өрекпіп, бірде күрт баяулауына байланысты қан қысымын өлшеп отырғанмын. Есік қоңырауы шылдырады. Барып ашсам, КСРО Бас прокуратурасының аса маңызды қылмысты істермен шұғылданатын прокуроры Калиниченко екен. Ол Димекеңе жақын орындыққа жайғасты да, онсыз да мазасыз кейіпте жатқан адамды сұрақтың астына алды.***

– Сіздің Швейцария банкінде ақшаңыз бар екені бізге мәлім болды, – деді ол көзін сығырайта қадап.

– Қып-қызыл өтірік! Байқауымша, сіз мені басқа біреумен шатастырып алған сияқтысыз, – Димекең оған ентіге, ызбарлана тіл қатты. – Былай келіселік. Егер Швейцария ма, әлде басқа мемлекет пе, әйтеуір, кез келген елдің банкісіне менің атымнан салынған ақша тапсаңыз, соның бәрі сіздікі болсын! Қажет десеңіз, сенімхат жазып берейін. Осыған келісеміз бе?

– Тағы жеңілдім, – деді Калиниченко.

– Кешіріңіз. Науқастың жүрегі қатты әлсіреп жатыр. Мүмкін, сұрағыңызды басқа кезде жалғастырарсыз, – дедім оған дәрігерлік құқымды пайдаланып.

– Жоқ, сұрағым осымен бітті, – деп Калиниченко шығып кетті.

Қонаевтың кемшілігі жоқ немесе аз деп ешкім айта алмаса керек. Ұзақ жыл ел басқарған адамда кемшілік те, қателік те, әрқилы деңгейдегі адасу мен шатасу да аз болмасы айқын. Әсіресе оның халқымызды ұлтсыздандыру тұрғысында жүргізілген одақтық жасырын саясаттың жетегінде кетіп, кей тұстарда оған қолшоқпарлық қызмет атқарғанын ата-тарих бүркеуге дәрменсіз. Менімен әңгімесінде ұлттық мүдде тұқыртылуға түскен сын сағаттарда ерлігінің жетпей қалғанын өзі де батыл мойындады. Қайтеміз, өткенге, өткенмен бірге кеткендерге салауат.

«Қонаевтың қай қасиетін алға шығаруға болады?» деген сұрақтың аясында көп ойландым. Әрине тазалығын, байлыққа құл болмауын. Бүгінгі кезең үшін бұл аса маңызды іс. Ұлы бабамыз Әбунасыр әл-Фараби мемлекет басшысының бойында болуға тиісті он екі мінез бен қасиетті іріктейді. Соның бірі – байлыққа рухын жыққызбау, байлыққа құл болмау. Сорымызға қарай, осы қасиет қазір еліміздегі бірде-бір үлкен деңгейдегі басшыда жоқ. Көпшілігі рухын жыққызбау былай тұрсын, байлық үшін арын да, намысын да баяғыда-ақ сатып жіберген. Бұл салада, шырқау билік

басында болғандар ішінде бір ғана адамды бөліп, даралап атай аламыз. Ол – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Өз қызықшылығы, өз атақ-абыройы, өз жеке басының мүддесі үшін туған халқының тілі мен тарихын, оның сан ғасырлық рухани құндылықтарын беті бұлк етпей айырбастап жіберуге әзір тұрған қазіргі байлар мен билік космополиттеріне және олардың ізімен келе жатқан болашақ байларға ой салу үшін де Алматының қақ ортасынан Қонаевқа ақ мәрмәрдан ескерткіш тұрғызуға болар еді. Әрі ол ескерткіш түйені түгімен, пойыз бен кемені жүгімен білдірмей жұтатын, парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың шырқау шыңына көтерілген біздің ғасыр алаяқтарына биліктегі тазалық символы, тазалық ескерткіші ретінде сұс көрсете, зорая қарап тұрар еді.

Мұхтар Шаханов

Қонаевпен сырласу

Суретшісі, көркемдеуші редакторы, беттеуші-дизайнері және техникалық редакторы
– Шакизада Сүлейменова